

Болат ӘБЕНОВ

# ТАСАРАЛЫМ – ТАҒДЫРЫМ



Үш Алматы  
2019 Қыян

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 5(Қаз)  
Ә 21

Ә 21 Әбенов Б  
Тасаралым - тағдырым - Алматы:  
“Үш Қиян”, 2019. - 224 б

ISBN 978-601-06-5528-7

## I БӨЛІМ

### ТУҒАН ЖЕРІМ – САҒЫНЫШЫМ

*О, туған жер, сағынамын, сағынамын сені мен,  
Ойыма алсам, езіледі, ет-жүрегім елжіреп.  
Санамдасың әрқашанда, көрем ылғи түсімде –  
Шақырғандай боласың сен,  
«қайда жүрсің, келші» – деп.  
Автор*

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 5 (Қаз)



ISBN 978-601-06-5528-7

© Әбенов Б., 2019

### ТУҒАН ЖЕРІМ – САҒЫНЫШЫМ

О, туған жер, сағынамын, алаңмын,  
Болғаныммен көптің бірі, балаңмын.  
Сендей жұмақ табылмайды мен үшін  
Жер бетінде, бойында бар ғаламның!

О, туған жер – алтын ұям, бесігім,  
Өзінде аштым жарық дүние есігін.  
Шалғыныңда жалаң аяқ жүгіріп,  
Бойым жазып, жатар ма едім көсіліп?!

О, туған жер – сағынышым, ақ ордам,  
Тұнығыңнан ішсем, шөлім қанар ма?!  
Жұмыс басты жүрмін, ешбір амал жоқ,  
Сылтау таппай кезектен тыс барарға.

Сенде туып, топырағыңнан нәр алған,  
Бұл өмірден өтті әкем, анам да.  
Олар жатқан туған жерге жете алмай,  
Сағыныштан жас келеді жанарға.

О, туған жер – құт мекені бабамның,  
Терер ме едім жұпар гүлін далаңның?!  
Сағыныштан туған жырын қабыл ал  
Алматыда алшақ жүрген балаңның!

### САҒЫНДЫМ, ТАСАРАЛЫМ

Сағындырды,  
Алтын бесік-мекенім – Тасаралым,  
Жүрек сыздап, көзіме жас аламын,  
Көре алмай, біраз болды, қасиетті,  
Туып-өскен, бой тартқан босағаны.

Сағындым,  
Тасаралым, тұрғының – бауырымды,  
Жазғы аптап, күздегі жауыныңды.  
Батыстан басталса егер жұма күні,  
Бір апта басылмайтын дауылыңды.

Сағындым,  
Табанымды қыздырған сары құмды,  
Сорпасы «бал татыған» балығыңды.  
Балалықпен қызығып, қанша қусам,  
Жеткізбеген бұлдырап, сағымыңды.

Сағындым,  
Көкорай қамыс-қоға, шалғыныңды,  
Тобығымнан аспайтын қайырыңды.  
Тізіліп керуендей кешке қайтқан,  
Балық артқан кеме мен қайығыңды.

Сағындым,  
Кіндік қаным тамған жер – ауылымды,  
Жастықта құрған ойын-сауығымды.  
Уайымсыз, көңілді күндерімді,  
Жабығуды білмеген, тарығуды,

Сағындым,  
Өзінде өткен балалық, балғын күнді,  
Сондықтан да, Тасарал, жаным мұңды.  
Есіне алып жүр ме екен бірге оқыған,  
Ауылдастың жасы үлкен жары – құрбым?

Сабылдым ...  
Шүкіршілік, сыйына жасағанның –  
Сенен алшақ жүргенде, Тасаралым,–  
Мәңгілікке жар таптым, құлай сүйіп,  
Келе жатқан өзіммен қоса ағарып.

Сағындым,  
Мекен еткен ғасырлар бабаларым,  
Көгілдір көл – Балқаштың жағалауын.  
Білмеймін, аунап-қунап қайту үшін,  
Қай күні жолым түсіп, бара аламын!

Сағындым!  
Алтын бесік-ауылым – Тасаралды,  
О, жаратқан, өтінем, тапшы амалын!



## СОҒЫСТАН ОРАЛМАҒАН АҒАЛАР<sup>1</sup>

*Әкем Құсайынның Ұлы Отан соғысынан  
оралмаған ағасы  
Сапар Әбеневтың рухына арнаймын*

Жүрегінде махаббат, жүзінде айбын,  
Қорғауға ел мен жерін әр кез дайын,  
Қалқан қып өр кеудесін, жауға аттанды  
Ағалар жалын шалған жастық шағын.

### **Қайырмасы:**

Ел басына күн туып,  
Жау жағадан алғанда.  
Қару алып, бел буып,  
Тер төккен қан майданда,  
«Отан үшін алға!» – лап,  
Оққа ұшқан оқыста,  
Мәңгі есте ағалар –  
Оралмаған соғыстан.

Жас жігіттер – ғашық қызға, өмірге,  
Қорықпаған ажал менен өлімнен.  
Ұлы Отан соғысында мерт болды,  
Бейбіт өмір тілеп туған еліне.

### **Қайырмасы:**

Жеңілмей жекпе-жекте,  
Көр құштырған жауына.  
Етіп оны жермен-жексен,  
Қасарысқан қажымай.  
Қапияда қаза болған,  
Жаралған ар-намыстан.

<sup>1</sup> ән мәтіні

Ел есінде өз ағалар –  
Оралмаған соғыстан.

Ел есінде ерлер жаумен шайқасқан  
Соңғы демі, қасық қаны қалғанша.  
Қаймықпаған, қалса да оқ таусылып,  
Ант пен сертін сақтап ұлы айқаста.

**Қайырмасы:**

Білмей қорку дегенді,  
Айбат, қайрат шақырған.  
Қарсы қару кезеніп,  
Жауға оқ боп атылған.  
Елдің шебін қорғаған,  
Дұшпан шығып батыстан.  
Өлген жоқ, тірі ағалар –  
Оралмаған соғыстан.



**ҮЛКЕНДЕРДІҢ АУЫЛДАҒЫ  
СИРЕМЕСІН ҚАТАРЫ**

*Бүгін әкемнің немере қарындасы – Рәтай-  
апатайымның дүниеден өткенін естідік...*

Қаладағы құрдастары жүргенменен жасарып,  
Үлкендердің ауылдағы сиреп жатыр қатары.  
Заманауи киінгеннен жасарса егер жандары,  
Не бір сәнді бұйымдарды берер едім апарып.

Еңгезердей, жүретұғын «батыр қайын» атанып,  
Жігіт бүгін шал болыпты, бойы аласа, ап-арық.  
Жүзі солғын, кезекте тұр, мойындайды қарттығын,  
Толықтырмақ сиреп қалған үлкендердің қатарын.

Қызмет етіп, алушы едік алғыс, кеңес, батаны  
Қариядан шапан киген, белге түскен сақалы.  
Шашымыз ақ, жас боп жүрміз, сақал түгіл мұрт та  
жоқ,

Бізден бұрын туғандардың сиреп қалды қатары.

Жалбарынып оянамын, түн ұйқыға жатамын,  
Тәңірге мен сиретпе деп үлкендердің қатарын.  
Жаратқаннан тілеп жүрем амандығын, саулығын,  
Ауылдағы туыстардың, аға-жеңге, апаның.

### ТУҒАН АУЫЛ ТАҢБАСЫ – АСАУ АТТЫҢ ТАҒАСЫ

Туған жерім – кішкене ауыл, Балқаш көлдің  
жағасы,  
Мен – жастайдан құмда аунаған, балықшының  
баласы,  
Алтай жазда қармақ салып, күнге күйіп,  
шомылған,  
Қыстың күні мұз үстінде сүйреп өскен шанасын.

Доп қуатын алаң еттік, біз малшының қорасын,  
Қайық мініп, араладық, көлдің қамыс-қоғасын.  
Шынықтырды бала-мені жеріме тән табиғат –  
Жазғы аптап пен қысқы суық, бет қарыған  
борасын.

Туған жерім – кішкене ауыл, Тасарал деп аталған,  
Балықшылық – қалған кәсіп, мұра болып атадан.  
Көрген соғыс тауқыметін, әкем марқұм қалайтын  
Баласының білім алып, қалмағанын қатардан.

“Астанада бауырларға қамқор бол!” – деп  
анашым,  
Мекен еттім Алматыдай елдің басты қаласын...  
Жастық шақты салады еске тәберігі ауылдың –  
Үйде ілулі, атам мінген асау аттың тағасы.

### АУЫЛДАҒЫ ҮЙ

Дүниеден өтіп кеткен кешегі  
Мекен-жайы әкем менен шешемнің.  
Ауылдағы үй – ұшқан ұям, қаланған  
Біріншісі болып біздің көшенің.

Бар тірлігім сенен бастау алады,  
Ауылдағы үй – ісімнің старт алаңы.  
Сенен бардым мен мектепке, басталды  
Бауырлардың алғаш басқан қадамы.

Күнде қонақ, кісі келім-кетімді,  
Тату-тәтті біздер өсіп, жетілдік.  
Ауылдығы үй, тірі онда ата-анам –  
Сенде тұрып, көрмеп едім жетімдік.

Әкем байғұс көріп соғыс зардабын,  
Жастайынан еңбектенген, қарманып.  
Ауылдағы үй, иемденді өзінді,  
Бастық еді білімі жоқ жоғары.

Ақтамаққа аманатын анамның,  
Білім іздеп, алу үшін мамандық,  
Ауылдағы үй, сенен кетіп есейдік,  
Оқу оқып астанада, біз қалалық атандық.

Қайтара алмай сенде өткен кезімді,  
Қалалық боп кеткеніме өкіндім.  
Ауылдағы үй, тұра берші мәңгілік  
Ата-анамның ескерткіші секілді.

Еске алып әкем менен шешемді,  
Енді саған жиі келіп, кетемін.  
Ауылдағы үй, ақ тілегім – болғайсың  
Ағам менен жеңгемнің құт мекені.

### ӘКЕМДІ ЕСКЕ АЛУ

Қайран әкем, қырық жаста бақилыққа аттанды,  
Еңіретіп жан жары мен, төрт қыз, бес ұл, қарттарды.  
Бар болғаны он жетіде еді жасым сол күнде,  
Балалығым бітпей жатып, жетімдігім басталды.

Бір қамшының сабынан кем, ғұмырында қас-  
қағым,  
Ауыр жұмыс, қиындықтан көрмепті әкем жасқанып.  
Жазғы аптап пен суық күзде белуардан су кешіп,  
Қыстың күні қар жамылып, астына мұз жастанып.

Енді ғана бітіргенде ол мектепті бастауыш,  
Ерте есейді – сорына оның Ұлы соғыс басталып.  
Шама жетіп, жігіт болып, тартысқанша сүзекі,  
Қолдан келер қармақ құрып, қайықпенен ау салып.

Аллаһ-ием жаратқан соң болмысынан епті ғып,  
Арал теңіз жағасында тәмамдады техникум.  
Тасаралдың балық өңдеу зауытына орнықты,  
Игеріп кеп мамандықты «рыбный мастер»  
дейтұғын.

Қайбір жылы ата-анам тіл табысып, қосылған,  
Өлгі зауыт ауылдағы жабылып қап тосыннан,  
Қабылдаушы қызметіне алыныпты әкеміз,  
Балықшылар балық әкеп, өткізетін қосынға.

Меңгеруші болды кейін әкеміз сол қосынға,  
Тәжірибе мектебі еді еңбектің ол бес ұлға.

Балық тұздап, мұз қатырып, шыныққанбыз  
еңбекпен,  
Мен ғана емес, көмектескен бірге өскен досым да.

Әкемнен соң сол қосынды асыл анам меңгерді,  
Белін буып, иығына ердің ісін өңгерді.  
Басымызға не күн туып, кім болар ек өмірде,  
Қайғы басып, отырса егер анам мұңлы-шерменді.

Қырық жыл бүгін толып отыр өмірден әкем өткелі,  
Қызығы мол, шыжығы мол, аумалы да, төкпелі.  
Ерте озып бұл фәниден, арманда кетті көре алмай,  
Бала мен шаға, немеренің «не затқа» қолы жеткенін.

Мекен етіп Алматыдай елдің әсем қаласын,  
Ұрпақтары игеріп жүр түрлі қызмет саласын.  
Әрқайсысы өмірге әкеп, білім беріп, жеткізді,  
Алды жетеу, қалғандары үш-төрт қыз бен баласын.

Ұл-қызының үлкендері кейінгіге қарасып,  
Бәрі үйлі, қосағымен тұрып жатыр жарасып.  
Бүгін, әке, еске аламыз, рухыңызға табынып,  
Ант етеміз, мәңгілікке жадымызда қаласыз!

Бүгін Сізді еске алып, үйде басын қосқаным –  
Бауырларым, құда-жекжат, бірге жүрген достарым.  
Тілектерін қабыл алып, жаратқан-ием бәрінің  
Баянды қып бақыттарын, ұзақ етсін жастарын!

17.06.2010

**АНАМДЫ ЕСКЕ АЛУ**

Осы күні, бір жыл бұрын,  
Өтті анам дүниеден.  
Өзі өсіріп қызын, ұлын,  
Қызықтарын көрмеген.

Осы бір жыл ауыр болды  
Бауыр, құда, туысқа.  
Гүлзатай мен айырылдық  
Сабыржандай арыстан.

Отыратын күнде тілеп  
Балалардың саулығын,  
Сағындым мен алақанын,  
Анамның ақ жаулығын.

Қызықтады немерені,  
Шөбере де үлгерді.  
Көрмеді, әттең, анам байғұс,  
Біздер алған үйлерді.

Өтті, міне, тағы бір жыл  
Анамызсыз біз кешкен.  
Бейнесі оның жүрегімде,  
Үні кетпес, еш естен.

**28.12.1997****ОН ЖЫЛ МЕН ШЫН ЖЕТІММІН**

*Аяулы анамыз Райхан Шәмшііңқызының дүниеден  
өткеніне де он жыл толып қалыпты... Уақыт неткен  
жылдам. Бүгін Алматыдағы барлық туған-туыс,  
құда-жекжат, бауырлардың басын қосып, анамызды  
еске алдық, ас бердік*

Он жыл толды өткеніне дүниеден жан анамның,  
Ешқашан да ұмытылмас сол бір күндер қаралы.  
Өлгенге ермес тірі адам, жалғастырар тірлігін,  
Жүрегімде таңба болып қалды көңіл қаяуы.

Он жыл болды өткеніне анам менің дүниеден,  
Еңбектеніп ертелі-кеш, ерінуді еш білмеген.  
Ұл-қыздары болды азамат, ел алдында беделді,  
Жүргендіктен жаңылмастан анам салған ізбенен.

Он жыл болды өткеніне дүниеден жан анамның,  
Көре алмаған үйленгенін немересі – баламның.  
Жақсы бәрі, қиын бірақ – үй жалдап жүр қыздары,  
Сондықтан да мазасызбын, анам үшін алаңмын.

Он жыл болды өткеніне анам менің дүниеден,  
Бұйырмаған бір түн түнеу жаңа алған үйге мен.  
Бауырлармен жиілетіп еске алуға мұрша жоқ,  
Ешбір мойын бұрғызбайды қу тіршілік күйбелең.

Он жыл болды анам менің дүниеден өткелі,  
Көре алмаған бүгін қолым не нәрсеге жеткенін.  
Бақыттымын, туды ұрпақ, сүйіп жүрмін немере  
Ғұмырымды жалғайтұғын, ертеңіме бек сенім!

**28.12.1997**



**ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕЙТОЙ –  
СЕКСЕНІҢІЗ!**

*(Мұқыш-ағатайдың 80 жасына  
сегіз шумақ жыр-шашу)*

Ағатай, құт болсын, сексеніңіз  
Аз да болса, сыйымды көп көріңіз.  
Жыр арнауым – көлгірсу, жағу емес,  
Сізді аса құрметтеуім деп сеніңіз.

Құтты болсын мерейтой – сексеніңіз,  
(Бәлки, Сіз көп жасауды көкседіңіз).  
Тойға келген туысты қуантады  
Аман-сау осы жасқа жеткеніңіз.

Аталмау мүмкін емес сексеніңіз,  
Ел-жұртқа – шапағат-нұр – сепкеніңіз.  
Жігіттік жігерменен сексен асқан,  
Тілім тасқа, не деген текті едіңіз!

Тойланып жатқаны да сексеніңіз,  
Арқасы адал еңбек еткеніңіз.  
Ұм(ы)тылмас Сіздің білім саласына  
Ұзақ жыл аянбай тер төккеніңіз.

Келгенше мерейтойлы сексеніңіз,  
Не нәрсе басыңыздан кешпедіңіз.  
Тағдырдың талайына мойынсынбай,  
Еңсеңізді тік ұстап, шөкпедіңіз.

Жасасын – Сіздің жеткен сексеніңіз,  
Туа берсін немене, шөпшегіңіз.  
Азамат болды бүгін немере мен  
Шөберелер – дән етіп еккеніңіз.

Себепкер тойлануға сексеніңіз –  
Жеңгеме көңілді енді көп бөліңіз.  
Жерден әркез табылсын Сіз екеу(і)ңіз  
Арман еткен, қол жетпес көктегіңіз.

Тағы да құтты болсын сексеніңіз,  
Дайынбыз ән де салып кеткелі біз.  
Өзіңіз ұзақ киіп, тозса дейміз,  
Сыйға алған бүгін шапан-шекпеніңіз.



## ЭКСПРОМТ

(әзіл)

*Өзімді оқытқан аға-жеңгем Мұқанбетқали (Мұқыш)-ағатай мен Қадыш-тәтей жиен-немерелері Аиданы ұзату және құдалардың келін түсіру тойына Алматыға келгенде, олардың шашбауын көтеріп жеткен туған-туысты алдымен біздің үйде, онан соң Қуандық-ағатайдың үйінде қонақ еттік. Балқаш қаласы МАИ-ң бұрынғы бастығы, жиен-ініміз Ғабит Мұсабеков отбасымен елге қайтуға асығып отырды...*

Ағымнан тағы да мен жарылайын,  
 Өрқашан тілегім мен әнім дайын.  
 Ардақ пен құттықтаймын ата-әжесін,  
 Бақ тағына қондырған Аиданы.

Шашбауларын көтеріп, бауырларым,  
 Тойға кепсіз, аман-сау болғын бәрің!  
 Ғабит пен қайтарайық Бәтиманы,  
 Жұмысы тоқтап қалды-ау МАИ-дағы!

Жездемiз Жеңiспенен қалжындаймын,  
 Сұрап мен бiлейiншi халiн, жайын.  
 Iшiлмей жатыр ма екен құйған коньяк,  
 Жұлмалап жан-жағынан балдыз-қайын?!

Дастарханда жеңгемiз жайған барын,  
 Еске алдық аруақтарды болған ғайып.  
 Үмiт-тәте, Ахмедияр, Қарлығаш пен  
 Бiзге соғып жүрiңiз келген сайын.

## ЖЕЗДЕМ БЕДЕЛХАН МЕДЕУЛОВТЫҢ 60 ЖАСЫНА

Емес мүлде, құр әшейін, дақпырт үшін, даңқ үшін,  
 Керісінше, еңбек еткен елі үшін, халқы үшін,  
 Жездем менің, ең беделді – Медеулов Беделхан  
 Тойлап жатыр, жұртты жиып, мерейтойын –  
 алпысын.

Отыз бес жыл, десек болар, өмірінің жартысын,  
 Бақыт тауып, Биғайша атты әпкеміздей жар  
 құшып,  
 Келе жатқан атпал жігіт – Беделхандай жездемiз  
 Тойлап жатыр Шерхан-аға атап кеткен «тал түсін».

Жақсылық қып, алса-дағы елдің бата-алғысын,  
 Бұл өмірдің, бір адамдай, көрген көкпар-  
 тартысын,  
 Мойындамай қиындығын, тақсыретін тағдырдың,  
 Ұрпақ қолдап, жездем менің, тойлап жатыр  
 алпысын.

Жездем менің тойлап жатқан «алпыс жасын – тал  
 түсін»,  
 Өлдеқалай келе қалсаң, Алматыдан жол түсіп,  
 Ақ көңілмен қарсы алады, ауласындай кіршіксіз,  
 Дауыл борап, жаңбыр жауып, жатсын, мейлі, қар  
 түсіп.

Жұмылдырып құда-жекжат, туыс-жақын, алысты,  
 Салтанатпен, жас жігермен атқарып сап алпысты,

Асыл жезде, көп жасаңыз, ортамызда жүріңіз,  
Ақ сақалды, күміс самай, шал болғанша сар(ы)  
тісті!

Құтты болсын – қолдар мені тойда отырған бар  
кісі –  
Некеңіздің – отыз бесі, жасыңыздың – алпысы!  
Айналаңыз ұл мен қыздар, келін, күйеу, немере,  
Шын бақыттан жүрек толқып, көңіліңіз  
шалқысын!



## НАҒАШЫМА

*Нағашым Абдолланың 60-жылдық  
мерейтойына жыр-шашу*

Өрқашан да жүретұғын әзіліміз жарасып,  
Алпыс жасқа келіп қапсыз, Абдолла-аға – нағашым.  
Ауызға алып, жақсы көріп, отыратын сағынып,  
Немере-апа еді Сізге кешегі өткен анашым.

Бір ел болар еді, шіркін, нағашының қарасы,  
Аталарым аман болса, тимей жауыз жаласы –  
Жер айдатып, атып, қамап, түсіп алған соңына,  
Болғаны үшін жазықты қып, олар байдың баласы.

Бүгін тойда еске алдым аруақтарды, нағашы,  
Кешіріңіз, шығардым мен жырмен көңіл наласын.  
Халық айтса, қалт айтпайды, «тірі ешқашан байымас,  
Риза болмай, өтіп кеткен бұрынғы ата-бабасы».

Алпыс жасың құтты болсын, Абдолла-аға – нағашы,  
Жиеніңмін, бар ғой Сізден қырық серкеш алашым.  
Айтшы өзің, жұрт алдында, бүгін тойдың үстінде,  
Санап беріп, дәл қай күні, алдыма айдап саласың?!

Жыр арнаған, алдыменен, менен құтыл, нағашы,  
Тойға келген басқа жиен қалмасын тек таласып.  
Малмен емес, ақшамен бер, жеткізе алмас жиенің,  
Мекен еткен Алматыдай елдің басты қаласын.

Алпыс жасың құтты болсын, тағы да айтам,  
нағашы,  
Той жасапсың дүркіретіп көгілдір көл жағасын.  
Зәурешпенен жүз жасаңыз, Сіздерге бізден мың  
алғыс,  
Жақындатқан алыс-жақын жиендердің арасын!



**ЖАСАСЫН, БӘРІ, ЖАСАСЫН!**  
(Әсет пен Динараның үйлену тойына)

Той қылып, Сенбай-Шарбану,  
Алдыңыз елдің батасын.  
Құдайдың бұл да қолдауы –  
Бірің – ене, бірің – атасың.  
Қайын ата-ене дейтұғын  
Мәртебең жаңа жасасын!

Динараның бір емес,  
Ұзатқан екі апасын  
Тәжірибелі екен құдалар,  
Несіне сендер сасасың.  
Қол ұшын берер мұндайда  
Ағайын-туған жасасын!

Құдамен төс қағыстың,  
Құйрық-бауыр асасып.  
Қуаныш кернеп бойыңды,  
Көңілің судай тасарсың.  
Басталған енді мыңжылдық  
Құдалығың жасасын!

Алыс емес тауың да  
Көрсеткен көзге қарасын.  
Құдай берсе немере,  
Шөбере де бағасың.  
Өсіріп берген қыздарын  
Құдаларың жасасын!

Ізетті туған келіннің  
Сабырлы болар атасы.



Ыстыққа малып қолыңды,  
Шай ішіп, дәмін татарсың.  
Ішіңнен сыртқа шығармай,  
Ашуыңды басарсың.  
Жас отау, үлкен үйіңнің  
Ынтымағы жасасын!

Дүниеге келіп нәресте  
Қызығына батарсың.  
Азанмен тұрып, ертерек,  
Ұйқыға кештеу жатарсың,  
Гұмырынды ұзартар  
Болашақ ұрпақ жасасын!

Түзетіп өзің аларсың,  
Сөзімнің тапсаң қатасын.  
Үйленіп жатқан жастарға  
Ел үмітін артарсың.  
Себепкері бұл тойдың –  
Динара-Әсет жасасын!





Қабағың шытпай, шығарып салып жұмысқа күнде  
көңілді,  
Қызғаныш қылма, жарыңа, жаным, ту етіп ұста  
сенімді.  
Оншақты ұл-қыз – немере әкеп өзіндей көркем,  
әдемі,  
Бақытты еткін, Құралай-келін, туысты, келген  
жерінді.

Үйлеріңде ылғи қуаныш болсын, той болсын сәнді,  
шерулі,  
Жиналмай асың, құт қонақ келген, тынықсын  
жайлап төрінді.  
Батасын алып ақсақалдардың, риза ғып досын  
жарыңның,  
Бақытты еткін, Құралай, жаным, ауылды, келген  
жерінді.

Құралай, жаным, ескерусіз қалдырмасың  
сөзімді...  
Ұнаттық бірден, құт келін болғын, сабырлы және  
төзімді,  
Қанат пен саған ынтымақ-бірлік айналсын өмір  
заңына,  
Жоғалтпаңыздар сыйластық пенен махаббат-  
ыстық сезімді!

Алматы, 10.10.2014.

## НАУРЫЗБАЙ, СЕН БОП ҚАЛАСЫҢ

(Наурызбай Бейсекеевке)

Шығармашылық кешіңнің –  
«**Туған жер – алтын бесігім**»,  
Арқасы елге, Наурызбай,  
Мәшһүр ғой енді есімің!

Сұраймын елден кешірім –  
Сен ашқан дүние есігін.  
Кішкентай ауыл – Тасарал –  
Менің де алтын бесігім!

«**Ақ әже**» бүгін – сағым жыр,  
«**Әз ана**» сынды бағым-ды,  
Түсімде көріп жиі мен –  
«**Ауылымды сағындым**»!

«**Қызғалдақ**» тердің бізге еріп,  
Тұрдым мен ессіз күйге еніп...  
«**Еркеназым**», кетпес ойымнан  
Ерніңнен алғаш «**Сүйгенім**»!

Есейген шақта, толығып,  
Танып мен оң мен солымды.  
«**Сәукеле**» киіп «**Әдемім**»,  
«**Сарбаздар**» кесті жолымды!

«**Қимастық**» көңіл азабы –  
Беттегі әжім, қабағым.  
«**Жастық шақ лебі**» шарпыған  
Күндерді еске аламын!

Көрсем деп «Қызыл арай»-ын  
Кешке де, таңмен қараймын...  
Сағынып, әркез күтемін  
Ауылдың «Жақсы хабар»-ын!

«Көк толқын» ұрған жағаны  
Сөкпесін, жалғыз жар қалып.  
Іске ассын ләйім пәк сезім –  
«Аққулардың арманы»!

«Ғұмыр өтер», кетерміз,  
Көктем келер, өтер күз.  
«Жалған дүние» өзіңді  
Ұрпаққа мұра етерміз!

Риза ауыл, Балқаш қаласы,  
Қарттары, бала-шағасы...  
«Тасарал вальсі» авторы –  
Сен болып мәңгі қаласың!  
Сен болып, Наукен, қаласың!!!

16.11.2018, Балқаш қаласы



## ЖҰБАТУ

(Науырызбай мен Ардаққа)

*Немере қарындасым Ардақ пен сүйікті күйеу  
баламыз Науырызбайдың екі бірдей ұлы қыркүйектің  
3-ші жаңасында көлге шығып, із-түссіз кетті.  
Мүрделері тек екі аптадан кейін екі арасына күн салып  
табылды. Небәрі 18 және 20 жастағы жиендеріміздің  
қазасы барлық туысқа қатты батты...*

Шақтарыңда тек 50 жас толатын  
Қайғы келіп, қайырылды-ау қос қанатың.  
Екеуіңді сұм тағдыр екі ұлыңа  
Бейіт көтертіп қойғаны-ай, тас қалатып.

Қолқанат еді Нұрбек, Әділбегің,  
Досқа да, туысқа да қадірлі еді.  
Қыз мінезді, әдепті, естімеппін  
Дегенді біреуді олар жәбірледі.

Қайғыңызды бөлісті жақын-туыс,  
Дүрліктірді неше күн елді бұл іс.  
Ауылдың жігіттері издесіпті,  
Қалдырмай жағалауда ешбір қуыс.

Көнесіз бір Алланың салғанына,  
(Көз жетті бұл фәнидің жалғанына).  
Шыққанда балық аулап екі ұлыңның,  
Ілінгені-ай ажалдың қармағына!

Тілеймін, көп болған соң мұратыңның,  
Таусылмауын күш-жігер, қуатыңның.  
Орны толмас екі ұлдың, білмей тұрмын,  
Орынды, орынсызын жұбатудың.

Өкінуің жөн шығар, күрсінуің,  
Жастануы көзіңнің, кірпігіңнің.  
Бірақ, қиын тиеді отбасыңа,  
Жасау керек тірі адам тіршілігін.

Өзек жанып жатқанмен, ұлып ызғар,  
Тәубә етіп, шүкірлік қылыңыздар.  
Қалған екі ұл ғұмырлы өмір кешіп,  
Бақытты болсын тапқан жұбын қыздар!



## II БӨЛІМ

### БАУЫРЛАРЫМ

*Аға-ана, қарындас-іні – бауырларым бір  
туған,  
Сізді ойласам, сағыныштан жүрегімде  
мұң тұнған.  
Оралмайды сол бір көктем, балғын кезең  
алаңсыз,  
Ата-әже шаңырағының астында біз  
бір тұрған.*





### ЖАМАНДАМА СЕН МАҒАН ТУҒАНЫМДЫ...

Әлдеқалай қонақта болғанымда,  
Жағамды ұстап, таңданып, ойға қалдым.  
Қазақта жоқ көрсетті бір қылықты  
Үй иесі, жамандап туғандарын.

Үйден алшақ бір жаққа барғанымда,  
Өлең жазып жүрсем де мен жарыма.  
Арнай алмай әлі күн жырларымды,  
Қуанта алмай келемін туғанымды.

Сұраймын мен жарымды, ұлдарымды,  
Достарымды – оқитын жырларымды:  
“Шыныменен мен сізге қымбат болсам,  
Алдыменен сыйлап ал, туғанымды.

Бөлісер деп бар терген, жиғаныңды,  
Табалама, сен, менің туғанымды.  
Кірлетер деп тазалап, жуғаныңды,  
Ауылда өскен, сөкпегін, туғанымды.

Пір тұтып Алматыда тұрғанымды,  
Күнде келсе күндеме, туғанымды”.  
Бірге тумақ болса да, бір жүрмек жоқ,  
Қадірлей біл, ағайын, туғаныңды!

### ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖАҢА АЛҒАН АТАҒЫҢЫЗ (Қуандық-ағатайға)

Үлкеніміз, көшбасшы, мақтанымыз,  
Үйде, ағатай, қуаныш, шаттаныңыз!  
Құтты болсын жаңа алған «Еліміздің  
Ең үздік педагогы» атағыңыз!

Сізге еріп інілер – арттағы із,  
Оң өтіп жатыр өмір-сапарымыз.  
Білім алып, от басын құрған бізге  
Құт-мекен болды Алматы-шаһарымыз.

Арақ-шарап ішпейтін, татар қымыз,  
Құдалармен ұлғайды қатарымыз.  
Қыдыр-дайын дөп келген қуанышқа  
Мың жылдық құдалардан бата алыңыз.


Құптап құда күтуді қосағыңыз,  
Үйіп-төгіп дастархан жасадыңыз.  
Ортасында туыстың таусылмасын  
Соғым басын аралап, асарыңыз!

Тек бір жерде 40 жыл хатталып іс,  
Ассистенттік, декандық атқардыңыз.  
ҚазҰУдің тарихында қалар мәңгі  
Ұстаздық еткен адал аттарымыз!

Құтты болсын жаңа алған атағыңыз!  
Үмітін ағайынның ақтадыңыз.  
Заңдылық бұл, себебі ес білгелі,  
Білім қуып, еш тыным таппадыңыз!

Көп болсын ғылымдағы ашарыңыз,  
Жастарға үлгі етіп жазарыңыз.  
Тәтемізбен бақытты ғұмыр кешіп,  
Жылдан жылға қартаймай, жасарыңыз!

Құтты болсын су жаңа атағыңыз!  
Сыйға алған ақшаға жоқ шатағымыз.  
Көп жасаңыз өзіңіз, киіс берсін  
Сүйіншіге ұсынған шапанымыз!



## ҚУАНДЫҚ-АҒАТАЙҒА ҚОНАҚҚА БАРҒАНДА

*Жаңа жылдық мейрамдардан кейін Қуандық-ағатайым мен Руяна-тәтеміз бір жексенбіде балаларымыз Әлішер мен Әлияны, Әнуар мен Анарды, екінші жексенбіде құдаларыммен бірге Бақыт екеумізді де үйлеріне шақырып, қонақ етті...*

Жыр жазбай қалай шыдап тұра аламын,  
Қонақта сіздің үйде құдаларым.  
Құрметтейтін Сізді аса жаңа туыс,  
Білгенмін шақыруды құп аларын.

Сұранып балаларым жүрген түзде,  
Қонақ болып кетті ғой бұрын бізден.  
Солардың арқасында туыс болған,  
Енді, міне, құдалар үйіңізде.

Мың алғыс, ұзақ өмір сүріңіздер,  
Қуаныш, күлкі кетпей жүзіңізден.  
Силасып өтейікші аз ғұмырда,  
Біріміз қонақ болып, бірімізге!

Көңілдер шығып жатыр бір арнадан,  
Шақырар Сізді үйіне құдалар да.  
Ол дегенің әшейін есеп емес –  
Дейді қазақ «сыйға – сый, сыраға – бал».

Өтінем жалбарынып бір Алладан  
Амандық туысқа да, құдаға да.  
Жүрейік араласып, шақырысып,  
Жат болар хал-жағдайды сұрамаған!




### АРСЕНГЕ ТІЛЕК

*Академик Қуандық Сапаров ағамыз жаңа үйге көшіп, қоныс той жасағанда жазылды...*

Пенде едім үй көп күтіп есі кеткен,  
Төрт бөлме алдым құдай несіп еткен.  
Ағатай, құтты болсын баспанаңыз  
Тәтеммен төртінші рет көшіп жеткен!

Жиналдық үлкен-кіші, жасымыз да,  
Ағайын, құда-жекжат, досыңыз да.  
Ұстаңыз игілікке жана үйді,  
Тағы да жас қосылсын жасыңызға.

Жүріңіз ұзақ аман қасымызда,  
Және де бас қосылсын басыңызға.  
Мұра болсын үйіңіз ұрпақтарға,  
Арсентай қол жеткізіп «сасық» ұлға!



### ЕКІ ДҮРКІН ОТЫЗ БЕСТЕ ЖЕҢГЕМІЗ

*Мен ес біліп, етек жинағанда әулетімізге келін болып түскен сұлу да сүйкімді, сүйікті жеңгеміз – Руяна Шәменқызы – осынау жасқа келіп, мерейтойын атаған күні жазылды ...*

(Әйел жасын атамайтын пендеміз...)  
Екі дүркін отыз бесте жеңгеміз,  
Көз алдымда, келін әкеп ағамыз,  
Нұрын шашып, жарқ еткен күн, бөлмеміз!

Жас келін боп, шай құйғанда жеңгеміз,  
Қанбаушы едік шайға да біз, шөлге біз.  
Қымсынушы ек жас жеңгенің алдында,  
Киім шешіп, шомылуға көлге біз!

Жеңгемізге ағамыз сай, ағамызға – жеңгеміз,  
Әуел бастан, Қыз Жібек пен Төлегендей  
көргеміз.


Біздің сүйген жарларға да бақ болды,  
Сіз аттаған ақ босаға, келін болып енген із!

Арсен келіп дүниеге бөлендіңіз алғысқа,  
Тағдырыңыз арқасында бір арнаға тоғысқан.  
Ата-әжем, туған-туыс, ауыл-аймақ қуанды,  
Оралғандай Сапар-әкем қан-майданнан,  
соғыстан!

Әулетімнің ең үлкені, енді аға-жеңгеміз,  
Жас емеспіз біз де бүгін, жақсылықта төрдеміз.  
Қол ұстасып алдымызда, жүріңіздер аман-сау,  
Келген жасқа ешқашанда берілмеңіз, көнбеңіз!

Бар ма екен ағамыз бен жеңгеміздің арманы?  
Немерелер – Елнұр, Әділ – ата атын жалғады!  
Аллаһ Сізге ғұмыр берсін, жырымның  
Тағы да бір мерекелі тойда жазам қалғанын!

ЖЕТті, ШСті десе біреу, сенбеңіз,  
Қыздай әлі, әже болған жеңгеміз!  
Жыл санауды бастаймын мен қайтадан,  
Неше дүркін отыз беске келмеңіз!!!



### ӘДЕМІ ҚАРТАЮДЫҢ ЖАРҚЫН БІР МЫСАЛЫНДАЙ

(Аяулы туған апамыз Алтынның 70 жасына  
жеті шумақ жыр-шашау)

Құтты болсын мерейтой – жетпісіңіз,  
Жүз жасқа да жетердей екпініңіз,  
Жалғыз сінді, үш келін, бәрін тастап,  
Алматыдан үш бірдей жетті ініңіз!

Ұл-қыздарың – бар байлығың, асылың,  
Үйіріп жүр қай-қайсы да жаны ұнатқан кәсібін.  
Тұрмыс құрып, ас-ауқатын, шүкір, тауып жеп  
отыр,  
Молайтуда бала-шаға, от басының нәсібін!


Қыздарды Сіз өсірдіңіз, қақпай ешбір бетінен,  
Және жөнсіз елпілдетпей, жіберместен бетімен.  
Басқа жұрттың босағасын аттап, олар қадірлі,  
Сізден алған тәлімімен, қылығымен, көркімен!

Алақанда аялаған, түнде талмай тербеткен,  
Елдесіңіз жастайынан ауызданды еңбекпен.  
Жиендерге ризамын, Сізге салмақ салдырмай,  
Өзі үшін, елі үшін аянбастан тер төккен!

Немере өсті, тигеннен соң шапағат, септігіңіз,  
«Енді өлгенше, бағып-қағып шөбере жеткізіңіз!» –  
Сізге осылай ұл-қыздар мен жиендер артады үміт,  
Шаршаманың, келді ғой деп, енді ғана жетпісіңіз!

Тағы да бірер жасты, басы артық, қиса Құдай,  
Аты да, заты да алтын, апатай, жүрсен ұдай,  
Деп тілейміз – денеңізді тік ұстап жүзге дейін,  
Әдемі қартаюдың жарқын бір мысалындай!!!

Алтын-апам! Бағдаршымыз, жарқыраған Күніміз!  
Қуаныңыз бізбен бірге, шаттаныңыз, күліңіз!  
Жырмен Сізді, той үстінде құттықтаған, тебіреніп  
Тек мен емес, бірге туған бауырлар, деп біліңіз!



## МҰРАТТЫҢ 60 ЖАСЫНА

*Өзіммен тете туған ағам Мұрат 2011 жылғы 3-ші сәуір күні 60 жасқа толды. Дәл сол күні жазылып, сәл кейінірек, 30-шы сәуірде туып-өскен ауылымыз Тасаралда аталып өткен салтанатты кеште оқылды.*

Қамқоршымыз, қорғанымыз – асқар тауға балаған,  
Салтанатты 60 жасың құтты болсын, жан аға!  
Бақыт таптың, қарапайым өмір сүріп ауылда,  
Күләйшамен бірге өсірген, төрт ұл, үш қыз  
баладан.

Тойға бүгін жиналыпты жатқан мынау аталып,  
Жеті буын, бірге туған, ұрпағы бір атаның.  
Осалы жоқ, бәрі асыл, кілең сайдың тасындай,  
Дейтін, кәне, сен тұра тұр, алдымен мен атайын!

Төрде отыр бір ауыл боп құтты қонақ – нағашы,  
Оларменен мақтанатын бізді туған анашым.  
«Темір тұлпар» алып келген шығар бүгін  
сыйлыққа,  
Бар еді ғой әр қайсынан қырық серкеш алашың.

Келді бірге тойламаққа ағамыздың алпысын –  
Әркімге де арман болған – өмірінің тал түсін.  
Жөні бөлек бөлелер мен «ел болмайтын» жиендер,  
Бір жүруге дайын Сізбен жеткен ғұмыр  
жартысын!


Мұрат деген атты саған лайық санап, құба-құп,  
Қорғасын деп елдің арман, мақсат, мүдде,  
мұратын.

Есімінді ата-анамның қойғанына куәгер  
Тойда отыр ата-әжелер осы ауылда тұратын.

Білім алып, игерген соң мамандығын қалаған,  
Бауырларың тұрып жатқан алыс-жақын қалада,  
Басын қосты тойламаққа мерейтойды бүгінгі,  
Жақсылықтан дәл осындай олар қалыс қала ма?

Немере мен жиендер жүр, қолқанатқа жараған,  
(Тілім тасқа, көз тимесін, бас-аяғын санаман).  
Келді тойға құда-жекжат – ұл-қыздарың силаған,  
Бұдан артық, айтыңызшы, бақыт деген бола ма?!

Жетпіс, сексен, тоқсан алда, дүйім жұртты  
жиятын,  
Көп қой әлі алар асу, шыңдарыңыз шығатын.  
Қосағыңмен қоса ағарып, 100-ге дейін шаршамай,  
Алдымызда аман-есен, сауық-сайран құра тұр!



## ДАНИЯЛДЫҢ ТІЛАШАРЫНА

Қуантып бала-шаға, қарияны,  
Еркесі әулетімнің, жанұяның.  
Тойға келдік, мектепке қадам басып,  
Бекзат пен Зүбайраның Даниялы.

Әзірге жалғыз ұлы – Даниялы –  
Көзінің қарасы да, және де ағы,  
Қуаныш-жұбанышы, үміті артқан,  
Салтанаты, бақыты, жанар бағы.


Тұла бойы-тұңғышы – Даниялы –  
Екеуінің ермегі, бары, нары.  
Дұрыс болар Зүбайра тағы да бір,  
Қыз-ұл туса, жігерін жанып алып.

Болмаса бауырлары соңындағы,  
Кім оған еркелейді бағынады?  
Кімменен сыр бөлісіп, жабыққанда  
Кімге өзі мұңын айтып, шағынады?!

Жалғыз деп айтпас ешкім Даниялды,  
Бар ғой, шүкір, немере бауырлары.  
Күман жоқ, бөлелер де әрқашан да,  
Қажет болса жанынан табылары...

Демендер жанды жерді шағып алды...  
Зүбайра-Бекзат, сізге жалынамын!  
Көріңдер барды салып, жассыз әлі,  
Соңынан ұл-қыз ерсін Даниялдың!

Тілашар құтты болсын, Даниялым,  
 Ұзақ жыл ғұмыр кешкін мағыналы.  
 Атаңның – айтары көп, айлығы аз,  
 Жырмен жазған тілегін қабыл алғын!



## КҮМІСКҮЛГЕ

*Тете қарындасым Күміскүлдің  
 50-жылдық мерейтойына жыр-шашу*

Қуантып әулетімнің кәрі-жасын,  
 Елуге келдің, Күміс-қарындасым.  
 Құттықтап мерейтоймен үйіңізде,  
 Бауырлар жиналыпты қауымдасып.

Елуге сен де келдің, қарындасым,  
 Балқашта аталып ед(і) қырық жасың.  
 Жол шығып, ат шаршатып қажет емес,  
 Бүгінде Алматыда, жанымдасың.

Елуге келдің, Күміс-қарындасым,  
 Жүремін өзіңді ойлап, жаным ашып.  
 Қиналам – үйсіз, күйсіз тұрмысыңыз  
 Ағалық намысым мен арыма сын.

Демеймін көмегімді мойындасын,  
 Барымды аямадым, қарындасым.  
 Бауырдың жайы қажап жүргендіктен  
 Шашымның қарасынан ағы басым.

Сүйікті, тете туған қарындасым –  
 Күміскүл, құтты болсын 50 жасың!  
 Бақытты ғұмыр кешіп, ұзақ жаса,  
 Жүйкең жүдеп, қайратың қажымасын!

Күйеуі бар, күйі жоқ қарындасым,  
 Пір тұтқан Арнұры мен Аидасын.  
 Қоса ағар тағдыр қосқан Нұрымханмен,  
 Құдайым алды-артыңды жар қылмасын!



### ЖҰМАТҚА

Туған күнің құтты болсын, менің Жұмат-бауырым,  
Ұзақ жасап, қуанта бер туыстардың қауымын.

Аман-есен шығып жатсың мүшел жастан келесі,  
Жырымменен тілек айтам, мен ағымнан жарылып.

Өткен өмір кинодайын, жадымда әрбір кадры,  
Мүшел жастан шыққан күні сен де есіңе ал,  
бауырым.

Балалық шақ қалып артта, бір-ақ күнде есейдік,  
Абзал әке дүние салып, торлағанда қайғы-мұң.

Апамызды ұрлап кетті, жездем мәңгі жар қылып,  
Өтеу міндет – Мұрат әскер қатарына алынып.  
Күміскүлді интернатқа, мені оқуға Ресейге  
Шығарып сап, қолын бұлғап, қала берді ауылым.

Болды ауыр артқан жүгі иығыңа тағдырдың,  
Қиын шақта анамыздың қасынан сен табылдың.  
Борыш ақтап, білім қуып туған үйден аттандық,  
Біз өзінді шаңыраққа ие етіп, нән қылып.

Жастайыңнан қолқанат боп, бақтың малын,  
тауығын,  
Бірге егіп, суарыстың пияз, қарбыз-қауынын.  
Комбинатқа атқардыңыз, қабырғаңыз қайысып,  
Анамыздың колхозшыдан қабылдаған балығын.

Тоғызбыз ғой, төртеуі үлкен, сенен кіші жарымы,  
Ішімізде еңбекке ерте араластың, бауырым.  
Болды құрбан аға-іні, қарындастың жолында  
Қайран сенің балалығың, жастық жігер, жалының.

Белгілі ғой жастың өсіп, баитыны жарлының,  
Қиыншылық кетті кейін, болды ұмыт қайғы-мұң.  
Арқасында анамыздың білім алдық, жетілдік,  
Адвокат боп, қорғап жүрсің ел құқығын жан ұрып.

Ауылдас пен аталастың бәрін артқа қалдырып,  
Бірінші боп темір «тұлпар» міндің өзің, бауырым.  
Мүшел сайын алмастыру әдет болды, алыпсың  
«Мицубиси-Галанттың» сен кеше тағы «тәуірін».

Қабырғама батады аздап баспананың тарлығы,  
Гүлзада мен қайын енен қалмасыншы ауырып.  
Екі-ақ бөлме, ауасы тар, балаларың ыстықтап,  
Есік пенен терезеңіз түнде қалмай жабылып.

Кенжелерің – Асқар, Маржан – болды студент,  
бауырым,  
Мүмкін сенің көп ұзамай құда болып қалуың.  
Темірхан мен тұңғышыңыз Гаухардың біз тілейміз  
«Болашақпен» шет елде оқып, озық білім алуың.

Жаңбыр менен араласып жауып тұр ғой қар бүгін,  
Жер көктайғақ, дала тұман – бұл да Құдай  
жарлығы.

Мұндай сынақ бөгет емес, жиналды ғой өзінді  
Жақсы көріп, құрметтейтін туыстардың барлығы!

Қайталаймын, құтты болсын туған күнің,  
бауырым,  
Қызығын көр төрт балаң мен Гүлзададай  
жарыңның.

Пәк тілектер періштенің құлағына шалынып,  
Жырмен жазған арнауымды қабыл алсын Тәңірім!

### ЖҰМАТ 50-ГЕ ТОЛҒАНДА

Жұмат-інім, құтты болсын мерей-тойың – елуің,  
Қуантады аман-есен осы жасқа келуің.  
Туған-туыс, бала-шаға, бірге туған бауырлар  
Мақтанады сен Талғарда адвокат деп белді бір.

Күні-түні жұмыстасың, көрген жоқсың ерініп,  
Ұл-қызыңды оқытуға төктің біраз теріңді.  
Ер жетті олар, тар болып жүр екі бөлме пәтерің,  
Армандаймын сен үшін мен зәулім биік, кең үйді.

Не тілейін, не сыйлайын сен келгенде елуге,  
Дайынмын ғой қолдан келсе, Айды алып беруге.  
Мерей тойың желтоқсанда тағы да бір аталмақ,  
Сауық-сайран, салтанатың аса берсін шеруге.

Қайын-ата бол кешікпей, түссін үйге келіндер,  
Ағалармен араласып, құда отырсын төрінде.  
Кәмелетке толды қызың, жетіліп тұр ұлдарың,  
Алыстығы жоқ дейді ғой таудың көзге көрінген.

Шарықтасын шаңырағың, берік болсын босағаң,  
Асыл жарың – Гүлзадамен бірге қартай, қоса ағар.  
Тағы тілек арнармыз біз, тойға келіп Қостанай,  
Жиналғанда Қарағанды, Балқаш, Талғар, Тас-Арал.

### АЛПЫС ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, БАУЫРЫМ!

*Осы алты шумақ жыр-шашу  
өзімнен кейінгі бауырым  
Жұматтың асқаралы 60 жасқа толған  
мерейтойында жазылып, оқылды...*

Алпыс жасқа «тал түс» дейтін келіпсің, Жұмат-  
бауырым,  
Артыңа тастап, жастық шағың мен жігіттіктің  
қимас ауылын.  
«Денсаулығың берік болсын, ұзақ жыл жаса!» –  
деп, келдік,  
Шақырыпсыңдар, келісіп бірге, ағалар ғана  
қауымын.

Артымнан ерген, бауырым менің, сен де енді  
алпыс жастасың,  
Ақ көңілен қуанған саған, шабытым қалай  
таспасың?!  
Інілер менен ауылдас-достар, қалса да тізім  
сыртында,  
Ағалар неге келмесін тойға, қонбасын атқа,  
шаппасың?!

Қартайды екен деп алпыстан асып, ұл-қызың  
ешбір саспасын,  
Жүзге жет, Алла, көз-тілден, пәле, апаттан әр кез  
сақтасын!  
Өзіңмен бірге қызықтап жарық дүниені жүрсін  
алдында,  
Жүз жастан асқан, біздердей «жаман» ағаларың да  
қалт басып!

Тозған жоқ жүйкең, кішісің бізден, небары алпыс  
жастасың,  
Зейнеткерлікке, заңменен шығар, үш жыл бар әлі,  
саптасың.  
Әрине, одан кейін де, Жұмат, қамы үшін бала-  
шағаңның  
Шалқаңнан түсіп, белгілі маған, үйінде қарап  
жатпасың.  
Бес елі, сенің маңдайың, Жұмат, басыңда, білсең,  
бақ басым,  
Өмірде тура, жаңылмай жолдан, жүре бер ылғи  
дөп басып.  
Бір көре салып, өлердей сүйіп, Гүлзада-сынды  
жар құштың,  
Белгілі маған, төрт бала туған дәл одан артық  
таппасың.  
Жасай бер, жаса, бауырым-Жұмат, қолдаушым  
менің, жақтасым!  
Тоқтайын енді, көп сөйлеп кетсем, белгілі, жұртқа  
жақпасым.  
Келгенде кейін жетпіске, сексен, тоқсанға, жүзге  
мерейлі,  
Ақ тілектердің жазармын тағы, қосармын жырға  
басқасын!

## ГҮЛЗАДАҒА

*Бауырым Жұматтың жұбайы, сүйікті келінім  
Гүлзада бүгін бізді 50-ге толған мерей тойына  
шақырыпты...*

Босағаны аттағалы әулетке шын берілген,  
Өз қызындай көріп анам, атамаған «келін» деп.  
Гүлзада-қыз, Гүлзада-жар, Гүлзада-ана дәл бүгін,  
Қыздар кейде атамайтын, жатыр асып елуден.

Құтты болсын туған күнің, елу жасың, Гүлзада!  
Қадірлісің сүйген жарың, қызға да, сен, ұлға да.  
Үлкен-кіші, бала-шаға жақсы көріп, силайды,  
Қалай ғана қалайын мен бұл тойыңды жырламай?!


Келді тойға төркіндерің, қайын-жұртың – қауымың,  
Ата-енесі, Ләззат-жары, Әуесхандай бауырдың.  
Құрбыларың, көрші-қолаң, жиендер мен ұл-  
қыздар,  
Анаң, үйде қала алмаған, отырса да ауырып.

Қиындық бар, үйіңіз тар, мойыма, сен, жеңілме,  
Болашаққа қарау керек үлкен үміт, сеніммен.  
Бойың түзу, нық басқын, сен, Ұлжалғас-апа сияқты,  
Сексен асып, келе жатқан кәрілікке берілмей.

Байлығың мол – екі-екіден қыз бенен ұл өсірдің,  
Бақыттысың, тойла бүгін, шырқа, биле, көсілгін.  
Жұмат, Гәуһар, Темірхан, Асқар, Маржан бүгін  
қуантты,  
Туыстардың басын қосып, той жасап, көл-көсір  
ғып.

«Алыстығы жоқ – дейді ғой, – таудың көзге  
көрінген»,  
Ұлдар өсті, бой жетіп тұр қыздарыңыз өрімдей.  
Келер жылы туған күнің тойланғанда біздермен,  
Мың жыл бірге жүретұғын құда отырсын төрінде!

Айналым мен ізеті мол, Гүлзададай келіннен,  
Аман-есен жеткен бүгін мерейлі жас елуге.  
Алла қосқан жарың Жұмат-інім менен екеуің  
Жұбың жазбай жастарыңыз жазсын жүзге келуге!



### АЛТЫНСЫҢ ЖЕРДЕН ТАБЫЛҒАН

(жаңа түскен келін Сабинаға)

Асқардың біздің бағына,  
Туғансың, сірә, Сабина.  
Сен екенсің қанша жыл,  
Іздегені сабыла!

Саспады Асқар, Сабина,  
Отыздан асқан шағында.  
Сенген де шығар дүниеде,  
Сұлудың сендей барына!


Ақылды келін – Сабина,  
Адал бол асыл жарыңа.  
Өсекке ерме, әйелге,  
Сүйенген тіл мен жағына!

Ақылым саған, Сабина,  
Төзіңдер бірге дауылға.  
Асқаржан жатса түсінбей,  
Ашуды жеңдір сабырға!

Ешкімге барып шағынба,  
Өзірге билік қолымда.  
Тентектік қылса Асқаржан,  
Шығамын сенің жағыңа!

Сүйкімді келін – Сабина,  
Жыр-шашу жаздым тойыңа.  
Ұнағаныңның белгісі,  
Әулетім мен қауымға!

Жас түскен келін – Сабина,  
Жырымды алғаш қабылда.  
Аспаннан іздеп жүргенде,  
Алтынсың жерден табылған!



### БИБИГҮЛГЕ

Ақталды ата-анаңның аманаты –  
Атандың бүгін ғылым кандидаты.  
Біздің үйдің сүйікті келінісің,  
Шығардың тағы атам – Әбен атын.

Әбенді айтып, атамай Жиенбайды,  
Демесін Шынар апаң, алалады.  
Ғылыми кеңес дәл бүгін Әбенова  
Бибігүл Сейілқызын бағалады.

Жатқан күні келіні атақ алып,  
Балаша қуанар ед(і) апатайым.  
Өкінішті-ақ, көп күткен қуанышты  
Шаттанып, көрмегені Гүлзатайдың.

Ренжімессің, еске алдым осындайда  
Анам мен тұңғыштарың Гүлзатайды.  
“Риза болмай өткендер, – демейтін бе –  
Атақ алып, тірілер байымайды”.


Түк қалдырмай қорынды ҚР ОМА-ның,  
Жұмысың мерзімінде болды дайын –  
Ақтарып Алматы, Омбы архиві мен  
Ескі астана – Орынбор мұражайын.

Өзің тауып, біреумен жарияладың  
Ыбырай Алтынсарин жазбаларын.  
Баспайды бүгінде де, бөліспесең,  
О, тоба, қазағымның үн қағазы!

Патша ұстаған отарлық саясатты  
 Әшкерелеп жазыпсың, сынап қатты.  
 Мәселелер көтерген әзер сиған  
 Шеңберіне жұмысың-кандидаттық.

Гүлбану мен бітірдіңдер көп тірлік,  
 Риза болар декандарың, ректорың.  
 Жұптарыңыз жазылмай кеп қорғаңыз  
 Тағы бірге жұмысты да докторлық.

**06.10.2000**



### ДАУЛЕТ ПЕН БИБІГҮЛГЕ

Кешікпей Бибігүлден қорғап Даулет,  
 Кенелді қуанышқа біздің әулет.  
 Қолдады екеуін де Ғылми кеңес  
 Бастаған Қойгелдиев-аға – Мәмбет.

Бибігүл, Даулет пенен атақ алып,  
 Отырмыз екінші рет барды жайып.  
 Рахмет жетекшілер – Жақыпбеков  
 Серік пенен Төреғали-Төкеңе Қаратаев.

Қорғадың екеуің де жұма күні,  
 Мақтайын Қалия мен Жұмақызды.  
 Отырды толықтырып пікірімен  
 Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұлов.

Оң болды ғылымдағы қадамдардың,  
 Мамандардың алдыңыз бағаларын.  
 Сендерді қолдап жатыр сын-сөз жазған  
 Оппонент – Сатай, Сәйден ағаларың.

Сіз үздік кандидаттық қорғадыңыз,  
 Жиналды ойдағы мен қырдағымыз.  
 Ғылымға бет бұра алмай жүрген едік,  
 Десек те, ақсүйектер ұрпағы – біз.

Орыстың озбырлығы – жазғаныңыз,  
 Ал біздер – “қызыл Кеңес” құрбанымыз.  
 Бабаларым көзі ашық, бай болғанмен,  
 Аш өлген – айдалғанның жұрнағымыз.


Біздерді бастап жүрген ағатайдың  
 Докторлық жұмысы да болды дайын.  
 Көрмеді-ау бұл қызықты Гүлзатай мен  
 Жеткізген бәрімізді апатайым!

Қорғалды жұмыстарың, болған арман,  
 Өздерің – үлгі болар алдыңғы арба.  
 Бітірген үздік мектеп, жоғары оқу,  
 Артамын үлкен үміт балаларға.

“Жұғысты болсын – деген бұрынғының –  
 Тойға той “ – жақсы тілек, дұрыс ұғым.  
 Қосылсын аман-есен көп ұзамай  
 Басымыз, қорғағанда Марсель-ұлым.

“Жер жыртып, дән сеппеген адамдарға  
 Ұқсайды ғылым жазып, қолданбаған!”  
 Кешікпей ағатайдан, жиналайық,  
 Сен екеуің докторлық қорғағанда!

27.10.2000



## ІНІМ ДУЛАТҚА


*Дулат пен Гүлнәр 40 жасқа толған мерейтойларын  
 бірге атағанда жазылып, оқылды...*

Ұлдарының сүт кенжесі әкем менен анамның –  
 Дулаттың, біз білмей қалдық, 40-қа кеп қалғанын.  
 Он жыл бұрын туып одан, “ағатайы” атанған  
 Менің-дағы қартаймасқа, қалмаған-ау амалым.

Дулат-інім, артымыздан бізді қуып келесін,  
 Құтты болсын өміріңнің “40” атты белесі.  
 Ұл-қызынды өзің жеткіз, ғұмырлы бол Гүлнәрмен,  
 Көп қой әлі балаларға бергеніңнен бересің.

Мол болса екен жеңістерің, табыстарың алдағы,  
 Көрейік біз әрқашанда жүргенінді жайдары.  
 Мектепте үздік оқып Айнұр, ҚазҰТУ-да Данияр,  
 Студенттік мәртебеге ие болсын Айдарың.

Аман болсын құда-жекжат алматылық, бауырлар –  
 Тойға келген Қарағанды, Балқаш және ауылдан.  
 Денің сау боп, ұзақ жаса, Гүлнәрыңмен қоса ағар,  
 Арта берсін бағаң күнде достарыңа, қауымға.







**ДАНИЯРҒА**

*Сүйікті інім Дулат банктен несиені алып, тұңғышы  
Даниярға машина мінгізгенде жазылды...*

Жиырмадан асқан жасыңда  
Мініпсің, Данияр, машина.  
Асықса папаң бір жаққа,  
Табылғын әркез қасынан.

Таусылмай бензин бағында,  
Машинаң жүрсін бабында.  
Барып-келіп жүрейік,  
Сағынсақ Балқаш, ауылға.

Кешікпе жерге баратын,  
Асықпа, жүрме баяу тым.  
Машина алдың ұққан соң  
“Шықпасын шаңы жаяудың”.

Ақылды туған баласың,  
Туысқа жүргін қарасып.  
Аралап жүріп жақындат  
Бауырлардың арасын.


Айтпассың “Ниссан” ескі деп,  
Таусылмасын несібең.  
Жаңасын тағы мінерсің,  
Өтелсе ертең несиен.

**ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫНДАҒЫ БАТА**

Тілейін тілек тағы да  
Мен ағымнан жарыла.  
Данияр тұлпар алған күн  
Студент-жастық шағында.

Я, Құдайым тарылма,  
Жомартықтан жаңылма.  
Таусылмасын бергеің  
Балалардың бағына,

Дулат пенен Гүлнардың  
Құдайы асын қабыл ал!  
Әумин!



### ДАНИЯР МЕН АЛУАҒА

Өз ұлымдай балам менің, Данияр,  
Құтты болсын жаңа құрған шаңырағың, жан ұяң!  
Жар сүйіпсің мәңгілікке, біз үшін  
Болсын келін ілтипатты, ізеті мол – Алуаң!

Асылында, келінімсің, қызым дейін, Алуа,  
Адал болғын туған-туыс, ата-енеңе, жарыңа.  
Өсек айтпа, сабыр сақта, жақсылыққа жақын жүр,  
Ата-анаңның кір келтірме аты менен арына!

Жетті көзім бүгін тойда, Данияр мен Алуа,  
Сен екеуің жаралғансың бір-біріңнің бағыңа.  
Соған куә тойшы қауым, салтанатқа жиналған –  
Ата-әже, бала-шаға, абысын да, ажын да!

Сүп-сүйкімді сізге қарап, Данияр мен Алуа,  
Есіме алдым, көз жүгірттім өткен жастық шағыма.  
Екеуіңе мың рахмет, қуанышқа кенелтіп,  
Жүрегімді елжіретіп, нұр құйдыңдар жаныма.

Ақылым мен тілек айттым мен ағымнан жарыла,  
Құтты болсын тойларыңыз Данияр мен Алуа!  
Уақыт тар бүгін кеште, осы жерден тоқтайын,  
Шын жүректен жыр жазармын болашақта тағы да.

### 30 ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ДАНИЯР!

Әбілмансұр-баласы бар, Алуадай жары бар,  
Орда бұзар 30 жасқа келіп жатсың, Данияр.  
Балаңыздың сүндеті мен мерейтойға арналған  
Жүрекжарды, жыр боп туған, шашуымды  
қабыл ал!

Тілегінді тілеп отыр нағашы әжең, Данияр,  
Ата-анаң бар, шүкіршілік, жабырқасаң шағынар...  
Айдар, Айнұр, Жанна және Абдрахман кішкентай  
Әрқашан да іздетпей-ақ жандарыңнан табылар.

30 жасың – орда бұзар, құтты болсын, Данияр!  
Бүгін тойда құда-жекжат, нағашы-жиен, сағынар.  
Жақсылықта шашбауыңды көтеретін алдымен  
Қуандық-аға бастап келген кіл Әбенов-бауырлар!

Данияр, отыздасың, Ма ша Алла, арман бар ма?  
Дейтұғын – «сыйлаған күйеу баласын  
пайғамбар да»,

Ұзақ ғұмыр тілеймін құдам-Берік, құдағи  
Дариғадай,  
Қашан барсаң, қуанып ақ дастархан жайғандарға!

Сүндет тойы Мансұрдың құтты болсын, Данияр!  
Биік болсын шаңырақ, тату болсын жан ұяң.  
Тұңғыштарың жалғыз өспей, еретұғын артынан,  
Енді екі ұл мен бір қыз туып берсін жарың –  
Алуаң!

## ӘБІЛМӘНСҮРДІҢ ҮШ ЖАСЫНА

Құттықтай келдік үш жасыменен немерем –  
Әбілмансұрды,  
(Ұсынар едім, қолымнан келсе, бар байлық, лағыл,  
асылды).  
Кішкентай ғана, тәтті бір бөбек, тіл-көзден Құдай  
сақтасын,  
Жолында оның жан-тәнім құрбан, иемін алтын  
басымды.

Қуаныш бізге үш жасқа толған бұл тойы  
Әбілмансұрдың,  
Бақытты және болғанын ұзақ тілеймін ғұмыр  
жасының.  
Аман боп ата-әжелері менен қоршаған туыс-  
жақындар,  
Көрейік бірге биікке өрлеп, шыққанын тауға  
тасының!

Алғашқы мерей тойына бізді, жинаған  
Әбілмансұрдың,  
Көңілі думан, өмірі көркем, болсыншы қызыл-  
жасылды.  
Ғұлама, дана азамат болып, алаштың ұлы атансын,  
Іс қылсын елге, халқына мұра қалдырсын мәңгі,  
ғасырлық!  
Есінде елдің екіге толған тойында Әбілмансұрдың,  
Домбыра силап Дулатқа құда қосуын әнін  
тапсырды.  
Өтті ғой уақыт тәмәмдайтұғын өнер мен цирк  
колледжін,  
Көрейік, кәні, атасы қалай жүзеге оны асырды.

## АЙДАРҒА

(экспромт)

*Айнұрдың мүшелден (13 жастан) шыққан тойына  
бара жатқанда ойға оралған жолдар. Дулаттың отбасы  
мүшелерінің одан басқасына өлең-жыр жазылып, арнаулы  
қалған сүйікті баламыз Айдар өкпелемесін  
деген ниеттен болар.*

Айдардың мен ата-анасы – Дулат пенен Гүлнарға  
Өлең жаздым жеке-жеке қырық жасқа толғанда.  
Мүшел жастан шығып бүгін Айнұр да алды  
тақпақ-сый,  
Жыр арнадым Даниярға машинасын алғанда.

Ескерусіз қалдым-ау деп жүрмесін ол арманда,  
Өлең жазып кетейінші сүйікті ұлым – Айдарға.  
Осы үйдегі барлық жанға жыр арнаппын, ал оның  
Кінәсі не, туған күні жатса егер, тойланбай.

Он тоғызға толғанын да қалдық біздер аңғармай,  
Тойы оның тойланбақ па жанұялы болғанда?  
Жиырмаға жеткенінше бар ғой біраз уақыт,  
Өлең арнап кетейінші бүгін оған, жайдан жай.

Компьютерде тергенім жоқ, шығып едім  
сайланбай  
(Білесіздер, шабыт келмес, көп ойланып,  
толғанбай).

Қолмен жаздым, шын жүректен, тебіреніп,  
көрінер,  
Дәл осылай қалдырып мен, кетсем-дағы қол  
қоймай!

### АЙДАР МЕНЕН ЖАННАҒА

Қолдаймын мен шын жүректен Айдаржанның  
талғамын –  
Мәңгілікке жар ғып алған Айдай сұлу Жаннаны.  
Той үстінде тағдырдан мен жалбарынып  
сұраймын,  
Екі жасқа салмасын деп тауқыметін, салмағын!

Орындалсын алға қойған мақсаттарың, арманың,  
Айдар, саған адал болсын Жаннадайын жан-  
жарың.  
Құдай сізге ұзақ етіп, ғұмыр берсін бақытты,  
Сейілтпесін сізге арнаған жырларымның  
тармағын!

Бақилыққа өтіп кеткен, ерте сөніп жанары,  
Ақтаңыздар үмітін де, Люда-сынды ананың.  
Үбірлі де, шүбірлі сіз ата-анасы болыңыз –  
Моншақты қыз, оншақты ұл баланың!

Той үстінде, Айдар – балам, Жанна – келін,  
қарағым!  
Жалғастырып айтар болсам тілегімнің қалғанын:  
Қос аққудай қол ұстасып, бақытты боп жүріңдер,  
Өмірдің сіз базарында, назарында АЛЛАНЫҢ!

### АЙДАРҒА

Өлең жазып сыйлап жүрген отырысқа әр барған,  
Жаза алды ма екен аға бүгін біздің Айдарға.  
Деп отыр ғой үміт артып, Дулат пенен Гүлнаржан,  
Әбілмәнсүр бұйрық қылса, ән де айтамыз, жан  
барда!

Жүретұғын қашан көрсең ашық-жарқын, жайдары,  
Жиырма беске келіп қапты-ау, алтын балам –  
Айдарым!  
Ұзақ жаса, денің сау боп, қуанта бер біздерді,  
Қымбат сыйлық бермесем де, жырым дайын,  
әрдайым.

Құтты болсын екі мүшел тойың сенің, Айдаржан,  
Ұлдарымнан кейін тудың бірнеше жыл, айларға.  
Қалма олардан, біздер сүйген немереге үлгі бол:  
Сұлтан, Әли, Әбубәкір, Дана, Омар, Айбарға.

Біз өзіңді шығарып сап, бата алғаның есімде,  
Алматының күзгі сирек, жауыны жоқ кешінде.  
Денсаулығы жарамайды, жалғызбын деп,  
Айдаржан,  
Ата-ананды, қысы суық, Астанаға көшірме.

Мерейтойда не тілеймін, білмей тұрмын, Айдаржан,  
Не нәрсеге ынтықсың сен, жүрсің нені армандап?  
Бір білерім, осы жаста ер жігіттің ең мазмұнды  
жұмысы;  
Алу керек отау құрып, мәңгілікке жар таңдап!

Дұрыс шығар осы істі өзің ерте қолға алған,  
Сенімді арт әулетің мен ата-анаңдай қорғанға.  
Жаңа танып жатқан біздер әріптесің ұнады,  
Көзім жетті бастықтарың көрсететін қолдауға.

### МҮШЕЛДЕН, АЙНҰР, ШЫҒЫПСЫҢ...

(Кенже інім Дулаттың қызы  
Айнұр мүшелден шыққанда)

Сүйіктіміз, бәрімізге тым ыстық –  
Айнұр-қызым, мүшел жастан шығыпсың.  
Құтты болсын алғашқы той, аман жүр  
Қуанышы барлық туған-туыстың!

Өзі нәзік, көркі әсем, мінезі де қылықты –  
Айнұр-жаным, мүшел жастан шығыпсың.  
Келер мүшел жасқа дейін жабырқама, жасқанба,  
Үздік оқы, еңбек жаса, талаптанып тырысқын!

Енді ғана салса да артқа ата-анаң қырықты,  
Кенжесі-өзің, мүшел жастан шығыпсың.  
Қорғап жүрсін ағаларың – Айдар менен Данияр,  
Талмай сені машинамен қарсы алсын, қыдыртсын!

Шабыттандым, жүрегімнен жыр ұшты,  
Алғаш мүшел жастан, Айнұр, шығыпсың.  
Ақ тілегім – ұзақ жаса, бола біл  
Мақтанышы – бүкіл қазақ, Шығыстың!

### ҰШАТЫН КЕЗІҢ КЕПТІ, ҚАРЛЫҒАШЫМ!

(Айнұрға)

Ұшатын кезің кепті, қарлығашым!  
Иілсін қуаныштан «қарлы» басым.  
Бағың жансын, бақытты ет барған елді,  
Құдайым алды-артыңды жар қылмасын!

Қанат қағар кез кепті, қарлығашым!  
Тәртіп солай, ақ жаулық жамыласың.  
Қоңыраулы жастық шақ өтті бастан,  
От басыңды еске алып, сағынарсың!

Қимаймын, жолың болсын, қарлығашым!  
Жабықсақ, жанымыздан табыларсың.  
Артыңнан, қажет болса, барып тұрар,  
Екі ағаң – Данияр, Айдар – «қарғыласың»!

Сақтаған салт-дәстүрдің мол мұрасын,  
Шымкентке келін болдың, қарлығашым!  
Әнші мен күйші аспаған, белгілі ғой,  
Ол жақты тәрбиенмен таң қылмасың!

Көрмеген құрбыңмен де салғыласып,  
Инабатты, тәртіпті, қарлығашым.  
Намазхансың, ибалы, сондықтан тез,  
Бірқына оңтүстіктің бағынарсың!

Маған аян, Айнұржан, қарлығашым!  
Құр бекер, көлеуірсіп жағынбасың!  
Бізден алған қаруың – білім-ғылым,  
Бұйыртса, тек ақылмен мәз қыласың.

Қадірле барған елдің кәрі-жасын,  
Жүргейсің, талмай іс қып, қарлығашым!  
Жұмсақ төсек жайып сап түн ұйқыға,  
Ата-енеңнің әзірлеп таңғы асын!

Өкпелетіп алмайын, қарлығашым!  
(Құлағына сыбырла, жаңылмасын!) –  
Таңдаған жар ғып сені мәңгілікке,  
Нұрсұлтандай жігіттің бағы басым!

Кезің кепті ұшатын, қарлығашым!  
Бастарыңнан ешқашан арылмасын –  
Қыстай мықты денсаулық, көктем-көңіл,  
Күзде піскен дән-дақыл, жазғы жасыл!

### МЕРУЕРТ ҚЫРЫҚҚА ТОЛҒАНДА

Қырық жасқа келіп қапты қарындасым-Меруерт,  
О, жасаған, қалған ғұмыр, тез-тағдырын жеңіл ет!  
Әкеден жастай, жұбынан ерте айырып оны,  
Жасаған,  
Бір басына аямай барлық қайғыны үйіп беріп ең.

Қырық жасқа толып отыр қарындасым-Меруерт,  
Көздегенім мерей тойға жырдан шашу теру ед(і).  
Келмей қойды шабыт маған, мадақ өлең тумады,  
Көз алдымнан қайта айналып өтті өмір-керуен.


Еске түсті әке-шешем (қол бұлғап жүр алыстан),  
Қаралы күн – айырылған Сабыржандай арыстан.  
Үш ұлдарын бірге сүйіп, қыздан және үміткер,  
Үй боп келе жатқанында қатарынан қалыспай.

Ешкім қарсы тұра алмады тосын келген өлімге,  
Болдық мәжбүр бәріміз де мойынсынып, көнуге.  
Жылауды да қойып біздер, сабыр сақтап,  
тәубе еттік,  
Озу анық болғаннан соң жалған мына өмірден.

Сабыржанның қысқа болды, ғұмыры  
өлшеп берілген,  
(Тиген шығар жұмсақ орын оған жұмақ төрінен!).  
«Артында бар, оңалар» деп, айтпаған ғой бекерге,  
Өсіп жатыр қыз-ұлдары, тым кішкентай көрінген.

Сабыржан жоқ, тағдырдың сын-тәлкегіне төзуде,  
Әке көру бұйырмаған қызы, жары – Меруерт.  
Еркебұлан, Ұлан менен Айжан – әлі оқушы,  
Тіреу болды, үлкендері-Темір бүгін – студент.

Қырық жасқа толған мынау тойыңа мен, Меруерт,  
Отбасыңа бар жақсылық, бақыт тілей келіп ем.  
Тым көңілсіз болып шықты жыр-шашуым арнаған,  
Ақ тілегім – ұзақ жаса, жетші алдыменен елуге!



## САБЫРЖАНДЫ ЕСКЕ АЛУ

*Сүйікті күйеу баламыз, кенже қарындасым  
Меруерттің асыл жары, әділет капитаны  
Асқабиябаласы Сабыржанның қызмет бабында қаза  
болғанына бүгін он жыл толыпты... Уақыт неткен  
жылдам?!*

Он жыл толды дүниеден өткеніне Сабыржан,  
Аз жыл жасап бұл жалғанда, өшпестей із  
қалдырған.

Жақсы адамның, рас шығар, Құдайға да керегі,  
Қандай дауа айта аламыз салмақ салған  
тағдырға?!

Десек-тағы, тумас жанның өлмегі де заңдылық,  
Сабыржан тым ерте аттанды сапарына «мәңгілік».  
Төбемізден жай түскендей болдық, бірақ, амал не,  
Жылап-сықтап, шерге оранып, қала бердік  
сан ұрып.

Тоқтау айтып, жоқтасақ та, біздер бірге қайғырып,  
Анасы мен отбасына түсті барлық ауырлық.  
Әсіресе қарындасым – Меруерттей жарына  
Шиеттей төрт баламенен қалған қара жамылып!

Сабыржан да жақсы көрді туыстардың барлығын,  
Қорғап-қолдап жүруші еді жиендерін, бауырын.  
Күйеу бала деп атағам жоқ, өз інімдей көруші ем –  
«Пайғамбар да силайтұғын» сүйіктісі еді  
қайнының.


Он жыл бопты түскеніне басымызға қайғы-мұң,  
Мойымады, жеңді Меруерт тауқыметін  
тағдырдың.

Жүдетпестен, тамағын тоқ, киімін көк өсірді  
Үш ұл менен Айжан-қызын, жоқ нәрсені бар  
қылып.

Он жыл болды қалғанына көңіліміз жабығып,  
Ұмытпаймыз Сабыржанды, жұрміз әлі сағынып,  
Тәуба қылып, түскен іске шыдау керек болаттай,  
Енді бізге қалғаны тек шүкіршілік, сабырлық.

Он жыл толды бізді тастап кеткеніне Сабыржан,  
Еске алды туған-туыс, жұрты ағынан жарылған.  
Жебеп-желеп ұрпақтарын, өмір жасын ұзақ қыл,  
О, жасаған, берілген ас, дұғамызды қабыл ал!

**15 сәуір 2007 ж.**





**ЖАҚСЫ ЖАР – БАҒЫ ЖІГІТТІҢ**  
(Жиенім Тимур мен Динаның тойына арнау)

Алпыс жыл өмір сүріппін,  
Осыдан құнды сыр ұқтым –  
Ұрпақ әкеп, өсірген,  
Жақсы жар – бағы жігіттің!

Алты жыл күтіп жүріпті,  
Дина-қыз – көркем, қылықты.  
Бағалай біл, Тимуржан –  
Жақсы жар – бағы жігіттің!

Бастарың бүгін бірікті,  
Туысты анаң жиыпты,  
Жоқтатпаған әкені,  
Жақсы жар – бағы жігіттің!

Соңында күйбің тірліктің,  
Қызығын көрмей қырықтың.  
Сабыржан-әкең анаңмен  
Аз ғана бірге тұрыпты.

Бола да білген сүйікті,  
Жеңе де білген күйікті,  
Меруерт-мамаң жары еді  
Сабыржандай жігіттің!

Сұлтаны еді жігіттің,  
Салмаса ажал құрықты,  
Жүрер еді-ау Сабыржан,  
Ортасында қызықтың!



Достары тойды күтіпті,  
Қуанып бәрі, күліп тұр.  
Бақытты болып, ақтаңдар,  
Тойшылар артқан үмітті!


Болыңдар маман білікті,  
Мақтанышы елдің, ұлттың.  
Жүріңдер ата жолымен,  
Сақтаңдар әдет-ғұрыпты!

Зиялы жандай білімді,  
Біреуің сила, біріңді.  
Қор болмайсыз өмірде,  
Алсаңыз менің тілімді.

Жақсы жар – бағы жігіттің!  
Деп ойымды қорыттым.  
Ақ тілегі осындай –  
Нағашы туған жұрыттың!

**5.10.2013,**

**«Әулет» мейрамханасы**





## ҚУАНЫШ ПЕН АЛМАҒА

*Ауылдас, рулас қарындасым Алма мен күйеу  
баламыз Қуаныш жаңа пәтер алып, қоныс той  
атағанда жазылды...*

Пәтердің кезегінде көп жыл күткен,  
Жан едім үй ала алмай есі кеткен.  
Қуаныш, Алма, үйлерің құтты болсын,  
Білмеймін, нешінші рет көшіп жеткен!

Берілген жоқ қой бұл үй тектен текке –  
Арқасы адал еңбек, тердің төккен.  
Бір күні Астанадан үй алыңыз,  
Штаб қолдап, Тәңірім нәсіп еткен!

Жаңа үйде бақытты өмір сүріңіз,  
Әрқашанда жадыраңыз, күліңіз –  
Теңін тауып, жиендерді көбейтсін,  
Динара мен Алина – қос қызыңыз.

Ажырамай біріңізден біріңіз,  
Жүзге дейін қол ұстасып жүріңіз.  
**Алма** бетке әжім түспей ешқашан,  
**Қуаныштан** жадырасын жүзіңіз.

## ІІІ БӨЛІМ

### БАР БАЙЛЫҒЫМ

*Атақ-шенге қызықпадым – олар маған не берер,  
Бар байлығым – жарым менен балаларым,  
немерем.  
Болдым адал соларға мен, білім бердім,  
жеткіздім,  
Сенімім мол – ұрпағыммен көсегеміз көгерер.*

*Автор*



## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ СЫР

Ешкімнің жолын кеспедім, қызықпадым мансапқа,  
Мазалайды арам ой – дұрыс па осым, жаңсақ па?!  
Мен ешкімге жағымпаз боп көргенім жоқ,

сондықтан

Қалғаныма сенімдімін ұятым мен ар сақтап.

Қызмет бабын пайдаланып, жеткендер бар

мақсатқа,

Тер төккен де аз емес қой, еңбектеніп, мал тапқан.

Нарық қысып, жұмыс таппай, ауылдан кеп

аяймын,

Жүргендерді базарларда арба итеріп, жан сақтап.

Өсіп едім кішкентайдан өлең оқып, жыр жаттап,

Ән де салдым сахнадан, шырқап, даусым

асқақтап.

Өнерімді неге аяймын елімнен мен, жатса егер,

Ағайыным ардақ тұтып, құда қолдап, дос мақтап.

Жаңылдырған ұзақ жылдар, жамылып ап дос

атын,

Адамдар да табылды ғой, ту сыртымнан тас атқан.

Пәтеріме таласқан да, сот алдына шақыртып,

Құр бекерге балағаттап, қиянат қып, бос даттап.

Атақ-шенге қызықпадым – олар маған не берер,

Бар байлығым – жарым менен балаларым,

немерем.

Болдым адал соларға мен, білім бердім, жеткіздім,

Сенімім мол – ұрпақтармен көсегеміз көгерер.

## КЕЛДІ ЖАСЫМ ЕЛУ БЕСКЕ

Келді деп менің жасым елу беске,

Жиналды біздің үйде бүгін кеште:

Ата-анамның көзіндей – аға-жеңгем,

Бауырлар бірге туып, бірге өскен.

Балалық бал-дәуренді бірге кешкен,

Жерлестер – бір ауылда кіндік кескен.

Құдай қосқан құда мен құдағилар

Төс қағысып, құйрық пен бауыр жескен.

Тарихтың еншісінде бел-белестер,

Біздер асқан келгенше елу беске,

Тағдырдың ақ-қаралы жолақтары

Тізіліп кинодайын келеді еске.

Сенетін сырларымды көкей тескен,

Қатар жүр қаншама жыл қызметтестер,

Бөліскен ыстықты да, суықты да,

Достар менен жетерлік әріптестер.

Мың рахмет туыс-құда, жерлеске де,

Құттықтап келген мені елу беспен.

Қуаныш бөлісуге келмеді, әттең,

Сыймасын білген үйге әріптестер.

### ТӨРЛЕТ, ҚӘНЕ, АСҚАРАЛЫ АЛПЫСЫМ!

Келіп қапсың, төрлет, қәне, асқаралы алпысым,  
Қуансын жұрт, бауырларым, құдаларым,  
шалқысын!

Еске алайын бастан өткен небір қызық сәттерді,  
Қонақтармен бірге салған әнім көкте қалқысын!

Шынымды айтсам, қуанбадым, сен келді деп,  
алпысым –  
Артқа салдым өмірімнің, кем дегенде жартысын.  
Жасамадым ел секілді дүбірлетіп ұлы той,  
Аз болған соң бітіргенім бүкіл қазақ халқы үшін!

Шен қумадым, болмағанмен үлкен ғылыми атағым,  
Отбасында бақытты жар, сүйікті әке, атамын.  
Дәріс оқып, жас ұрпақтың алғысына бөлендім,  
Ардақтайды әріптестер, құрбы-құрдас, қатарым!

Мың бір құлдық Жаратқанға, ризамын тағдырға,  
Жолықтырған Бақытпенен, оны мәңгі жар қылған,  
Туып берген бір қыз бенен үш ұл алтын асықтай,  
Енді олардан көрген тәтті немере үшін жан құрбан!

Тұрса алда аға-жеңгем, қартаймаймын, шаршаман,  
Қолдап жүрсе бауырлар мен келін, күйеу қоршаған.  
Сондықтан да ажырамай бала күнгі достар мен  
Жаңа туыс – құда-жекжат екен деймін болса аман!

10.02.2013

### АЛПЫС ҮШТЕ, ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНДАМЫН...

Алпыс үште, пайғамбар жасындамын,  
Есен-сау, бауырлардың қасындамын.  
Қыз-ұлдарым, немере, келін, күйеу,  
Шүкіршілік, жанымда асыл жарым!

Алпыс үште, пайғамбар жасындамын,  
Құдаларым, бағым – Сіз – басымдағы.  
Бір туғандай боп кеттік өзіңізбен,  
Тағдыр жазып, балалар қосылғалы.

Алпыс үште, пайғамбар жасындамын,  
Білесіз Әуесхандай досым барын.  
Бір жеті бұрын туған, әрбір жасқа  
Ол толып, мен келемін сосын барып.

Алпыс үште, пайғамбар жасындамын,  
Туыстан бөлек үстел басындағы,  
Мен үшін бүгін қатты қуанып жүр,  
Немерелер – жайқалған жасыл бағым!

Артта қалып жылдарым еңбектенген,  
Бір-ақ кеште айналдым зейнеткерге.  
Тұғырдан тайғаным жоқ, кешсем деймін  
Ендігі ғұмырымды бейнет көрмей!

10.02.2016

### 65 ЖАС (ТАҒЫ ДА ӨЗІМ ЖАЙЛЫ)

65 жыл толып отыр менің алғаш жарып үн,  
Есік ашып дүниеге, көргеніме жарығын.  
100 жастың да ауылына жақындар ем, Инша  
Аллаһ,  
Тәңір қолдап, сыйласа егер осы жастың жарымын!

Тауыссам да өмір дейтін сапарымның жарымын,  
Арқасында жастайымнан қалыптасқан дағдының –  
Ерінбеймін жұрт ұсынған, жаным сүйген  
жұмыстан,  
Тартынбаймын, жетіп жатса, өрем менен  
қарымым!

Көйлегі көк, тамағы тоқ, ашпасын деп қарыны,  
Келем әлі бауырлар мен балалардың қамын қып.  
Міндет етіп мойыныма, өз еркіммен алғанмын,  
Әкем өтіп, шиеттей жан қалған кезде сан ұрып!

Шындық үшін арпалыстым, сатқаным жоқ  
арымды,  
Тырыстым мен қоғам үшін іс қылуға жағымды.  
Ала жібін аттамадым, жолын жанның кеспедім,  
Мұқтаждарға бөліп бердім қолымдағы барымды.

Өлдекімге арыз жазып, көргенім жоқ шағынып,  
Басымды иіп көрінгенге, көлеуірсіп, жағынып.  
Бүгінгіме қол жеткізді, төккен тер мен ақ адал  
Еткен еңбек бойда тұрған кезде жастық жалыным!

Шыдам жетпей жатса-дағы, таусылмады сабырым,  
Баспананы жиырма екі жыл, күттім ұзақ,  
сарылып!

Елмен бірге, бұйырғанын алдым, кидім, ішіп-жеп,  
Сәті түсіп, салса сол күн ауызымның салымын.

Белгісіндей балғын дәурен, қимас бала  
шағымның,  
Балаларым, немерелер бастау көзі бағымның.  
Арқасында үш ұл менен жалғыз-ақ тал қызымның,  
Сыйласатын құда таптым, артты менің қадірім!

Жалбарынып шығамын мен күнде таңды таңға  
ұрып,  
Іргемізді, ағайынды «аман ет!» – деп жалынып.  
Құдай берген жасты бірге сіздерменен жасармын,  
Бала-шаға тілімді алып, отырса егер, жар ұғып!

Жүрсем деймін мұқтаж жанның жанынан тез  
табылып,  
Көмек қолын созсам жанға, жоқ іздеген сабылып.  
Айдай шыным, үйде қарап отырмаймын бостан  
бос,  
Көре алмасам бірер апта, жүрем досты сағынып!

Амандасып, араласар енді өзіңіз қауымым,  
Жөн сұрасар, хал сұрасар, қалсам кенет ауырып.  
Аллаһ естіп, Сіз оқыған дұғалар мен тілеген  
Тілектерден ғажап емес, кетерім де сауығып!

Шынымда айтсам, туған күнде, мен ағымнан  
жарылып,  
Болмысым да, бітім де, осы менің қалыбым!

10.02.2018

## ӘНГЕ ОДА

*Саратовта өткен жалынды жастық шақта  
Халықаралық студенттер күніне арналған бір  
кеште (19.11.1972 ж.) аяулы жарым Бақытпен  
таныстым.. Оған себеп болған Нұрғисаның  
“Алатау” әні еді...*

Есіңде ме Саратов,  
Есіңде ме Ақ Еділ?  
Таныстырған, табыстырған  
Екеумізді ән еді.

Мен айтқанда “Алатауды”,  
Мазақ етіп сен күлдің.  
Сол наз күлкің ұнап маған,  
Билеп алды еркімді.

Үш жылдан соң ләззатты мол,  
Болдық ерлі-зайыпты.  
Оған-дағы күлкің менен,  
“Алатау” ғой айыпты.

Берік әлі босағамыз,  
Сүйсінеді дос-жаран.  
Көп балалы жанұямыз,  
Тар болып жүр баспанам\*

Көпсінбеймін, арқасында  
Өзің сынды әйелдің,  
Төрт балаға әке болдым,  
Бақытқа мен кенелдім.

\*\*өлең жазылғанда төрт баламызбен «Аспиранттар үйінде», жатақхананың бір бөлмесінде тұратын едік.

Махаббатқа бастау болған  
Құрметіне сол әннің,  
Ақылыңнан – тауып қойдың  
Атын қызым-Әнелдің.

Бақыттымын өзіңменен,  
Ұлдарыммен, Әнелмен.  
Ризамын махаббатқа  
Басталған сол бір әннен.

Бүгін, міне, үйім толды  
Күлкісіне баланың.  
(Сондықтан да)  
Махаббаттың дәнекері –  
Әнді еске аламын.

Біз танысқан күн мен әнді  
Жырға қосып, толғандым.  
Сол бір әннің қайырмасы,  
Бәлки, бізге арналды:

“... өмірім гүлді,  
өмірім жырлы...”  
Бақытымнан айналдым!  
Киев, 1985 жыл,  
қараша.

### 30 ЖЫЛ ӨЗІҢМЕНЕН БАҚЫТТЫМЫН...

*(Осыдан отыз жыл бұрын  
Халықаралық студенттер күнінде  
жарым Бақытпен танысқан едік...)*

Отыз жыл өзіңменен бақыттымын,  
Асыл жарым, аяулы, Бақыт-күнім!  
Мұнайсаң сен, кетеді берекетім,  
Ал қуансаң, шығады шаттық үнім.

Өзіңмен отыз жыл мен бақыттымын!  
Көз алдымда баяғы жастық күнім.  
Студенттік бір кеште танысып ек,  
Кеміген жоқ, артпаса, ғашықтығым.

Мен өзіңмен отыз жыл бақыттымын!  
Сенші, Бақыт, имандай, ақтық шыным –  
Өзің жоқта сыймадым жер мен көкке,  
Жаным сенің қасыңда тапты тыным.

Отыз жыл сенсің – менің бақ-орманым!  
Тағы отыз жыл бір болу – бар арманым.  
Қосағым, өзіңменен бірге ағарып,  
Көрсем деймін қызығын балалардың!

22.11.2002

### БАҚЫТҚА

Туған күн құтты болсын, Бақыт, жаным,  
Балалар мен өзіңсің өмір сәнім.  
Жаңа туыс – Теміртас, Баян менен,  
Силады биыл бізге Әлияны.

Болды Әлішер-баламыз жанұялы,  
Ұнатып мәңгілікке Әлияны.  
Балалар ұшар өстіп әрқашанда,  
Тілеймін сен қасымда табылғанын!

Берген соң Әлияны бізге қолдан,  
Тимекең асып кетті Талдықорған.  
Шет елде жүрген біздің балалардай,  
Құданы көру бізге болды-ау арман!


Түсінер, қалжыңдаймын сағынғаннан,  
Тимекең шығып отыр бүгін ойдан.  
Белгісі туыстықтың – келіп отыр,  
Алыстан ат арылтып мерей тойға!

Рахмет, той атқарған туыстарым,  
Жүрмейтін қуаныштан қалыс қалып!  
Ағатай, Жұмат, Дәулет, Қанат, Дулат,  
Жеңге, келін, қарындас барын салып!

Құдағи-Баян – сенің сырласыңдай  
Теміртас-құдам болсын құрдасымдай.  
Марсель де, өсті Ануар, Әнелменен,  
Той болсын біздің үйде жылда осындай!

«Бақыт-құс біздің үйге қонып тұрсын,  
Төрт түлік қорамызға толып тұрсын!»  
Әлішер, Әлия мен сағындырмай,  
Шет елден жылда бірге келіп тұрсын!

Сыйларым мерей тойға жырым, әнім,  
Құдайдан ғұмыр бер деп жалынамын!  
Сен менің атыңа сай – Бақытымсың,  
Өлгенше сүйіп өтем, табынамын!



## КӨЗДЕН ТАСА БОЛҒАНЫҢДА БІР АПТА

*«Сағынғаннан сені ойлап, келер  
көзге ыстық жас».*  
Абай.

(Қаламын ба шынымды айтсам ұятқа,  
Оңашада келді алғым жылап та).  
Құлазыды көңілім іздеп өзінді,  
Көзден таса болғаныңда бір апта.

Үйге, түзге, симадым шар-тарапқа,  
Түстім ойға, шықтым тауға, қыратқа.  
Тамақ батпай, ұйқтамадым түнімен,  
Көзден таса болғаныңда бір апта.

Жауап таппай қызым қойған сұраққа –  
«Дәмсіз бе су, түссіз бе су, су ақ па?».  
Ақылдасар сені таппай қиналдым,  
Көзден таса болғаныңда бір апта.

Көптен қалмай, салсам дағы мыңды артқа,  
Сенсіз жету қиын бақыт, мұратқа.  
Ақиқатқа мені осындай жеткіздің  
Көзден таса болғаныңда бір апта.

– Өзіңменен өткені артық бір апта,  
Жүз жылдан да сенсіз жүрген жұмақта.  
Өлеңіме арқау етіп қорыттым  
Тағдыр басқа салған осы сынақтан.

### ЖҮРЕГІМ ӘЛІ ЖАС МЕНІҢ...

Шашым аппақ болғанмен, жас жүрегім,  
Талабыммен тау жарып, тас тілемін.  
Өз әлімше әлі күн ақтап келем,  
Ағайынның үмітін, дос тілегін.

Шашым да ақ, сеніңдер, ақ жүрегім,  
Жастайымнан сауықшыл, көпшіл едім.  
Айдай шыным, балаша қуанамын  
Жеңісіне достың да, көршілердің.

Шашым аппақ болғанмен, жас жүрегім,  
Шүкіршілік, бойымда күш-жігерім.  
Құдайым ұзағынан сүйіндірсін –  
Ұл үйленіп, үйіме түсті келін.

Жас есейіп қалса да, жас жүрегім,  
Кейде билеп бойымды жастық сезім.  
Алтын көрген шайтандай жолдан тайған  
Жас қыздарды қаламын жақсы көріп.

Жас ұлғайған шағында “жас жүрегін”  
Жыр ғып жазған жастарға кешші мені,  
Асыл жарым, Бақытым, он тоғызда  
Ғашық болып, ұстаған ақ білегін !

### ЖАҚСЫ ЖАР – ОЛ ДА СЫЙЫ ЖАРАТҚАННЫҢ (Бақытқа)

*Өзім Киевте 3 ай оқып, білім жетілдіріп, кәсібімді  
шыңдағанда Бақытқа “Әнге ода” дейтін өлең арнап  
едім. Енді Бақыт немерелерді бағысуға Лондонға  
кеткенде сол сарындас тағы бір жыр туды...*

Білім қуып ауылдан қанат қағып,  
Оқуға Ресей барып, талаптандым.  
Тағдырым өзіңменен табыстырды,  
Білмеуші едім ол жақта қазақ барын.

Орысша алған дәріс, сабақтарым,  
Екі-үш жыл қыз-қырқынға қаратпады.  
Кітапханада шұқшиып қысы-жазы,  
Өткіздім ізденумен сан аптаны.

Атанып жақсы студент, санаттағы,  
Бой түзеп, шаш қайырып, тарақтадым.  
Мен алғаш он тоғызда сауық құрдым  
Ішінде сіз шақырған қонақтардың.

Орындап достарымның талаптарын,  
Ән салып ем, сен күліп, мазақтадың.  
Қыз қылығың ұнады бір көргеннен,  
Өзінді мәңгілікке қалап жаным.

Ақтардық бірге өмір парақтарын,  
Үш ұл мен туды бір қыз – қарақтарым.  
Оларды жеткіздік біз, сенің арқаң,  
Көйлегін көк, тоқ қылып тамақтарын.



Бұл күнде кәметке жарап бәрі,  
 Үздік оқып, білім ап, қанаттанды.  
 Ұлдар келін түсіріп, қыз бой жетті,  
 Біздерге салмай ешбір салмақтарын.

Еске алып, өткенді өстіп сараптадым,  
 Қанша өзіңмен арайлы таң атқанын.  
 Тәуба қылдым, иландым деген сөзге:  
 “Жақсы жар – ол да сыйы Жаратқанның!”

### САҒЫНЫШТАН САРҒАЙЫП, ЖАЗДЫМ ӨЛЕҢ

Жол жүріп, алшақтап ең аз күн менен,  
 Сарғайып сағыныштан жаздым өлең.  
 Қыз-келін пісіргенмен мезгілінде,  
 Ас батпай, салмақ жойдым, азды денем.

Сағыныштан сарғайып, жаздым өлең,  
 Аллаға Шүкір, үйімде жалғыз емен.  
 Балалар, немерелер қоршаса да,  
 Не дерсің көңілге бұл – жарды іздеген!

Сүйем сені тәніммен, жанымменен –  
 Сағыныштан сарғайып, жаздым өлең.  
 Алыстағы туысты іздеп барар  
 Бірге екеуміз күтейік жазды келер!

### ОТЫЗ БЕС ЖЫЛ МЕН СЕНІ ТАНЫҒАЛЫ

*Жан жарым, төрт баламның анасы,  
 немерелерімнің әжесі – Бақытпен танысқаным  
 35 жыл толды...*

Отыз бес жыл сенімен танысқалы,  
 Ұялып, қымсынып қол алысқалы.  
 Бір көргеннен өзіңе ғашық болған  
 Студенттік сол күндер алыс қалды.

Отыз бес жыл мен сені танығалы,  
 Содан бері біргемін, жаныңдамын.  
 Немерені бағуға жолға шықсаң,  
 Бір апта толмай жатып сағынамын.

Отыз бес жыл мен сені танығалы,  
 Мерекелік сол бір кеш жадымда әлі.  
 Бір сәтте, сірә, мен де ұнап қалдым,  
 Нұрғисаның “Алатау” салып әнін.

Қысы ұзақ, аязды, қары қалың  
 Ыстық маған Саратов – сары тауым.  
 Өйткені отыз бес жыл бұдан бұрын  
 Сонда оқып, мен өзінді танығанмын.

Отыз бес жыл мен сені танығалы,  
 (Өмірдің көбі өтіп, азы қалды).  
 Арманым жоқ жалғанда қатар жүрсем  
 Өзіңмен отыз бес жыл тағы да бір!

## ҒАШЫҚ БОЛМАУ МҮМКІН ЕМЕС ӨЗІҢЕ

Жолықтырдым, құдай қолдап, студенттік кезімде,  
Бір көргеннен оттай болып, басылдың сен көзіме.  
Талдырмаш қыз, бидай өнді, белі нәзік, қолаң шаш –  
Ғашық болмау мүмкін емес сияқты еді өзіңе.

Кездескелі біргеміз біз – қос аққудай, егіздей,  
Бір күнгідей өте шықты отыз бес жыл сезілмей.  
Тату-тәтті отбасымыз, ынтымағы жарасқан,  
Ғашық болмау мүмкін емес еді, өйткені, өзіңе.

Өсірдің сен, бағып-қағып, ұл-қызымды көз ілмей,  
Таң қалдырып келе жатсың бойыңдағы төзімге.  
Сабырлы жан – төрт баламның толықсыған анасы  
Ғашық болмау мүмкін емес еді әрқашан өзіңе.

Сен қасымда, болашаққа қарадым мол сеніммен,  
Үйсіз жүріп, түссек-тағы тағдырдың сан тезіне.  
Сенімді тыл, ақылшым да, қолғанатым бола алған  
Ғашық болмау мүмкін емес еді-ау сонда өзіңе.

Ұлдарымнан ұрпақ көрдік –  
Сұлтан, Әли, Дана, Айбар есімді,  
Қолды-аяққа тұрмайтұғын, зыр-зыр етіп, безілдеп.  
Әже болдың, немерелер жақсы көріп, сүйетін,  
Ғашық болмау мүмкін емес еді-ау, Бақыт, өзіңе.

Сенер, бәлки, сенбес жұртым, жырыма да, сөзіме,  
Әлі күнге мұқалмаған махаббатқа, сезімге.  
Шабыт беріп келе жатқан өмір бойы, жан жарым,  
Ғашық болмау мүмкін емес, жас келсе де, өзіңе!

## ЖАН ЖАРЫМ БАҚЫТҚА

Бүгін толған 60 жасың құтты болсын, жан жарым!  
Бір өзіңсің сүйіктім де, қымбаттым да, ардағым.  
Тату тұрдық, сондықтан да білінбеді біздерге,  
Осы жасқа қалай ғана жылдам келіп қалғаның.

Ұрпақ сүйдік, бабалардың ұлы көші жалғанып,  
Өкінбестей өмір сүрдік біз бақытты, жан жарым.  
Мерейтойды бірге тойлап отыр достар, бауырлар,  
Жана туыс – құдаларым, немерелер жан жағың.

Үш ұл мен қыз, біз өсірген, үздік оқып, қарманып,  
Білім алды, екеумізге артпай ешбір салмағын.  
Түсті үш келін тәрбиелі, ақылына көркі сай,  
Сенің арқаң – биік болса ұлдарымның талғамы.

Ауырлыққа бірге төздік, жеңдік тағдыр салғанын,  
Не іс қылсам, қанат бердің, қосылдың сен,  
қолдадың.

Енді алпыс жыл мен қасыңда, аман-есен жасай бер,  
Бұл жалғанның базарында, назарында Алланың!

Туған күнде тағы да мен не тілейін, жан жарым,  
Көңіл күйің көтеріңкі, болсын жүзің жайдары?!  
Сен мүшелден шыққаныңша мен ғылыми атақ ап,  
Орындалсын қанша жылғы мұрат еткен арманың!



## МАРСЕЛЬ 20-ҒА ТОЛҒАНДА

Арналады беташар жырым саған,  
Келдің бүгін, Марсельжан, жиырмаға.  
Тұла бойым-тұңғышым, ер жетіпсің,  
Кеше ғана бесікте ыңылдаған.

Әке-шешең сен үшін ұялмаған,  
“Беске” оқыдың келгенше жиырмаға.  
Сондықтан да қысылмай барып жүрдік  
Мектепке де, ата-ана жиынына.

Өзің шашып, мамаңсыз жиылмаған  
Тар жерде өстің жеткенше жиырмаға.  
Еденде ұйықтап, ер жеттің, айналайын,  
Менен биік бойыңнан, буылмаған.

Ата-анаңның ойында бір ғана арман  
Марсельтай, толғанда сен жиырмаға –  
Сатып алсақ несиеге биылғы жыл  
Үлкен пәтер, кезекпен бұйырмаған<sup>1\*)</sup>.


Ақ тілегі әкеңнің, жүрек жарған,  
Балам, өзің толғанда жиырмаға –  
Аман-есен туыстар басын қоссын  
Тойыңда ҚазМУ-ді үздік тамамдаған.

Азамат бол, Марсельтай, білік маман,  
Тағы айтарым толғанда сен жиырмаға:  
Ұлы болғай атаңның, бүкіл қазақ,  
Ұлы емес мамаң мен менің ғана!

<sup>1\*)</sup> Сол жылғы жұмыс орным – ҚазҰУ үй сатып алу үшін  
«Жилстройбанктен» несие алуды ұсынған еді.

(Силамақ ем видеокамера да,  
Марсельтай келгенде сен жиырмаға.  
Бізде әзірге 600, сатып алғын,  
Бас-аяғы 1000 доллар жиылғанда)

12.03.1996



## МАРСЕЛЬ ОТЫЗҒА ТОЛҒАНДА

*Отызға келді тұңғышым,  
Өзінің бар баласы.  
Немеремді жүр құшып,  
Келініммен жарасып...*

*Туыс пен достар жиналды,  
Тойына шалғай жырақта.  
Жұмыс басты, қиналдым,  
Сұрана алмай бір апта..*

Тұңғышым – алтын қанатым,  
Өзіңсің – арқа сүйерім.  
Қиналмай сатып алатын,  
Мамаңның сәнге киерін.

Жүрсең де шалғай, алыста,  
Ұмытпаймыз ешқашан.  
Заттың бәрі қолға ұстар  
Тұрады сені еске сап.

Қарбалас шақта, қат-қабат,  
Үлгермей ылғи, алаң-ды.  
Кіржуғыш – силап – автомат,  
Ұзарттың қолын анаңның.

Тұрмыстық қажет бұйымға  
Асханам толды сен алған.  
Ыдыс пен аяқ бұрынғы  
Бүгінде толық жаңарған.

Табак пенен қазанның  
Әпердің не бір жиынын.

Комбайн менен тазартып  
Сығатын жеміс шырынын.

Лезде кеуіп кеселер  
Жаңа ғана жуылған.  
Қасық пенен кепсер де  
Орынын тауып тұғырдан.

Әр нәрсе өз орнында,  
Ыңғайлы, ықшам, сапалы.  
Мамаңның шықтың ойынан,  
Көңілін таптың папаңның.

Теледидарға талайдан  
Жүретін едік таласып.  
Бұл күнде әркім қарайды  
Ұнатқан бағдарламасын.

Осының бәрін өзім де  
Білер жылда алар ем.  
Бірақ менің алғаным  
Сенікіндей болар ма ед!

Ұқсайсың қатты сен маған,  
Кигендейсің маскімді.  
Бойың биік сәл ғана,  
Елестейді жас күнім.

Айтсам, маған тағы да  
Мінезіңнің тартқанын.  
Күлетіндер табылар,  
Кетті деп әкең мақтанып.

Орда бұзар жасында  
Не тілеймін, ақ балам?  
Жанұяң әркез қасында,  
Сау жүрші пәле-жаладан!

Өзіңнің сай талғамына,  
Ойыңа алған, қалаған,  
Жеткін мақсат-арманыңа,  
Қолдап Аллаһ-тағалам!

Сен, балам, маған папалап,  
Өсіп ед алғаш мәртебем.  
Сенімен бүгін мақтанам –  
Жетердей көкке сәл төбем.

Дұрыс қой, тегі, баланың  
Әкеден оза туғаны.  
Қарышты болсын қадамың,  
Жүрейін соған қуанып!

Төртінші ондық, ақ балам,  
Жатырсың бүгін “ұсатып”.  
Аман жүрсін ата-анаң,  
Ақылын айтып, “ұрсатын”!

12.03.2006

## ЛИЛИЯҒА

*Ақсай қаласында жұмыс істеп жүрген ұлымыз  
Марсель өз қалауы – Лилияны әкеліп таныстырғанда  
шұғыл жазылып, оқылды...*

Ұнаған тұңғыш ұлыма,  
Болашақ келін, Лилия,  
Танысқанда қарадың  
Күлімсіреп, жымия.

Жылы күліп, қарауың  
Ұнады бізге, қарағым.  
Шыға келдің, сұрасам,  
Жиені болып таманың.

Қолдауымен Алланың,  
Құдалыққа барамын.  
Қымсынбаймын, папаңа –  
Құдамын, әрі бажамын.

Қалжыңым ғой, қарағым,  
Осы еді, бірақ, қалауым.  
Құт болып кір үйіме,  
Қызыма сені баладым.

Берші деп мендей құлыңа,  
Сұраушы едім қиыла,  
Жаратқаннан жалынып  
Өзіңдей келін, Лилия.

Қош келдің, жаным, Лилия,  
Шабыт бердің жырыма.  
Шын көңілмен ризамын  
Тағдырдың сендей сыйына!

20.06.2004

### ӘЛІШЕРДІҢ ТУҒАН КҮНІНЕ

Ұнатып мәңгілікке Әлияны,  
Қуанттың болып, балам, жанұялы.  
Жұбыңыз берік, екеуің тойдан бері  
Мекендеп жатырсындар Англияны.

Ақталсын еңбектерің, ағылған тер.  
Чех жерінде Әлия, сен, Әлішер  
Лондонда оқу оқып, бізге жақын  
Боп қалды екі бірдей бейтаныс ел.

Ұзақ болсын, Әлішер, ғұмыр жасың,  
Құдайым алды-артыңды жар қылмасын.  
Тілегі дәл осындай деп ойлаймын  
Құдағи – Баян, құдамыз – Теміртастың.

Демеп жүрген қызын, күйеу баласын,  
Алайық, Сән-әжеңнің<sup>2\*)</sup> ақ батасын.  
Қайда жүрсең Әлия екеуіңнің  
Жолыңыз боп, өрлесін тауға тасың!

13.05.2002.


### ӘЛІШЕР МЕН ӘЛИЯНЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНЫҢ БІР ЖЫЛДЫҒЫНА

Үйлендіріп өздеріңді, қуанғалы той қылып,  
Қас қағымда өте шықты, алғашқы жыл-сәйгүлік.  
Бауырларың, Бақыт, Баян, мен, Темекен сүйсінген,  
Жарасымды жар болыңдар, сен екеуің мәңгілік.

Шыт тойларың, шат тойларың дәл бүгін,  
Ата берсін алдарыңнан, әрқашанда таң күліп.  
Тойдан бері оқу оқып, талмастан сіз шет елде  
Білім қуып, қызмет етіп, жатырсындар талпынып.

Шыт тойларың, құт тойларың дәл бүгін,  
Қуанышым сейілмесін, торламасын қайғы-мұң.  
Құдалар мен, тек біздердің ұл-қызы емес  
меншікті,  
Мақтанышы болыңыздар бүкіл қазақ халқының.

15.09.2002



<sup>2\*)</sup> Құдай қосқан құдағиым-Баянның анасы, атақты батыр-қыз Әлия Молдағұлованы баққан, өз қызымыздай сүйікті келінім Әлішамның әжесі – Сән-апа 90 жастан асқан шағында үйіміздің құрметті қонағы болды...

## ӘЛІШЕРГЕ

*Әлішер Лондоннан аз уақытқа келіп, магистрлік  
диссертация қорғаған күнгі түнде қайтадан  
Англияға ұшып кетті.*

*Баламызды шығарып салғанда жазылып, оқылды...*

Алматы менен Лондонның қосып арасын,  
Тез келіп, балам, тездетіп қайтып барасың.  
Әр қашан сенің ақ болып жолың, болашақ  
Жеңісің менен, көбейсін, өзің алар шың.

Қуанттың бізді, Әлиюшаммен жарасып,  
Құда да, біз де жүрерміз сізге қарасып.  
Ақыл мен көмек аяман қолдан келетін,  
Жинаған, терген байлығым сізге жарасын.

Көмектің көрген берерсің кейін бағасын,  
(Оқытқан адам шет елде аз ғой баласын).  
Мақтаныш етем сендерді елдің алдында,  
Күдікпен қарап, жүретін айтып маған сын.

Құда мен бізді ойлама, үйде қалатын,  
(Алып жүр кімдер өзімен ата-анасын).  
Бір ғана қауіп Теміртас пенен Баяннан –  
Жүрер ме екем немере үшін кезекке ертең  
таласып.

Болсын деп ылғи аспан да ашық, жол ашық,  
Сағынып сізді, отырар мамаң бал ашып.  
Болыңдар аман, жүрсең де қай жер, қай елде,  
Аруағы ата-бабамның жебеп, қолдасын.

**24.05.2002**

## ОТАУ ШЫҒЫП БАРАДЫ БАЛАЛАРЫМ

Аралап келген шет ел қалаларын,  
Отау шығып барады балаларым.  
Бізден бөлек тұрмақсыз, құтты болсын,  
Әлішер, Әлия мен қадамдарың!

Үй болды Әлиям мен Әлішерім,  
Бақыт-ау, дайын ба еді еншілері?  
Қай табақтан бешбармақ жейді олар,  
Қай кеседен екеуі шәй ішеді?

Әрине, көшкен жоқ кой бізден қашық,  
Жасауы, бар ма еді, көрпе-жастық?  
Кештетіп барып, біздер қонған күні  
Екі жас қалмасыншы асып-сасып.

Отау шығып барады балаларым,  
Үйдегіні демегін, бөліп-жарды –  
Қиналмасын деймін ғой жеке тұрып,  
Аямайды ата-ана қолда барды.


Сүйікті, Әлиюшам, Әлішерім!  
Бірің – арғын, біреуің – Беріш едің.  
Кіммен дәмдес, кімдермен дос боласыз,  
Кім екен құдай қосқан көршілерің?

Отау шығып барады балаларым,  
Жас болып мәңгі-бақи қала алмадым.  
Жүрегім жас деуші едім әлі күнге,  
Енді сездім шашымның ағарғанын.



Отау шығып барады балаларым,  
Бақыт, Баян – қай күйде – аналарың.  
Менің де аздап батады қабырғама  
Бізден бөлек тұруды қалағаның.

Осы ғой кәмелетке жарағаны –  
Отау шығып барады балаларым,  
Немерелер көбейсін жаңа үйде –  
Жүрек жарды тілегім, бар арманым!



### ҮЙЛЕНІП ЖАТЫР ҰЛДАРЫМ

*Жарым Бақыт кенже ұлымыз Әнуардың үйлену  
тойы өткен соң үлкеніміз Марсельден  
туған немереміз Әлидің бір жасқа  
толған тойына кеткенде...*

Үйленіп жатыр, үй болып жатыр ұлдарым,  
Токтайтын емес, келмейтін қайтып, зымырап  
жатыр жылдарым.  
Әйелім менен құтылдық үлкен міндеттен ата-  
аналық,  
Екеуміздің еншімізге жалғыз тал кенже қыз қалып.

Үйленіп жатыр, үй болып жатыр ұлдарым,  
Ағайын менен құданы жиып, той қылдық сәнді-  
думанды.  
Бөлістік бірге қуанышымызды әріптес, көрші,  
доспенен,  
Мәртебе екен ата-ана үшін – баласы отау құрғаны.

Үйленіп жатыр, үй болып жатыр ұлдарым,  
Үйіме менің үш келін түсті, тәрбие көрген, сырғалы.  
Кеңейді өріс, ұзарды көген, құдамен жаңа туыстым,  
Жүреді екем қызымды өзім, өзгеден бекер  
қызғанып.

Үйленіп жатыр, үй болып жатыр ұлдарым,  
Теңдерін тауып, ырза қып бізді, жайнатып көңіл  
гүл-бағын.  
Бас қоса қалса құдағилармен, жүр қазір жарым тіл  
тауып,  
Көз ілмей таңды қарсы алып бірге, тауыса алмай  
сырларын.



**ТУҒАН КҮНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН,  
АНАРЖАН!**

*Қолымыздағы сүйікті де сүйкімді, қызымыздай  
келіміз Анардың біздің үйде алғаш аталған туған  
күнінде жазылып, оқылды...*

Туған күнің құтты болсын, Анаржан!  
Мен өзіңді кем көрмеймін өз қызымнан, баламнан.  
Сен де мені құрметтейді, сиялды деп ойлаймын,  
Қайны атаңды – тым кәрі емес, бірақ шашы ағарған.

Туған күнің құтты болсын, Анаржан!  
Орындалсын ойыңа алған тілек, мұрат, бар арман.  
Туған күнді бұдан бастап бізбен бірге тойлайсың,  
Себебі оның – әлімсақтан қыз жаттық боп жаралған.

Туған күнің құтты болсын, Анаржан!  
Боларыңа сенімім мол Ануарға адал жар.  
“Қосағыңмен қоса ағар” деп тілеймін шын  
жүректен,  
Мұра еткен батасымен бұрынғы өткен бабалар.

Туған күнің құтты болсын, Анаржан!  
Адамзаттың ғұмыр-жасы ұрпағымен жалғанған.  
Сәніменен, уақытында сүйгізсеңіз немере,  
Ата-ана үшін одан артық бақыт деген бола ма?

Туған күнің құтты болсын, Анаржан!  
Айналдық біз бағып-қаққан папаң менен мамаңнан.  
Ануармен қол ұстасып, ұзақ өмір кешіңдер,  
Әрқашан да болса екен екеуіңе Алла жар!

Туған күнің құтты болсын, Анаржан!

**1.12.2006**

**ӘНЕЛДІҢ ТУҒАН КҮНІНЕ**

Туған күнің құтты болсын, Әнелтайым –  
алтыным.  
Жас қосылып жылдан жылға, арта берсін  
ақылың.  
Мақтан етсін бауырларың, барлық туыс,  
ағайын,  
Қызы болғын ата-анаңның, бүкіл қазақ  
халқының.

Үш ұлдан соң өзің туып, бақытқа мен бөлендім,  
Алғаш жырым саған деген – “Аққу әнім –  
Әнелім”.

Содан бері көп жыл өтті, ата болдым мен биыл,  
Ел алдында өсіп жатыр мәртебем де, беделім.

Папаң жүгін жеңілдетіп, түстің былтыр  
грантқа,  
Дәрігерлікке оқып жатсың кішкентайдан  
ұнатқан.

Әрқашанда, қызым, сені биіктерден көрейік,  
Кездерің көп бола берсін бәрімізді қуантқан.

Басымызға бас қосылып, созылды кең керегем,  
Өз қызымдай – Әлиюшам, келді Сұлтан-  
немерем.

Құрағанмен бақытымды мамаң менен  
барлығың,  
Менің үшін, білгін қызым, сенің орның бір  
бөлек.

**1 маусым 2003 жыл.**

### ӘНЕЛІ АМЕРИКАҒА ОҚУҒА АТТАНАРДА

Құда-жекжат, бауырлар, замандасым,  
Алайыншы алдымен амандасып!  
Дастархан жайдық тағы Сізге арнап,  
Жолашарға әдейі қазан асып!

Жалғастырмақ оқуын мұхит асып,  
Қызымыздың баратын жері қашық.  
Сондықтан бүгін кеште алмақпыз біз,  
Сіздердің батаңызбен жолын ашып!

Англиядан пар-парлап диплом алып,  
Келген Әлішер-Әлияға ұқсап бағып,  
Енді қызым-Әнелтай мойындатсын  
Америка Құрама Штаттарын!

Қызымыз болашаққа қадам басып,  
Шаттық кернеп тұрмын мен, көңлім тасып,  
Өйткені Бақыт пенен екеуміз сертгескенбіз,  
Көрсетпеуге қимастық көздің жасын!

**Тамыз, 2009**

### БІР ТАЛ ҚЫЗЫМ ӘНЕЛІГЕ

Көктегі Күнім, жұлдызым, Айым-Әнелім,  
Сен ашқанда дүние есігін, үйім нұрға бөлелді.  
Жиырмаға келіп қапсың көзді ашып-жұмғанша,  
Жатқан кеше тал бесікте кішкентай бал-  
бөбегім.

Думан-тойым, салтанатым, сән-мерекем,  
Әнелім,  
Үш ұлдан соң қолым әзер жеткен аққу-ән едің.  
Құтты болсын туған күнің, ең алғашқы мерей  
той,  
Арналады саған тағы жырым менен өлеңім.

Жұбанышым, қуанышым, мақтанышым,  
Әнелім,  
Жалғасымды ұлдарым мен сенен, қызым,  
көремін.

Еркелетіп ағаларың, жүрсін тауып әрқашан  
Бәрін саған ұнағанның, жан-тәніңе керегін.

Сары алтыным, бар байлығым, құт-берекем,  
Әнелім,  
Қолда барды мен де сенен аямаймын, беремін.  
Айналайын, еңбекқорсың, үздік оқып жүрсің  
сен,  
Ақ мамаң да қуанады, қосып ақыл - көмегін.

Жаным менің, тәттім менің, бір тал қызым,  
Әнелім,  
Түрлендірдің өмірімді, бақытқа мен кенелдім.  
Қалың қазақ елімнің бол мақтанышы сен ертең,  
Көтере бер биіктерге атын бабаң – Әбеннің!

**1 маусым 2004 жыл**

## ӘНЕЛТАЙЫМ – АҚ ҚЫЗЫМ, АЛТЫН БАСЫМ

Әнелтайым – ақ қызым, алтын басым,  
Мұхит асып кетсең де, жақындасың –  
Бас ауырып, балтырым сыздағанда,  
Отырамыз өзіңмен ақылдасып.

Әнелтайым – ақ қызым, алтын басым,  
Қол жеткізген табысың алты ұлға сын.  
Масаттанып, ата-анаң жеңісіңе,  
Қуанбасын қалайша, шалқымасын?!

Әнелтай – аққу әнім, алтын басым,  
Белгілі, алған беттен тартынбасың.  
Ата-анаң жолдама әперем деп,  
Ішілмей қалды ма екен жарты асың?!

Әнелтайым-жанашыр, алтын басым,  
«Ем қабылдап, ата-анам дамылдасын», –  
Деген ойың тағы да орындалар,  
Ұлдарым қолдап жатса қарындасын.

Әнелтай – қуанышым, алтын басым,  
Үздік оқып, еңбек ет халқыңа шын.  
Қазақстан ғана емес білігіңді  
Америка мойындап, мақұлдасын!

**Сарыағаш,  
қаңтар, 2010 ж.**

## ӘНЕЛТАЙЫМ-АЛТЫНЫМ

*Қызым Әнелдің 25 жасқа толған тойында  
жазылды...*

Жиырма беске келіп қапсың, Әнелтайым-  
алтыным,  
Сен туғалы бергі есімде әрбір сәтің, әр күнің.  
Бірінші рет жымиғаның, мені танып, күлімдеп,  
Алғаш қадам аттағаның, тәй-тәй басып,  
талпынып.

Көз алдымнан кетпейді еш, Әнелтайым-алтыным,  
Былдыр-былдыр, түсініксіз, жаңа шыққан бал-  
тілің.  
Мектепке алғаш апарғаным, портфелінді көтеріп,  
Желбіреген бұрымыңда сүттен әппақ бантигің.

Қалай ғана ұмыт болсын, Әнелтайым-алтыным,  
Бір өзіңе жарасатын, саған ғана тән қылық.  
Биік өкше аяқ киім, көйлек киіп, сумка ұстап,  
Көзді аунатып, кірпік созып, бастағаның сән  
құрып.

Әлі есімде сахынадан, Әнелтайым-алтыным,  
Нотаменен орындаған этюд, пьеса, ән-күйің.  
Үздік оқып, араластың қоғамдық іс-шараға,  
Сыныбыңа асығушы ең, білім үшін алқынып.

Әлі үздік оқып жүрсің, тола берсін ақылың,  
Екі дүркін иемдендің Президенттік шәкіртақыны.  
Әр қашан да сол биіктен көріне бер жеңіспен,  
Мақтан тұтсын ата-анаң, аға-жеңген, жақының.



**ӘНЕЛ-ҚЫЗЫМ АМЕРИКАДАН «БОЛАШАҚ»  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛЫП,  
ЕЛГЕ ОРАЛҒАНДА**

Қызым-Әнел үздік оқып, болды маман-дәрігер,  
Сеніңіздер, тарихы оның басталғанды әріден –  
Менің әкем-Құсайынның көксегені, сондай-ақ,  
Арманы еді мамасының – қол жетпестей көрінген.

Шынында да артық көріп мамандықтың бәрінен,  
Әкем менің қалаған-ды болғанымды дәрігер.  
Түсінбедім, ауырғанын көрмеп едім және де  
Жасы жетіп, еңтігетін, емес еді-ау кәрі де?!

Біле алмадым, нені ойлап, не нәрсенің қамын жеп,  
Әкем байғұс, неге сонша болды екен әбігер,  
Арман етіп, қалағанда, емдегенін басқаны  
Ұлы мендей, қорқатұғын ыстық ине, дәріден?!

Артық тұттым ұстазымды, тәрбиеші, тәлімгер,  
Дәріс берген физика мен астрономия пәнінен.  
Сондықтан да, басқа оқу, басқа кәсіп таңдадым,  
Балалық қой, мүмкін еді ілігуім мен әкемнің  
кәріне!

Қайран әкем, көрмеген еш бізді ұрсып, жәбірлеп,  
Қолдағанмен таңдауымды, озды ерте өмірден.  
Көре алмады баласының студент те болғанын,  
Өкінішті-ақ, не істерсің, келсе әмір Тәңірден!

Емдейтұғын барын салып, адам жанын, тәні мен,  
Ерте тұрып, аттанатын жұмысқа таң сәріден.  
Қарыздармыз ақ халатты абзал жанға құтқарар  
Тән ақауы, жан азабы, уайым, қайғы бәрінен!

Ұзақ жылдар сусындатқан жасты білім нәрімен,  
Зейнеткерлік ғұмыр кешіп жатса-дағы сәнімен...  
Көріп жүрмін мен жарымның еске алып арманын,  
Қызымыздың ақ халатын киіп-өлшеп қоятынын  
әлі де!

**ӘНЕЛДІҢ ҰЗАТЫЛУ ТОЙЫНА**

Төлегендей теңіңменен көңіліңіз жарасып,  
Таныстырып, туыстырып екі рудың арасын,  
«Жат жұрттық боп жаратылған» Әнелтай,  
Ризалықпен, Ораза-айтта, ұзатылып барасың.

Ұлдан – үшеу, қыздан – жалғыз, дарасың,  
Өзің, жаным, көзіміздің ағы менен қарасы.  
Жұртқа келін атанғанмен, біз үшін  
«Алтын басты» қызымыз боп қаласың!

Барған жерге балдай батып, судай сіңіп,  
жағарсың...

(Үмітімді ақтамасаң, ақ мамаң мен маған сын),  
Өмірлерің ұзақ және көп болсын деп тілеймін  
Екеулерің бағындырар белес пенен алар шың!

### ТӨЛЕГЕН МЕН ӘНЕЛДІҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНДАҒЫ СӨЗ

СЕРІК-құда, МАСРУРА-құдағи,  
Сіздің үйден бұйырыпты қызымыздың тұрағы.  
Екі жастың бағы менен бақыты –  
Жаратқаннан жалбарынып сұрарым!

Біздің үйде алғаш рет аталғанда құдалық,  
Сіздер ертіп келген туыс, бәрі бірден ұнады.  
Екі жасқа тауып берген ризамыз –  
Туыстарды қарапайым, өзімізге лайық!

Алмагүл мен Зәмзәгүлге, Бибігүлге өтініш,  
Жайламасын жаныңызды қызғаныш пен өкініш.  
Төлегендей інілерің отызға кеп үйленсе,  
Орынды ғой, Сіздер үшін емес шығар тосын іс!

Төлеген-балам, енді саған көшейін,  
Жұлып бердім жүрегімнің саған үлкен кесегін!  
Алақанға алып менің Әнелімді аяла,  
Болсын бағы маңдайының бес елі!

СЕРІК-құда, МАСРУРА-құдағи!  
Жақсылықта бас қосайық ылайым!  
Қызымызды аманат қып тапсырдым,  
Жырмен жазған тілегімді қабыл алсын Құдайым!

### АТА БОЛДЫМ, МІНЕКИ...

Сабақта едім, Лондоннан хабар келді ертемен,  
Ата болдым, мінеки, өсті менің мәртебем!  
Қызық сезім – бойымды шаттық кернеп,  
толқыдым,  
Түсінгенім, әйтеуір, мен – жас емеспін, қарт  
емен.

Оқып жатыр балаларым, ұрпақ келді шет елде,  
Шыбын жаным қасында оның, қанатым жоқ  
жетерге.

Тәубе қылдым, Әлішер мен Әлиядан айналдым,  
Сұлтан атты нәрестені дүниеге әкелген.

Төбем менің көкке жетіп, қалдым қатты  
толғанып,  
Шабыт келіп, жыр арнадым, қағаз-қалам қолға  
алып.

Құдаларым Баян менен Теміртастай, Бақыт-ау,  
Шаттандырды сенің әже, менің ата болғаным!

Тілеймін мен немереме мейірімін Алланың,  
Әлиям мен Әлішерім тапсын Тәңірім қолдауын.  
Жас сәбидің тасасында қалып қойды еленбей  
Қуанышы кешегі алған машинамыз  
«Хонданың».

29 сәуір 2003 ж.



## СҰЛТАНҒА

*2004 ж. қаңтардың 20-шы жұлдызында  
тұңғыш немерем Сұлтан мен сүйікті келінім  
Әлия шет елде оқып жатқан ұлым  
Әлішерге аттанды..*

Немеремнің тұңғышы – сен, Сұлтаным,  
Айым, Күнім, күліп атар нұр-таңым!  
Ақ тілегім – денсаулығың мықты боп,  
Өссең етті, көрмей өмір бұлтаңын.

Ойлап жүрген ел тағдырын, ұл қамын,  
Өмірімнің жалғасы – сен, Сұлтаным!  
Туғаныңмен Лондонда, есіңнен сен шығарма  
Екенінді Шұбыртпалы Ағыбайдың ұрпағы!

Махамбет пен Исатайлар – аталарың нағашы,  
Құдай қосып, Беріштермен құда болдық  
жарасып.  
Папаң менен мамаң сүйіп, жақсы көріп, бір-  
бірін,  
Жемісіндей махаббаттың тәтті туған баласың!

Сен ауырсаң, көзін ілмей, таңды таңмен  
атырған,  
Анашың да жиен туған Әлиядай батырға.\*

Сен де, Сұлтан, бабалардай батыл бол,  
Елі менен жерін қорғап, жау үрейін қашырған!  
20.01.2004

\*Құдай қосқан құдағиым Баян – Кеңестер Одағының батыры  
Әлия Молдағұлованың немере сінлісі.

## НЕМЕРЕМ ӘЛИГЕ

Тыным бермей, алдына сап мамасы мен папасын,  
Іздеп келген алыс жерден әжесі мен атасын,  
Немеремнің екіншісі, тұңғышымның тұңғышы –  
Айналайын, төрт-ақ айлық, Әли атты боташым.

Әке-шешең, ат қойыпты қалап саған Әли деп,  
Қарсылық жоқ, болсын ұзақ ғұмыр-жасың фәниде.  
Сабырлысың, жыламайсың, жатырқауды  
білмейсің,  
Мені танып жымығаның қандай әсем, ғанибет.

Қолыма алсам, балапаным, елжіреді жүрегім,  
Басылады болдырғаным, жадыраймын, күлемін.  
Жұмыс басты, көре алмасам мен өзінді бір сағат,  
Мың айналып, мың толғанып, тебіреніп жүремін.

Өмірімді жалғастырар ұрпағымсың, сәбиім,  
Тыңдап өскін ақ әжеңнің бесік жырын, әлдиін.  
Мақтанышы, қуанышы тек әкеңнің ғана емес,  
Болсаң екен деп тілеймін бар қазақтың Әлиі!

10.01.2006, Алматы

**АЙНАЛДЫМ, НЕМЕРЕМНЕН...**

Айналдым, немеремнен бес ай толған,  
Есейген төрт аптаға бізбен болған.  
Орал жаққа оралар күнің жақын,  
Есен-аман жетіндер, жебеп Аллам!

Айналайын, немерем, бес ай толған,  
Жетті қолым күндерге армандаған.  
“Жол мұраты – жету” – деп халқым айтқан,  
Мұратыңа ие бол, қалма жолдан!

Айналайын, немерем, бес ай толған,  
Түсіме еніп жүрерсің, кетпей ойдан.  
Ұлдар ұшып ұядан, қыз бой жетті,  
Енді атаңның көңілі саған ауған!

Айналдым, немерем мен бес ай толған,  
Дүниеге оны әкелген балалардан.  
Әрбір күн, әрбір айға қуанайық,  
Біздер сау – мұнда, алыста – олар аман!

**23.01.2006****НЕМЕРЕМ ДАНА ТУҒАНДА**

Көңілімде қуаныш, арайланып таң атты,  
Шабыт берді жануар – Пегас-пірім қанатты.  
Сүйіншілеп хабар келді, Ұлыбритания жерінде  
Дүниеге кішкентай кеп, немере-қыз Дана атты.

Жүрген тынбай, білім қуып, аралап жер тарапты,  
Оқып жатқан шет ел барып Әлиюшам жарапты.  
Немереміз Сұлтанжанға туып беріп қарындас,  
Бір адамға болса-дағы артты саны қазақтың.

Ең бірінші қыз-немере туып бізді толғанды –  
Әжелер мен аталары – Теміртасты, Болатты.  
Өмір гүлі – ұрпақ келді, қыз-қуаныш – табысым  
Әлішер мен Әлияның дипломынан қомақты.

Келінім мен – өз қызымдай, ұлым, көзі қарақты,  
Жана туған нәрестеге осы атты қалапты.  
Немереміз атына сай болсын дана, ақылды,  
Ғылым қуар, саусағынан өнер тамған, талантты.

Өн бойымды жайлап алды қызық сезім, ғажап бір,  
Төбем көкке, ғарышқа да жетейін деп аз-ақ тұр.  
Бауы берік, жасы ұзақ болсын алып қояйық,  
Тамшысын да қалдырмастан құйылған бал  
шараптың!

**10.01.2006**


### ДАНА АНГЛИЯДАН КЕЛГЕН КҮН

Өмірдің өттік біраз өткелінен,  
Білмеймін, жарым маған өкпелі ме –  
«Жимады ақша, байлық, атақ-мансап,  
Жоқ әлі шені менен шекпені», – деп?!

Өкінбен жастық шақтың өткеніне,  
Қанағат әзір қолым жеткеніне.  
Балам мен келін білім жетілдірді  
Лондонның жоғарғы оқу мектебінде!

Қайтемін мойным созып көктегіге,  
Ұрпақ сүйдім, сенім мол ертеңіме.  
Жаңа туған немерем жетті есен-сау  
Гүл өсіріп көңлімнің бөктеріне!

5.03.2006



### ДАНА БІРГЕ ТОЛҒАНДА

*Кішкентай немереміз Дананың бір жасқа толған  
тойын әке-шешесі Әлішер мен Әлияның үйлену  
салтанаты өткен “Достық” мейрамханасында  
тойладық...*

Бірге келіп немерем Дана атты,  
Жинадық туыс, құда, жамағатты.  
Бауы берік, қуантып әрқашан да,  
Ұзақ ғұмыр жасасын салауатты.

Бірге келіп немерем Дана-сынды,  
Той боп жатыр әдемі, жарасымды.  
Ата-анасы үйлену той өткізген  
Әйгілі “Достық” мейрамханасында.

Бірге келіп немерем Дана деген,  
Жаңа жылмен қуаныш ала келген.  
Өз елінде, шет елде жүрсе-дағы,  
Демесін, бере-берсін Алла жәрдем!

Той боп жатыр Алматы қаламызда,  
Арналған немереге – Данамызға.  
Рахмет бәрімізді қосқан бүгін  
Әлия-қызым, Әлішер-баламызға!

7.01.07, Алматы,  
“Достық” мейрамханасы

### НЕМЕРЕМНІҢ ТӨРТІНШІСІ – АЙБАРЫМ

*Қолымыздағы кенже ұлымыз Ануар мен сүйкімді  
келіміз Анардан көрген төртінші немереміз  
Айбардың туылғанына бүгін бір ай толды...*

Немеремнің төртіншісі – айналайын, Айбарым,  
Меншігіме туып берген ұл мен келін қолдағы.  
Есіл-дертім саған ауып, қызығыңа тоя алмай,  
Білмей қалдым сен туғалы бір ай қалай толғанын.

Немеремнің төртіншісі, орның бөлек, Айбарым,  
Әжең де жүр күні бойы, сені айналып, толғанып.  
Мені де өзің жақын тұтып, қалғандайсың іш  
тартып,  
Тез ұйықтайсың, бір ән салсам, домбырамды  
қолға алып.

Немеремнің төртіншісі, Құдай берген, Айбарым,  
Өмір-жасың ұзақ болып, ғұмырымды жалғағын.  
Біздің ғана емес ұлы, болғын бүкіл қазақтың,  
Ең басты осы өзің жайлы атаңның бар арманы.

Немеремнің төртіншісі болғандықтан, Айбарым,  
Беташарға бүгін саған төрт-ақ шумақ арнадым.  
Әлі талай жыр жазармын мен өзіңе, бөпешім,  
Мақтан етіп әрбір қызық, жеңісіңді алдағы!

**13.08.2007**

### НЕМЕРЕМ АЙБАРДЫҢ БІР ЖАСҚА ТОЛҒАН ТОЙЫНА

Айналайын, немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Жатыр бүгін ең алғашқы салтанатың тойланып.  
Тілім тасқа, сен туғалы, жасың бірге келгенше,  
Қана алмадым қызығыңа, қуанышқа тоймадым!

Бірге толдың, немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Сары алтыным, балапаным, құлыншағым,  
тайлағым!  
Сүп-сүйкімді қылығыңмен, күнде өзің шығарған,  
Елжіреттің жүрегімді, жаулап алдың, жайладың.

Құттықтауға, немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Тойға келді туған-туыс, жиналды ауыл-аймағым.  
Қонақтардың ең үлкені – Ұлболған-әжең келіпті,  
Шөберемнің тойы еді деп, Байқадамнан арнайы.

Сеніменен, немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Ұрпақтарым, өздеріңсің – қайың-талды орманым.  
Ағаларың Сұлтан, Әли, апаң-Дана тойыңа  
Келіп қапты құттықтауға, сыйлық алып сайланып.

Бұл тойыңда, немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Бөтендер жоқ, бауырлар мен құда-құдағайларым.  
Рахмет барлығына, қуанышты бөліскен,  
Орындалсын олардың да арман-тілек, ойлары.

Шабыт берген, немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Ұзақ жырмен қонақтардың мазаларын алмайын.  
Әркімге де осы отырған қуанышты тойларда  
Аман болсақ, арнау-жырдың жазармын мен  
талайын.

Сенің үшін, немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Дұрыс шығар сөз соңында рахмет айтып қойғаным,  
Достарына Нұрлах-бейдей нағашы ата-әжеңнің,  
Сеніп бізге тастап кеткен зәулім-үй саяжайларың!

**13.08.2008**  
**Алматы, саяжай**

### ОМАРДЫ ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРДЫҚ

*Қасиетті Құрбан айт мерекесінің бірінші күні  
кішкентай немереміз Омар қырқынан шығарылды.  
Аптаның соңында туған-туыс, құда-жекжаттың,  
сыныптасым Әуесхан мен Мейраштың басын қосып  
Омардың дүниеге келгенін тойладық...*

Атқарған соң Ұлық той – Құрбан айтты,  
Жидық туыс, құда мен жамағатты.  
Дүниеге келгенін атау үшін  
Немереміз келесі – Омар атты.

Бірге соғым жейтұғын, сыбаға алып,  
Құтты қонақ төрде отыр – құдаларым.  
Бауырлардың білгенмін қалмайтының,  
Жақсылықты үйдегі құп аларын.

Ауылдың бірге басқан, құмын, тасын,  
Қош келдің, Әуесхандай сыныптасым,  
Мейрашпен екеуін де шақырдық біз,  
Қуанышқа ортақ боп, қызықтасын!!!

**20.11.2010 ж.**

### ТАҒЫ ДА БІР СӘБИ КЕЛДІ ӨМІРГЕ

Қуаныш пен шаттық силап көңілге,  
Тағы да бір сәби келді өмірге.  
Бақытты боп, бұйырған жас жасасын,  
Жаратқанның жарлығымен берілген.

Орын алған жүрегімнің төрінен,  
Аман болсын сәби, көзге көрінген.  
Бауы берік, болсын ұзақ ғұмыры,  
Гүлмен және ән-жырменен өрілген.

Аузы берік бауырларым  
ас ішпей-ақ семірген,  
Оразада тағы да бір  
сәби келді өмірге.

Ырысты боп, еш тапшылық көрмесін,  
Табиғаттың шалдықпасын шөліне.

Ата-әжесін қуанышқа кенелтіп,  
Туыстардың басын қосып,  
керегемді кеңейтіп.  
Дүниенің ашты есігін жас сәби,  
Ұл менен қыз немеремнің  
Сан мөлшерін теңелтіп.

Ат қойыпты, ақылдасып,  
«Кәмила» деп балалар,  
Жас сәбиге айы толып,  
туған енді жаңадан.  
Еш қарсылық көрсетпедім,  
есімі еді әжемнің –  
Міне, осылай, аты өшпес деп  
мәңгілікке санадан.

Тәрбиелі, ізеті мол,  
сабыры ұқсас темірге,  
Екі ұлдан соң  
жаны нәзік қыз әкелген өмірге,  
Өз қызымдай болып кеткен рахмет  
Анаржандай, кешірерсіз,  
«алтын құрсақ» келінге!

2.07.2016

### ТОҒЫЗ ЖАСҚА КЕЛІП ҚАПСЫҢ, АЙБАРЫМ

*Қолымызда бірге тұрып, өсіп жатқан меншікті  
арі сүйікті немерем Айбар тоғызға толған күні  
жазылған тоғыз шумақ жыр-шашу*

Тоғыз жасқа келіп қапсың, Айбарым,  
Сондықтан да көңілім менің жайдары.  
Сен де әрқашан көңілді бол, мұнайма,  
Сейілмесін тойың, сауық-сайраның!

Тоғыз жасың құтты болсын, Айбарым!  
Орындалсын барлық ойға алғаның.  
Қиындыққа мойыма еш, ала біл,  
Дүниенің қамалдарын,  
аттап өткін қайраңын!

Құлшылық қып, назарына  
іліндің сен Алланың,  
Тоғыз жасқа толмай тұрып,  
ораза ұстап, Айбарым.

Ризамын ерлігіңе, құлыным-ау,  
Ма ша Алла,  
Өзімде жоқ төзіміңе,  
сабырыңа қайранмын.

Немеремнің төртіншісі – Айбарым,  
Дінің берік, түзу болсын бағдарың.  
Әбу Ханифа мәзхабы біл,  
біз ұстанған бүгінге  
Мұра болып бабалардан  
келе жатқан жалғанып.

Турашыл бол, сөзге берік, Айбарым,  
Болсын анық, ұстанымың, байламың.  
Адал қызмет жасап туған халқыңа,  
Ұйықта тыныш, күліп атсын таңдарың.

Бізге ұнайды сенің сурет салғаның,  
Жүзуде де алдыға жан салмадың.  
Денсаулығың мықты боп өс, ауырма,  
Ата-анаңа ешбір салмақ салмағын.

Бірінші бол жарыста әр кез, Айбарым,  
Суда жүзгін, мейлі, авто, тайға мін.  
Жеңісіңе қуансын жұрт, бауырлар,  
Көкке көтер еліміздің байрағын!

Тоғыздасың, жігіт болдың, Айбарым,  
Үздік оқы, қатарыңнан қалмағын.  
Бар қазақтың ұлы бол, тек біз емес,  
Мақтан тұтсын сені, ауыл-аймағым!

Тоғыз жасқа келіп қапсың, Айбарым,  
Саған бүгін туған күнде  
ақылым мен айтарым –  
Ең бастысы азамат бол,  
ақылды бол, тұлға бол –  
Осы менің тілегім мен  
өмірдегі бар арманым!

13.07.2016, Алматы

### ЖИЕН-НЕМЕРЕМ АНИСА БІРГЕ ТОЛҒАНДА

Бірге келдің, менің жалғыз жиен-немерем –  
Аниса,  
Атаң келді жырын арнап, бермек әлі әнін сап.  
Біздер үшін одан артық бақыт деген бола ма,  
«Жиендік қып», еркелесең, нағашыңды танысаң?!

Бірлесің тек, өздігіңнен келе алмайсың, Аниса,  
Әке-шешен әкеп тұрсын, зарықтырмай, сағынсақ.  
Қызғанбасын ата-әжең, жақсы екенін білетін,  
Сүйікті адам әрқашан да жанымыздан табылса!

Үйге бірге келе қалсаң ата-анаңмен, Аниса,  
Нағашы әжең дастарханға, білем, қояр жайып сап  
Жылы-жұмсақ, тәттілерін, сандықтағы тығулы,  
Ұлдан туған немереге бермейтұғын, жалынса!

Біздер үшін сен – сұлу қыз, ең көрікті, Аниса,  
Қандай көйлек кисең-дағы, қандай моншақ  
тағынсаң.

Еркелігің, жиендігің, салмақ емес ешқандай,  
Ақылымды алсаң болды, тәрбиеме бағынсаң!

Болсын – дейміз, – бауың берік, жасың ұзақ,  
Аниса!  
Еш алаңсыз өте берсін сәби кезің – балғын шақ.  
Арың таза, қыз қылықты мінезіңмен боларсың  
Бақытты жан, Жаратқанның назарына шалынсаң!  
Алматы, 30-мамыр, 2015.

### АНИСАНЫҢ ЕКІ ЖАСЫНА

*Үш ұлдан кейін көрген қызым Әнелдің әзірге  
жалғыз нәрестесі, алтын жиенім Анисаның бір күн  
кейін аталған туған күнінде жазылып, оқылды...*

Анисажан, екідесің, жиенім,  
Қылығыңа қуанамын, күлемін.  
Құдаларым қызғанбасын мен сені,  
Жақсы көрем, езілгендей жүрегім.

Нағашы атаң туған күннен жаңылса,  
Анаң ренжіп, үлкен айып тағылса,  
Қаһарынан анашыңның сен мені,  
Құтқара көр, алтын жиен-Аниса!

Нағашы атаң жазып келді жыр-шашу,  
Соқса-дағы кеше «дауыл», «бұрқасын».  
Ұлдан туған немерелер  
болғанменен бір төбе,  
Сенің өзің таразының  
басып тұрсың бір басын!

Тек екіде сенің жасың, жиенім,  
Бақытты бол, ұзақ жаса – тілерім.  
Бақыт-әжең сыйға алып  
келген бүгін ақ көйлек –  
Салтанатқа болсыншы бір киерің!

28.05.2016, Алматы

**ЖИЕН-НЕМЕРЕМ  
ТАЙМАСТЫҢ БІР ЖАСЫНА**

Туған күнің құтты болсын, жиен-немерем-  
Таймасым!  
Көңіл-күйім көкке қарай шарықтасын, жайнасын!  
Ренжіме, тұсау кесер тойың бірге жатқанына  
аталып,  
Ойламағын, ата-анаң асырды деп айласын!

Себебі оның, көз жұмғалы, Серік-атаң, Таймасым!  
Жыл өткен жоқ, жаны оның жәннәт төрін жайласын!  
Көріп сені тірлігінде, жетті құдам арманына  
аңсаған,  
Жатқан жерде әрбір жеткен жеңісіңе қуанып бір,  
аунасын!

Бар тілегім – тойда айтар, арналған бір жасыңа –  
Өрқашанда көрсем сені асқар тау, шың басынан!  
Бағып жатқан Мәсрура-әжең, папаң менен  
мамаңның,  
Үздік оқып, еркелеп сен, аман-сау жүр қасында!


Туған күнің құтты болсын, жиен-немерем-  
Таймасым!  
Азамат бол, самға биік, қанатың еш талмасын!  
Айтқан сөзге, берген сертке берік болғын ақ адал,  
Әкең сенің есіміңді дәл осылай қойғасын!

Деген шығар, әкең, бәлки, ата жолын ұлым менің  
жалғасын,  
Бағыт-бағдар, алған беттен, ақ жолынан таймасын!

Үміттенген шығар сенен, болады деп батыл жігіт,  
ержүрек,  
Түп нағашың – қол бастаған Сырым батыр  
болғасын!

Туған күнің құтты болсын, жиен-немерем-  
Таймасым!  
Тәрбиені сенімдімін, аян бізге жат қылыққа  
бармасың!  
Ақылы мол, білімі мен беделі зор, еліңе боп елеулі,  
Әке-шеше, туған-туыс, нағашыңа титтей салмақ  
салмасың!

Туған күнің құтты болсын, жиен-немерем-  
Таймасым!  
Нағашы-атаң бұдан артық қалай жырлап,  
толғасын?!  
Саған айтар жүрек жарды, ақ тілегім, жалбарынып  
тағы да,  
Жаратқан ием, жарылқасын оң ісінді, тірлігінді  
қолдасын!!!  
**02.08.2017, Алматы**





### АМИНА ҚЫРҚЫНАН ШЫҚҚАНДА

Шығып жатыр бүгін, міне, Аминамыз қырқынан,  
Қиылған шаш шықсын қайта, қою болып,  
бұрқырап.

Бауы берік, ғұмыры ұзақ, сұлу қыз боп жетілсін,  
Сүп-сүйкімді туған-туыс, ауыл-аймақ, жұртына!

Ең бірінші мерекесі, шығып жатқан қырқынан,  
Еті тірі, анасындай, іске ағыр болып өссін,  
бұлқынған.

Жүрек жарды батам осы – бұлдіршінге, бой  
жетсін,  
Әке-шеше тілін алып, атасынан ақыл-кеңес, жыр  
тыңдап!

Қуаныш силап, шығып жатқан Аминаның  
қырқынан  
Ата-анасы үлкен назар бөлсін мінез-құлқына.  
Үздік оқып, болсын жақын білім менен ғылымға,  
Адал еңбек етсін ертең дүйім қазақ ұлтына!

Аминаны шығып жатқан бүгін, міне, қырқынан,  
Бейім етіп мына өмірге, қоғам, нарық ырқына,  
Сақта, Аллам, ғайбат сөзден, зұлымдықтан  
бөпемді,  
Суық көзден сұқтана кеп, қарайтұғын сыртынан!

Көрген бүгін Аминаның қырқынан шығып  
жатқанын,  
Апалары, ата-әжелер, Аниса, Таймас шаттанып.  
Жанына жақын, желеп-жебеп, қамқор болып  
әрқашан,  
Жүрсін әркез Аминаның жеңісін көріп, мақтанып!

### IV БӨЛІМ

### ҚҰДАҢ БОЛСЫН – ҚҰРДАСЫҢ

*Құдай қосқан құда менен құдағиым –  
қимасым,  
Сынаспайық, өтейікші өмір бойы силасып.  
Құдағиың – сырласыңдай – демейтін бе  
қазағым –  
Жас шамасы маңызды емес, болсын құда –  
құрдасың!*



## МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚҰДАЛАРҒА

Армысыздар, тағы келдік, құдаларым-мың

жылдық,

Сіз бенен біз туыс болдық, арқасында ұл-қыздың.  
Сол қуаныш шабыт беріп, құдаларым, Сізге арнап,  
Силастықтың белгісіндей жырдан көпір тұрғыздым.

Елес көпір жақындатсын, құдаларым-мың жылдық,  
Сіздерменен жүздесу де, араласу – құндылық.  
Әрбір сәтті бірге жүрген, дәмдес болған өтермін,  
Ғұмыр жасым жеткенінше әнге қосып, жыр қылып.

Мың бір алғыс екі жасқа туыстықты бастаған,  
Бауырындай санап жатыр мені құда – жақсы адам.  
Ағалықтан қашпаймын мен, қолдан келер, бірақ та,  
Құда болып аралассам әлдеқайда жақсы одан.

Құда атанып қалайықшы, силасатын мың жылдық,  
Шалқаймайық, көрсетейік біз өзара мың құлдық.  
Аға-іні көрсем Сізді, өз бауырым демей ме,  
Біз несіне бір анадан, бір атадан бір тудық?!

Танытса егер ізеттілік, көрсете алса қыз қылық,  
Келінді де өз қызымдай көрем әр кез – бұл шындық.  
Әдеп сақтап, жақсы көрсе ата-енесін, бек мүмкін,  
Өз ұлындай боп кетуі күйеу баланың – жүз жылдық.

Жетті көзім құдай қосқан, құдаларым-мың жылдық,  
Құлағына құю керек үйде жүрген ұл-қыздың.  
Үйретелік құрметте деп ата-енесін мәңгілік,  
Өз анасын ене атауы бекер емес қырғыздың.

Ұл үйленіп, үйіңізге құда түстік мың жылдық,  
Қуанышқа кенелдік біз, қайта көктеп, құлпырдық.  
Киіт кидік, төс қағыстық, құйрық-бауыр жедік біз,  
Әдет-ғұрып, ата-дәстүр, салтын сақтап ұлтымның.

Ақ тілегім сөз соңында, құдаларым-мың жылдық,  
Оңнан тусын Айың, Күнің, жарқырасын жұлдызың.  
Бақытты өмір сүрсін ұзақ, ынтымағы жарасқан,  
Сізге ортақ, бізге ортақ күйеу-келін, ұл-қызым!

## ҚҰДАҢ БОЛСЫН – ҚҰРДАСЫҢ

Жақсылықтан қалдырмайтын, алатұғын  
шақыртып,  
Құдаларды, оу, ағайын, туғаныңнан жақын тұт.  
Бауырларың өкпелемес саған әсте, өйткені,  
Құдалардың тілегі бір – балалардың бақыты.

Құдай қосқан құда менен құдағиым – қимасым,  
Сынаспайық, өтейікші өмір бойы силасып.  
Құдағиың – сырласыңдай – демейтін бе қазағым –  
Жас шамасы маңызды емес, болсын құда –  
құрдасың!

Дәстүр-салтты ұстанса егер, келе жатқан  
бұрыннан  
Бақытты өмір сүреді ғой, сүт-қаймағы бұзылмай,  
Бір біріне кешірімді, ата-анаға бола алса  
Күйеу бала өз ұлындай, келін – туған қызыңдай!

**САЯЖАЙДА**  
(Экспромт)

Күляш-тәте мен рахмет құшақ жая  
Қарсы алған Меңсейіттей ағаға да –  
Табиғат аясында, дем алсын деп,  
Алатау етегінде, саяжайда.

Ежелден Сізбен бірге туған жандай,  
Біз келдік ештеңеге алаңдамай.  
Бола алам деп Бақыт пен сендіремін  
Іні-келін, құда да, һәм құдағай!

Сіздерге ақ тілегім, жырым дайын,  
Сөзден кейін әнімді самғатайын.  
Меңсейіт-аға, Күляш-тәте жүре берсін  
Нұрға бөлеп біздерді, бар маңайын.

Әдейі сұрап Алладан алғандайын,  
«Түзепсіз» бізге бүгін ауа-райын.  
Сізбенен арадағы көңіліміз  
Әрқашан ашық күндей болсын дәйім!

**15.06.2002**

**ТЕМІРТАС-ҚҰДА МЕН  
БАЯН-ҚҰДАҒИДЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ**

*Тұңғыш құдаларым Теміртас пен Баян немерелері  
Жәңгірханның сүндет-тойында жазылып, оқылды*

Жәңгірханның мынау алғаш ұлы тойы – сүндеті,  
Баба салты, жақсы дәстүр – Мұхаметтің үмбеті.  
Ақыл қосып, Теміртас-құда, отырсыз ғой

орындап  
Мұсылмандық парыз бенен атаның зор міндетін.

Ұрпақтарын бағып-қағу – ата-анаға міндет қой,  
Руслан-Әсел, жұртты жиып, жасап жатсыз сүндет  
той.

Мұсылман боп, бәрімізді қуанышқа бөлеген  
Жәңгірхандай ұлдарыңыз өссін аман, түзеп бой!

Тілек айтам тойлағанда Жәңгірханның  
«пішпесін»:  
Адал еңбек, пайдалы да, сауапты іс істесін.  
Бақытты боп, сүрсін өмір салауатты, саналы.  
Халал аспен қоректеніп, «тентек судан» ішпесін!

Қабыл болсын айтқан тілек, құттықтап  
сүндетімен,

Сақтасын Аллаһ тағдыр індетінен.  
Ұзақ жасап Жәңгірхан, азамат боп,  
Бөленсін халықтың зор құрметіне.

**2.10.2011,**  
**«Ариал» мейрамханасы**

**НҰРЛЫБАЙ-ҚҰДАНЫҢ  
ТУҒАН КҮНІНЕ**

Сәуір айы – туған ай,  
Нұрлыбай-құда – нұрға бай.  
Құттықтап ертең қайтар ем,  
Сәті түспей тұрғаны-ай!

Құда үшін жаным құрбан-ай,  
Отырмас ем жырламай,  
Вискиден де алар ем,  
Әйелімді тыңдамай!

Қадірлі құда – Нұрлыбай,  
Қолдасын Сізді бір Құдай!  
Шабыттанып, есен-сау,  
Киноға түсіп, жүр ұдай!

Сүрсін деп өмір қиналмай,  
Ертегі мен кинодай,  
Қосқан Сізге Жаратқан,  
Құдағайды Мирадай!

Қапаланба, құдағай,  
Келмеді деп, бұл қалай?!  
Құдамыз ғой мың жылдық,  
Бар ғой алда жыл талай!

**ТУҒАН КҮНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН,  
АҚҚАНЫМ!**

**(Аққаным-құдағымның 50 жылдық  
мерейтойына жыр-шашу)**

50 жасқа толады деп биыл өзің, Аққаным,  
Бақыт үйден Мәскеулетіп кетті ерте аттанып.  
Марсель менен Лилияның жаңа алған үйін де  
Көру үшін алдына сап және екі-үш аптаны.

Туған күнің құтты болсын, құдағым-Аққаным,  
Шабыт келіп, Алматы да отырмын мен шаттанып.  
Жұмыс басты, күйбің тірлік, жете алмадым  
Оралға,  
Сондықтан да, жыр-шашумен алайыншы ақталып.

50 жасың құтты болсын, құдағым-Аққаным,  
Қынжылтады мерейтойды менсіз тойлап  
жатқаның.  
Ақ тілегім – енді 50 жыл жасай бергін аман-сау,  
Дәм-тұз берік, арайланып атсын әрбір ақ таңың.

Мерейтоймен құттықтаймын, құдағым-Аққаным,  
Алтын, күміс, гауһар болсын алқымыңа таққаның.  
Игілікке ұстап бәрін, өзің киіп, тоздырғын  
Самал-құдам еңбек етіп, терін төгіп, тапқаның.

Туған күнің құтты болсын, құдағым-Аққаным,  
Тойларыңа әлі талай арналар жыр-тақпағым.  
Ғұмыр-жасың ұзақ болып, жүре берші шаршамай,  
Бізге ортақ немерелер болып талмай баққаның.

Туған күнде тағы тілек тілеймін мен, Аққаным,  
 Ұзақ жылдар естиік біз күлкің сыңғыр қаққанын.  
 Қалар едім әрқашанда жайдары боп жүретін,  
 Мінезінің немеремнің тура саған тартқанын!

8.05.2005

### АСҚАР-ҚҰДАҒА

*Оралға барғанымызда біздерді құдағиым  
 Аққанымның жиен ағасы Асқар мен жұбайы Аққал  
 үйіне шақырып, қонақ қылды...*

Келген сайын дастарханға асаба боп, басқарып,  
 Жүрген Сізбен, туыстығым «құдалықтан»  
 басталды.

(«Ыстық – дейді – әрбір адам – бетін ашқан  
 келіннің»,  
 Сондықтан да жақсы көріп қалдым құдам-  
 Асқарды).

Тартып бүгін тұз бен дәмі жұбайыңыз Аққалдың,  
 Ақ жүрекпен, оң аяқпен босағанды аттадық.  
 Жаңа құрған шаңырағы биік болсын – тілегім –  
 Әсет-Сана, Марсель менен Лилия сынды  
 жастардың.

Дәстүр сақтап, қонақ етіп, үй көрсетіп жатқаның,  
 Ризалықпен жадымызды қалар мәңгі жатталып.  
 Сіздер мұнда, біздер онда сау болайық және де  
 Аман жүрсін Самал-құдам, құдағиым-Аққаным!

### БЕЙСЕНБЕК-ҚҰДА МЕН СЫМБАТ-ҚҰДАҒИҒА

*Құдаларым Бейсенбек пен Сымбат біздерді  
 бауырларыммен бірге соғым басына шақырғанда  
 жазылып, оқылды...*

Құдалар, сізге рахмет, жинаған соғым басына,  
 Шақыруды құп көріп, бауырлар келдік асыға.  
 Шын көңілдің белгісі – өлеңмен кешті ашайын,  
 Ниетті қабыл алыңыз, кеудемнен жыр боп тасыған.

Амандық-саулық тілеймін туыстың кәрі-жасына,  
 Таразда алыс тұратын, жинаған жақын, қасыңа.  
 Мал-басы түгел, оң болсын жасап жатқан тірлігі,  
 Артсын дәулет-байлығы, өрлесін өрге тасы да.

Жолдарын берсін туыстың бойдағы, басы босына  
 Ануар мен Анардың – бір-бірін сүйіп, қосылған.  
 “Ұлы сөзде ұят жоқ” дейді халқым, сондықтан,  
 Жас отаулар әкелсін екі-үш қыз бен қос ұлдан.

Бақытты ғұмыр кешіңіз, жас қосылып жасыңа,  
 Жиылмасын дастархан, адалдық берсін асыңа.  
 Еңбектен бақыт табыңдар, туыстарың қолдасын,  
 Дұшпандарың жоқ болсын, айналсын қасың  
 досыңа.

Келген сайын үйіңе, кенелдік пейіл қошына,  
 Арнармын әлі талай жыр, Бақытты және қосып, ән.  
 Күтіп қалды туғандар, артық айтсам, кешірсін,  
 Тілек көп қой, құдалар, риза бол әзір осыған.

4.12.2006

### ҚЫРЫҚ БЕСТЕ БЕЙСЕНБЕК-ҚҰДАМ МЕНІҢ

Төс қағысып, бауыр мен құйрық жескен,  
Бейсенбек-құдам кепті қырық беске.  
Анар мен Ануарға мың бір рахмет –  
Тағдырларын косуды дұрыс шешкен!

Бейсеке! Құтты болсын қырық бесің,  
Құдайым еш нәрседен түңілтпесін!  
Ұл сүйетін жастасыз Сымбатпенен,  
Мылтық ұстап, басатын шүріппесін.

Жыр жазбай қалам бүгін қалай ғана,  
Шуақты атсын таңдар арайлана.  
Біздермен туыстырған Анаржанның  
Жолын берсін Шынар мен Арайға да!

Қайын жұрт, бауырларың болсын аман,  
Айықсын дертінен тез асыл анаң.  
Қасыңда тірек болсын Сейтбек, Ардақ,  
Ерлан менен Шамшия, Қайрат-бажаң!

Аз да болса, көптей көр жырды ап келген,  
Туыстықты Сіздермен қымбат көрем.  
Әйелсіз күні қараң еркектердің,  
Қоса ағар құдағиым – Сымбатпенен!

### СЫМБАТҚА

*Бізге қыз туып беріп, туыстай сыйласып кеткен,  
жас та болса, аса ардақ тұтатын сүйікті құдағиым  
Сымбаттың бүгін туған күні ...*

Құтты болсын, Сымбатжан, туған күнің –  
Құда, бауыр, немере жиған күнің.  
Сақталсын ұзақ жылдар өн бойыңда  
Жастық бейнең, нұр жүзің тұрған күліп.

Туған күнің құтты болсын, Құдай қосқан құдағи,  
Жасың кіші – десем болар мен өзіңе, шырағым.  
Аман болсын Тараз жақта анаң менен бауырлар,  
Кіндік кескен Жаңа талап – бала күнгі тұрағың.

Туған күнде тағы тілек айтайын мен, құдағи,  
Үйден алшақ сусап жатқан өнер-білім бұлағын,  
Үздік оқып бәрімізді қуанышқа кенелтсін  
Тараздағы Арайлым мен Үрімжіде Шынарың.

Туған күнің құтты болсын, Сымбаттайын-құдағи,  
Қол ұстасып бірге жүрсін Бейсенбектей сынарың.  
Екеуіңіз шашыңыз ақ, сары тісті болсын деген ақ  
адал,  
Жүрекжарды тілегімді қабыл алсын Құдайым.

Туған күнің құтты болсын, құдағиым-Сымбатжан,  
Келді өмірге сен де себеп болған ортақ, қымбат жан.  
Енді біздің ермегіміз, немереміз – Айбарым,  
Соныменен арайланып таңым атып, Күн батқан!

Туған күнің құтты болсын, Сымбат-сынды құдағи,  
Қабыл алғын жары менен ақ тілегін құдаңның.  
Бөлісейік біздер бірге балалардың қызығын,  
Таусылмасын болашақта Сізге арнар жыр, әнім!

**КЕЛІПТІ ҚЫРЫҚ АЛТЫҒА**

(Бейсенбек-құдамның туған күніне)

Байсалды, момын қалпында,  
Қырық бесті қиып артына,  
Бейсенбек-құдам дәл бүгін  
Келіпті қырық алтыға.

Келіпті қырық алтыға,  
Шаршамай, талмай, алқынбай.  
Қуанта берсін қыздары –  
Шынар мен Арай – алтындай.

Біздерге ұзап Анаржан,  
Жас келген еді-ау жанарға.  
Басынан тату құдамыз,  
Көздеген ортақ бар арман.

Көңліміз болды жайдарман,  
Немере туып Айбардай.  
Қызығын бірге көрейік,  
Жаратқан ием, жар болғай!

Келіпті қырық алтыға,  
Тілеймін жанұям атынан:  
Бейсенбек-құда, көп жаса,  
Ете бер еңбек халқыңа!

Жас қосылсын жасыңа,  
Риза бол әзір осыған.  
Қосағыңмен қоса ағар,  
Сымбатжан жүрсін қасыңда!

**СЫМБАТТЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ**

Жазсын құдай, құдаларым, бірге ұзақ жасауға,  
Өздеріңмен жүздесуге асығамыз қашанда.  
Жолығуға себеп болар барлық жағдай қуаныш –  
Туған күн де, ораза, ауыз ашар да.

Келе алмадық дәл сол күні, жүріп мен іс сапарда,  
Еліміздің бас қаласы – Астанадай шаһарда.  
Бүгін сенбі, келіп қалдық отбасыммен құттықтап,  
Туған күні құдағидың қалмау керек аталмай.

Ұл-қызымыз тату тұрып, қалмаса екен қатардан,  
Қызықтарын бірге көру өздеріңмен – бас арман.  
Нәсіп етсін туған күнін бірге әрқашан тойлайық  
Құдағиым-Сымбатжанның – жылдан жылға  
жасарған.

## СЫМБАТЖАНҒА

*Қолымыздағы сүйікті келіміз Анардың мамасы –  
Сымбат-құдағым 45 жасқа толған кеште  
жазылып, оқылды...*

Шабыт беріп, Сымбатжан шын қуанттың,  
Себеп жасап жүректен жыр туатын.  
Дәл бүгін қырық беске келіп қапсыз,  
Қыз-келіншек қайтадан құлпыратын.

Мерейтой құтты болсын салтанатты,  
Тілегім жүрек жарды, аманатым –  
Оңаша қалдыңыздар, арта берсін,  
Бейсенбек-құдамызға махаббатың!

Аман болсын қыздарың түзде жүрген,  
Еңбек етіп, шет елде білім іздеп.  
Көбейе берсін ортақ немерелер,  
Көз қуаныш, алданыш Сіз бен бізге!

Жақсылықта қосылсын бастарымыз,  
Қуә болсын сыныптас достарыңыз.  
Дәл осынша екінші ғұмыр кешіп,  
Тойланғанда мерейлі тоқсаныңыз!

Онан соң жасың жүзге келген кезде,  
Бір болсын сіңлі-күйеу, апа-жездең,  
Араласып төрінде бірге отырсын,  
Қайын жұрт пен бауырлар, аға-жеңгең!

09.09.2011,

Қаскелең қаласы

## ҰЛБОЛҒАН-АПАНЫҢ 70-ЖЫЛДЫҚ ТОРҚАЛЫ ТОЙЫНА АРНАУ

Ұрпағының ортасында, құшағына гүл толған,  
70-жасқа толып отыр құдағи-апам – Ұлболған.  
Әкелерін жоқтатпаған, ұл-қызына ақылшы,  
Отбасына құт-береке, тірек болған, Күн болған.

Шаңырағына Алланың құзырымен нұр қонған,  
70 жасқа кеп отыр ардақты ана – Ұлболған.  
Басты тарту мерейтойға – жұртты жиған кешегі  
Нұрболат пен Қымбатжанның салтанаты – үй  
болған.

Өзіміздің қызымыздай болды келін немере  
жиеніңіз,  
Ұлболған-апа, енді ортақ арман, мақсат, мүддеміз,  
тілегіміз.  
Құдай қосып, Сіз қолдап, құда атандық мың  
жылдық,  
Бізді жылы қабылдап жайсаң, әппақ, кеңпейіл  
жүрегіңіз.


Сондықтан да үлкен бақыт сіздерменен бір болған,  
Құтты болсын жетпісіңіз, анамдай апа – Ұлболған.  
Өкініші таусылмас-ты алыс-жақын туыстың,  
Ақ қар, көк мұз, аяздан жете алмай тойдан құр  
қалған.



Асығатын тамашаға жекжаттың енді бірі біз,  
Той боп жатыр қосарласып, шаттаныңыз, күліңіз.  
Деніңіз сау, көңліңіз тоқ, Ұлболған-апа, осылай,  
Ортамызда шаршамастан 100-ге дейін жүріңіз!

Әрбір жылда, Ұлболған-апа, аталсын туған күніңіз,  
Таусылмасын Сізге арнайтын әніміз бен жырымыз.  
Аман болсын демеушілер – күйеу, келін, немере,  
Сіз мәпелеп ер жеткізген алты ұл, алты қызыңыз!

Ұлболған-апа, құтты болсын мерейлі туған күніңіз,  
Шаттық кернеп, шуақ шашсын Күн бейнелі жүзіңіз –  
Деп тілейді шын жүректен бүгін тойдың үстінде  
Құдағи Бақыт, Болат-құда (һәм нағашы ініңіз).



## ҰЛБОЛҒАН-АПАНЫҢ РУХЫНА

*Сүйікті құдағиымыз-Сымбатжанның біздер үшін  
аса құрметті анасы, шоң құдағиымыз, ру жағынан  
қуып келгенде жиен-апам Ұлболған-Ана дүниеден өтіп,  
ол кісінің Алматыдағы қыздары мен күйеу балаларын  
көңіл шайға шақырғанда жазылып, оқылды...*

Аялаған ұл-қыздарын, оятатын тербетіп,  
Бұл фәниден Ана өтті, босап қалды Жер беті!  
Шоң құдағи-апамыздың, өз анамдай боп кеткен,  
Жадымызда қалар мәңгі жарқын жүзді келбеті!

Әулетіне құт-береке, тірек болған, Күн болған,  
Өтті жалған дүниеден жиен-апам – Ұлболған!  
Алты ұл менен алты қызды бағып-қағып, жеткізді,  
Ана еді, «Алтын құрсақ», шаңырағына нұр  
қонған!

Ұл-қыздары құрмет тұтты апамызды-Ұлболған,  
Қабак шытса аналары, көрдім кезін жым болған.  
Қайтіп енді жұбатамын, шақырамын сабырға,  
Мен оларды сағыныштан кеудесіне мұң толған?!

Оттай жанып жүретұғын беті анамыз-Ұлболған,  
Қыз күнінде қандай сұлу болды екен «бүр  
жарған»?!

Айырылдық Таңшолпандай жарқыраған Анадан,  
Кімді аяған қатал тағдыр, бес-ақ күндік бұл  
жалған?!

Жыл аяғы, қаралы күн, қара суық, ызғарлы,  
Ана өтті, жылап артта, алт(ы) ұл, алты қыз қалды!  
Құдай алдан жарылқасын, демеу болар көңілге –  
Ұрпақтармен жалғасатын, өшпес мәңгі, із қалды!

... Шүкір, Алла, сабыр сақтап, тәубе еттік!

### АЙТЫҢДАРШЫ, НҰРЛАН ҚАНДАЙ ЖАН ЕДІ?

*(Аз жыл жолдас болған қимас құдам  
Нұрлан Ескермесұлының рухына)*

Айтыңдаршы, Нұрлан қандай жан еді?

Он жігіттің жүгін артқан нар еді.  
Мешіт салып беріп кеткен аулына,  
Атымтайдай жомарттығы бар еді.

Шынында да, айтыңдаршы, Нұрлан қандай жан  
еді?

Оған қандай мінез-құлық, қасиеттер тән еді?  
Бар білерім – туған-туыс, құда-жекжат, отбасы,  
Достарының, ұжымының, ортасының сәні еді!

Айтшы, халқым, кешегі өткен Нұрлан қандай жан  
еді?

Сахынада, әлі талай, орындалар ән еді!  
Екі ұл менен екі қызға – әке еді қамқоршы,  
Аллаһ қосқан жұбайына – жаны адал жар еді!

Өтті ерте дүниеден – көңіл қимас-еренім,  
Еліне әлі көп еді ғой, бергенінен берері...  
Тағдыр бізге тап осындай сынақ салды тосыннан,  
Мақұлдатып, Құдайға да жақсы адамның керегін!

### ҚАНШАЙЫМНЫҢ 40 ЖАСЫНА (қырық жол жыр-шашу)

*Құдаларым Бейсенбек пен Сымбаттың келіні –  
құдағи-келін Қаншайымның Көкдала жайлауында өткен  
мерейтойын асаба болып басқардым*

Қырыққа кепті Қаншайым,  
Өлеңмен тойды ашайын.  
Шабыт қосты мерейтой,  
Жырдан мен шашу шашайын.

Тілекке тілек қосайын,  
Қуаныштан неге қашайын?  
Жол алыс деп келмесем,  
Болмас та еді-ау онша айып.

Көтеріп құдам шашбауын,  
Тойыңа келдік, Қаншайым.  
Шақыру алсақ Сіздерден,  
Қалайша жолдан шаршайын?

Арқасында Ошманның –  
Бақыттысың, Қаншайым.  
Қосып беріп электр,  
Ұмыт бопты-ау май шамың.

Тағы да тілек айтайын,  
Тойыңда бүгін, Қаншайым.  
Дастарханың мол болсын,  
Таусылмасын қант-шайың!

Құдағи-келін – Қаншайым,  
Сөзімнің жоқ еш жаңсағы.  
Еселеп 40 жасай бер,  
Қалайсың өзін қаншауын!

Қырық жыл тағы, Қаншайым,  
Бірге болып әрдайым,  
Қызығын көр ұрпақтың,  
Ошманмен бірге қартайып.

Өсе берсін мал-жаның,  
Орындалсын арманың.  
Бабыңды тапсын әрқашан  
Олжабек-Ошман – жан жарың.

Туған-туыс жан жағың,  
Қайын жұртың – қорғаның.  
Тілеймін сенің қасыңда  
Олардың аман болғанын.

Қырыққа сенің толғаның,  
Қуантып, өлең арнадым.  
Елуге өзің келгенде,  
Жазармын енді қалғанын.

**ҚҰДАҒИ КҰЛТАН-АПАНЫҢ  
70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА**  
(жеті шумақ арнау)

Басын сипап, шерткізбей,  
Өзіңіз бағып, жеткізген  
Ұл-қызыңыз той қыпты,  
Келді деп Сіз жетпіске!

Көрмеді екі ұл, еріңіз,  
Тарқады енді шеріңіз.  
Қуанышқа жиналды  
Ауыл-аймақ, еліңіз.

Тағдырға жазған көндіңіз,  
Тауқыметін жеңдіңіз.  
Тойлап жатсыз мерейтой,  
Шаршамай ешбір беліңіз.

Жақсылыққа сендіңіз,  
Құда болдық енді біз.  
Аллаһ берген ғұмырдың  
Несібесін теріңіз!

Болсаңыз бізбен өзіңіз,  
Ашық аспан-көгіміз.  
Құдағи Сіздей отырса,  
Толы дәйім төріміз!

Жүз жасқа да келіңіз,  
Шуақ төге беріңіз.  
Немере бар, шөбере,  
Шөпшекті де көріңіз!

Толыпсыз бүгін жетпіске,  
Тілейміз бақыт тек, Сізге.  
Ұрпағыңыз өссін, байысын,  
Жаратқан-ием көпсінбей!

### СЕРІК-ҚҰДАМНЫҢ ҚАЗАСЫНА

Төрт жыл ғана құда болдық – ісі шығар Алланың,  
Ұғындырған баянсызын, бұл фәнидің жалғанын!  
Ауыр қаза – естіген жұрт, туған-туыс артында  
Шарасыздан санын соғып, тістеп қалды бармағын!

Масрура-құдағиым, қимас, сырлас, ардағым,  
Көтерерсіз, сабыр сақтап, Құдай басқа салғанын.  
Қайғы ортақ, ақыл қосып, бөлісуге дайынмын  
Қасіреттің түскен кенет тастай ауыр салмағын.

Қайғы жұтып отырсам да санамызға, келеді ой  
қайдағы,  
Бар ма еді деп құдамыздың мақсат, тілек, арманы –  
Көріп кеткен тірісінде ізін жалғар артында  
Ұл-келіні, қыздары мен немерелер қалғанын?

Мәңгілікке тоқтатпайтын тіршілік өмір көшін,  
Сыйға берген атасының Таймастай «көшірмесін»,  
Білемін мен құдыреті күшті Алланың санамыздан  
Ешқашан Серік-құданың бейнесін өшірмесін!



### МАСРУРА-ҚҰДАҒИДЫҢ 70 ЖАСЫНА

Құдай қосқан ардақтымыз, біздерге – тым асыл  
жан,  
Жетпіс жасқа келіп қапты құдағиым – Масрура!  
Жүрек жарды тілегіміз той үстінде алғашқы –  
Тоқтамаңыз, жүзге жетсін, жасыңыз – бір ғасырға!

Бірге төзіп, бірге татып бұл жалғанның шыжығын,  
Құдамменен бағып-қағып, жеткізді олар қыз-  
ұлын.  
Қимас жары – Серік-құдам, өкінішті, аз-ақ күн  
Немеренің көзін көріп, көре алмады қызығын.

Отырар ед(і) құдам төрде, тым сабырлы,  
жымиып,  
Сол жүзінен қалар едік, біздер біраз сыр ұғып.  
Жатқан жерде жатыр ма екен аунап-түсіп,  
«жарымның  
Туған күнін атап жатыр, – деп – туыстар  
жиылып».

«Әкемізбен тойлайтұғын жылда бірге жұптасып,  
Туған күні еді ғой» – деп, ақылдасып, құптасып.  
Ұл мен келін, қыздарыңыз той жасапты кафеде  
Санамызда сақталардай, есімізден шықпас қып!

Құтты болсын жетпіске кеп, **ЖЕ**Тіп, **П**Скен  
шағыңыз,  
Тілін тауып жастардың Сіз, қыз-келінге жағыңыз.  
Ұзақ жылдар бүгінгідей әдемі боп әрқашан,  
Ауырмаңыз, сырқаманыз, дерт көрмесін жаныңыз!

Толыпсыз бүгін жетпіске,  
Тілейміз бақыт тек, Сізге.  
Ұрпағыңыз өссін, байысын,  
Жаратқан-ием көпсінбей!

Құтты болсын мерейтой, жетпісіңіз,  
Жастарға тие берсін септігіңіз!  
Торқалы тоймен Сізді құттықтаған,  
Құдалар – Болат-Бақыт деп біліңіз!

**26.05.2017 ж.,  
Алматы қаласы**

### ҚҰДАЛАРҒА БАРҒАНДА

Жебеу ғып жастар басы құралғанын,  
Шақырды ауылына құдаларым.  
Жеткізу жастай қалған кейінгіні,  
Үлкендердің алдыңғы, бір арманы.

Апа-ағасы жасы үлкен Зүбайраның,  
Жұмылдырып сүйікті жұбайларын,  
Құшақ жайып қарсы алды, түннен тұрып,  
Туыс қылған рахмет Құдайға мың!

Алыс жолға дейтұғын қиналамын,  
Таңмын жарым шақыру құп алғанын.  
Деп ұқтым Бекзатжанды бағып-қаққан,  
Жан анамның аруағын силағаны.

Тойып ішіп қымызын Үряйланың,  
Жатыр едік дем алып, шырайланып.  
Екі бажа түк қоймай кесіп бітті,  
Ағаштың қурағанын, бүр жарғанын...

Сый-құрметке рахмет, құдаларым,  
Сіздерге әлі талай жыр арнармын.  
Жазсын Құдай бәріміз бір көруге  
Қызығын Бекзат пенен Зүбайраның!

### АТА МЕНЕН ӘЖЕСІЗ – ЖАС ҚҰДАЛАР ЕНДІ СІЗ

*Ұл-қыздары Данияр мен Алуа дүниеге нәресте  
әкеліп, сүйікті іні-келінім Дулат пен Гүлнәр,  
құдаларым Берік пен Дариға ата-әже  
атанғанда жазылды*

Тойдан бері бірге жүрміз, жақсылықтың бәрі есте,  
Мұның өзі туыстықтың бір белгісі емес пе?!  
Екі жақтың дәнекері, махаббаттың жемісі –  
Төбелерің көкке жетіп, келді өмірге нәресте.

Мәртебе өсіп, бұдан былай ата-әже атанып,  
Жас құдалар бір-ақ сәтте қалдыңыздар «қартайып».  
Әжелердің міндеті зор, болады енді орынсыз  
Тізе бүгіп отыру да, жата тұру жантайып.

Бауы берік жас сәбидің, болсын ұзақ ғұмыры,  
Арнауымның ең бірінші, бастамасы – бұл жырым.  
Аман болсақ, немереге талай өлең жазылар,  
Алған сайын әр биікті ол, өмірдің әр тұғырын.

## ДИПЛОМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРУЕРТТІҢ

*Бауырым Дулат пен Гүлнардың құдалары  
Берік пен Дариға қыздары Меруерттің  
С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық  
медициналық университетін тәмамдап, диплом  
алғанын атағанда жазылып, оқылды.*

Босағасын жастардың берік етіп,  
Алуаны алғалы келін етіп,  
Туыстықтың арқасы – жүрміз қалмай,  
Аулыңызға ай сайын келіп-кетіп.

Дипломын алып жатқан Меруерттің  
Ерінбесін, емдесін, елдің дертін.  
Қызмет қылып халқына, орындасын  
Бұлжытпай гиппократтық берген сертін!

Құтты болсын дипломы Меруерттің,  
Жаратқан жолын ашық, жеңіл етсін.  
Білімін толықтырсын, үздік оқып,  
Ғылыми атақтарға қолы жетсін.

Бөленсін елдің құрмет, алғысына,  
Қуансын ата-анасы табысына.  
Куә болып жүрейік салтанатқа,  
Тойында жыр оқылып, шалқысын ән.

Өмірлік серік болар тапсын теңін,  
Ибалы, ізеті мол болсын келін.  
Дертке дауа, іздеген жанға шипа  
Ауруларға қолданған қонсын емі.

## БЕРІК-ҚҰДАНЫҢ ҚУАНЫШЫНА

*Берік-құданың өзінен үлкен бірге туған апасы  
табылып, бас қосқанда жазылды..*

Аққа жақ боп, бақылайтын, бәрін көріп, ұдайы,  
Жарылқады Сіз бен бізді, қолдау беріп Құдайым!  
Қауыштырып бірге туған, танымайтын апасын,  
Бақыт пенен қуанышқа бөлеп Берік-құданы.

Тауып дайын апа менен жиендерді, жездені,  
Түсті ме еске балалығың, балғын жастық кездерің?  
Тәубә, шүкір, арқасында бауырлардың немере,  
Бұған дейін, Берік-құда, еш жалғыздық сезбедің!

Елемей күннің аяз, жауынын, дауылын да,  
Ай сайын той тойлаймыз, үйінде, ауылында.  
Дәл бүгін мен өзімді сезіп тұрмын,  
Отырғандай «Бармысың, бауырымда?!»

Біз де енді көз алмай сол арнадан,  
Үміттеніп, күтерміз болған арман  
Көруге ұрпақтарын әкеміздің,  
Жауды жеңіп, соғыстан оралмаған.

Қызығын ұзағынан сүйіндірсін,  
Мойынын аққу-арман иілдірсін.  
Апаңмен енді 50 жыл бір болыңдар,  
Бізді Құдай тек тойға жиылдырсын!

### ҚҰДАШАМЫЗ МЕРУЕРТТІҢ ҰЗАТЫЛУ ТОЙЫНА

Бой жеткен соң, жақсы көріп өзге үйдің баласын,  
Өмір заңы, Меруертжан – ұзатылып барасың!  
Екеуіңе ұзақ ғұмыр, бақыт тілеп, кеп отыр,  
Тойшы қауым, әкең – Берік, Дариғадай – анашың!

Деп ойлаймын құдалардың бола қоймас таласы,  
Әрқашан да ата-анаңның қызы болып қаласың.  
Тұрмыс құрып, тек бір өзің бақытты емес өмірде,  
Екі ата-ана, жарыңды да бақытты ете аласың!

Той үстінде Ернар менен отырсыңдар жарасып,  
Отбасында жүрмеңіздер бір-біріңмен санасып.  
Көп оқыған екеуің де дәрігерсің, сенемін,  
Болады деп ата-ананың жанашыры, панасы.

Таныстырған, табыстырған екі ауылдың арасын,  
Ата-анаңның көздерінің ағы менен қарасы.  
Бүгінгі айтқан ақылымды тыңдасаң,  
Меруертжан, бақытыңды табасың!

### СЕРІК ДИПЛОМ АЛҒАНДА (Экспромт)

*Бауырларым Дулат пен Гүлнардың құдалары Берік  
пен Дариға ұлдары Серік ҚазҰТУ-дың бакалавриатын  
бітіріп, ағайын-туғандарымен бірге қуаныштарын  
бөлісті....*

Құттықтаймын құдаларым – Дариға мен Берікті,  
ҚазҰТУ-ды бітіріп, диплом алған жалғыз ұлы –  
Серікті.

Төрт жыл оқып, үлкен жұмыс тындырыпты, ал  
енді,

Үйіңізге келін түссін қылықты да, көрікті!

Ұйқас үшін, келін жайлы, оқыс айтып қалдым мен,  
Меруертті құт орнына қондырайық алдымен.  
Ортасында біз жүрейік, жаңа таныс кеп жатса,  
Құда түсіп, қыз айттырып ата-баба салтымен!

Үлкендерден бата алып, жатырсыздар жөн іс қып,  
Серікжанның қолға алғаны, бітсін әр кез жемісті.  
«Ұра берсе, құдай да өлед(і)», тағы айтайын  
қайталап,

Той тойлайық, үйіңізге келін келсін келісті!

### ДАРИҒА-ҚУДАҒИҒА

Жігіттерге қол жетпес, болған арман,  
Дариға-құдағиым, Дариғажан!  
Құдамның маңдайының бағы қалың,  
Өмірден тауып Сіздей жарын алған!

Дариға-құдағиым, Дариғажан!  
Қонақжай, қолы ашық, тарылмаған.  
Біз Сізді жақсы көріп, құрметтейміз,  
Бір көріп, өзіңізді танығаннан!

Дариға-құдағиым, Дариғажан!  
Ақ көңіл, бар ма Сіздей мейірман жан?  
Құрғақ сөз, құр әшейін мақтау емес,  
Жан едім ешкімге де жағынбаған.

Көп көрсе де қиындық мойымаған,  
Дариға-құдағиым, Дариғажан!  
Құдайым ұзақ етіп ғұмыр берсін,  
Өтініш, бар тілегім бір Алладан.

Ары адал туыс-бауыр, жарына да,  
Дариға-құдағиым, Дариғажан!  
Мерейтой, атап жатқан, құтты болсын,  
Көрейік көңліңді тек жадыраған!

### ӨМІРГЕ ҰРПАҚ ӘКЕЛІҢДЕР, ҮРІМ-БҰТАҚ ТАРАТЫП

*Берік-құдамның немересі  
Аяулым бір жасқа толғанда  
ұлы мен келіні Серік пен Назыкенге  
арналып оқылды*

Бұған дейін әр күн түнде қастарыңа алатын,  
Ал біздерге қимасымыз Дариғаны еске салатын,  
Бірге толып ақ-Аяулым, тойда отырмыз, сонда да,  
Мына арнау – жыр емес-ау, өздеріңе «жағатын»!

«Ұлы сөзде ұяттық жоқ», Серік-Назыкен –  
қанатым,  
Айтайыншы, жұрт назарын екеуіңе қаратып,  
Ата салты өзгермейтін, әке-шеше баладан,  
Алғаш көрген немересін иеленіп алатын.

Сондықтан да Аяулым тек – қызы Берік-атаның,  
Еңбектерің жана берсін – жүрерсіңдер бата алып.  
Серік, өзің жекеменшік ұлды, қызды боласың ғой,  
Иншалла,  
Алсаң егер алдыменен қайын атаңды, қанағат қып,  
ата қып!

Серік-Назыкен, ұран – «Алға!», балалар көп  
табатын,  
Ешбір сылтау жоқ сендерге, бұдан қалыс қалатын.  
Дүниеге келіп жатса, ұл менен қыз тағы да,  
Аяулымдай, бірге толған, бақташы бар бағатын!

Серік-Назыкен, келді кезің, туды күнің, сағатың,  
Әкелетін өмірге ұрпақ, үрім-бұтақ таратып.  
Шаршамандар, табиғаттың заңы осы, біліңдер,  
Ғасырларға жалғастырар әке есімін, баба атын!



**АҚҚУ КЕП ҚОНДЫ КӨЛІҢЕ**

Тірі жан қимас өлімге,  
Дариға кетіп өмірден,  
Жүруші-ең, Берік, мұңайып,  
Аққу кеп қонды көліңе!

Құлшылық қылып тәңірге,  
Келгендей қайтып өмірге.  
Құлшынып тірлік жасаңыз,  
Аққу кеп қонды көліңе!

Жүруші-ең жиі көз ілмей,  
Беріліп небір сезімге...  
Ляззатты Алла жіберді,  
Риза боп Сіздің төзімге!

Аққуың қонып көліңе,  
Силады шаттық көңілге.  
Дастархан күнде жайылып,  
Тынықсын туыс төрінде!

Аққу кеп қонды көліңе,  
Ыңғайсыз бұрын көрінер,  
Кімінді жуып жарыңыз,  
Салмайсыз салмақ келінге!

Қуанып жатыр ел іші,  
Ұл-қызың мәз сен үшін,  
Дариғашыңның аруағы  
Жатқандай беріп келісім!

Аққу кеп қонды көліңе,  
Жаңа асқан жасы елуден.  
Нәсіп етсін Жаратқан,  
Жастарың 100-ге келуге!

**26.06.2019, «Диана» мейрамханасы**

**СЕРІКҚАЛИ-АҒАҒА**

*Ертеден араласып келе жатқан, жарым  
Бақыттың жерлесі, сыныптас туысым Әуезханның  
құдай қосқан құдасы, 65-жастық мерей тойы мен екі  
немересінің сүндет тойын бірге атаған Серікқали-  
қайнағам. Әуезхан балаларымен бірігіп, құдасына  
той үстінде жаңа машина сыйға тартты...*

Нұрбибі-жарың жаныңызда, немерелер айналан,  
Құтты болсын мерейтойың, Серікқали-қайнаға.  
Танысқалы осы қалпың, өзгермейсің – жоқ, сірә,  
Бұл өмірде салмақты жан, өзіңіздей жайлы адам.

Үйіңізде бүгін, аға, екі бірдей сүндет той,  
Ұрпақтарын бағып-қағу – атаға зор міндет қой.  
Мұсылман боп бәрімізді қуанышқа бөлеген  
Дінмұхамед, Марсельменен өссін аман, түзеп бой!

Есімдерін тізіп, таңдап, барлық халық, барша елдің,  
Немереңе атын бердің тұңғышымыз Марсельдің.  
Ұзақ жасап немеремен бірге тойың тойлай бер,  
Көпшіл едің, тойшыл едің, жақсылыққа жаршы  
едің!

Ақ тілегі дос-туыстың бүгін тойға жиналған –  
Құтты болсын ақ машинаң Әуезханнан сыйға  
алған.

Нұрбибімен бірге мініп, тоздыр өзің, 100-ге жет,  
Аман болсын немерелер, Мұхамед, Қуаныш-  
Динараң!

12.06.2005

### СЕРІКҚАЛИ-АҒА, НҮРБУБИ-ТӘТЕ!

Құтты болсын жаңа қоныс, үйіңіз,  
Арта берсін, ырыс, жағдай-күйіңіз!  
Немерелер ортасында алаңсыз,  
Қол ұстасып ұзақ ғұмыр сүріңіз!

Үзілмесін бұл үйден қонағыңыз,  
Қосағыңмен жұптасып ағарыңыз!  
Келейік жылда құда, дос пен туыс,  
Құттықтап Сізбен, тәте, ағаны біз.

Үйіңізде ерекше думан бүгін,  
Атап жатсыз Марсельдің туған күнін.  
Ешнәрсеге бергісіз немеренің  
Қуанышы, бейнесі тұрған күліп!

Тойлау үшін жасапсыздар дайындық  
Немеренің туған күнін, жаңа үйді.  
Жазсын Сізге көруді де басқанын  
Марсель орнын Жоғарғы сот төрағасы Мәмидің!\*

\* Бүгінде Қайрат Мәми үлкен абыроймен аткарып жатқан Жоғарғы сот төрағалығы сияқты үлкен қызмет, лауазымды орынға Марсель немереңіз жеткенше Сіздер аман-сау жүрсін деген ақ тілек

Құрметтейтін, сыйлайтын барша еліміз,  
Халықтың ұлы болсын Марселиңіз.  
Ұл мен қыз, немерелер ақтап үміт,  
Аттарыңыз тарихта қалса дейміз!

Дөп келдік Сегізінші науырызға,  
Айтамыз барлық еркек бір ауыздан:  
Құтты болсын мереке Халықаралық,  
Құдағилар, келіндер, құрбы, қыздар!

*Красное поле, 8-наурыз, 2008*

### СЕРІКҚАЛИ-АҒАНЫҢ 70-ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫНА

Іс сапарда жүрсем де тойға шақыру алғасын,  
Күйеу балаң бұл кеште бір кәдеге жарасын.  
(Қанша жақсы күткенмен, алыс жерде қонақтап,  
Мерей тойдан құр қалып, қалай жатып аласың?)

Жетпіс жаспен құттықтап Серікқали-қайын ағасын,  
Жұрт алдында оқысын мадақтау жырын-одасын,  
Осылай ізет көрсетіп, ілтисатын білдірсін,  
Жүрек жарды, ең ыстық тілектерін арнасын.

Анадан жалғыз Бақыттың жоқ еді басқа ағасы,  
Сондықтан маған ең силы, бір өзің, Секе, дарасың.  
Динара шығып Қуанышқа, құдалық жақын,  
дегенмен,  
Мен үшін әр кез тек қана қайнаға болып қаласың.

Аралап келдім батыстың Орал мен Ақсай қаласын,  
Сіздің өткен балалық – Еділ мен Жайық арасын.  
Кіндік кесіп, қан тамған, бабалар тапқан тыныштық,  
Туған жердей ең ыстық, Отанды қайдан табасың?

Сағыныпты туған жер өзіндей сары баласын,  
Серікқали-аға, жол түсіп, ол жаққа қашан барасың?  
Деген оймен әзірге дертіңнің тапсын дауасын,  
Алып келдім сыйлыққа еліңнің балдай ауасын.

Арқасында тәтеміз – Нұрбибідей жар асыл,  
Айтқалиев әулеті келе жатыр жарасып.  
Мұхамедтен – екі ұл, Динарадан – төрт жиен,  
Өсіп жатыр ұрпағың, тереңге тамырың тарасын!

Отбасына жаратқан оң көзімен қарасын!  
Әумин!

### ЕКІ ОТЫЗЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ЖЕҢЕШЕ

*Алматыдағы жалғыз қайнағам Айтқалиев  
Серікқали-ағаның үйіндегі жеңгеміз Бейсенова  
Нұрбүбі-тәтенің мерейтойына алты шумақ  
жыр-шашу...*

Жеңеше, екінші рет отыздасың,  
Қалайша жыр жазылып, оқылмасын,  
Айналаң ұл, қыз, күйеу, немерелер,  
Қасыңда сүйген жарың отырғасын?!

Дүбірлетіп тойлауға екен лайық,  
Отыз жасың кеп қалған екі айналып.  
Әйтпесе, жиналған жұрт тағар еді,  
Ұл, қыз, күйеу, қайнағам – Секеңе айып!

Жеңеше, отыздасың екі дүркін,  
Қыз едіңіз пір тұтқан елін, жұртын.

Әділ сот деп таниды от басқандар,  
Жазаның үйірмеген үрей бұлтын!

Ортамызда абырой, құның басым,  
Тойламаққа келдік біз ұжымдасып,  
Құда-жекжат, ағайын, құрбы-құрдас,  
(Ел едік сұрамаған қыздың жасын).

Өкінбеңіз өмірдің өткеніне,  
«Актерлық арманыма жетпедім» – деп.  
Айналаңыз немере, жатқан жоқ па,  
Гүл шығып көңліңіздің бөктеріне?!

Жеңеше, ұзақ болсын ғұмыр жасың,  
Ала бер әлі талай құздың басын.  
Жанұяңның сүттейін ұйып тұрған  
Ынтымағы, бірлігі бұзылмасын!

3.06.2011,

«Хан Тәңірі» мейрамханасы



### ҚУАНЫШ-АҒАНЫҢ 75 ЖАСЫНА

Балғын жаста көрінген жеткізбестей,  
Желдей желіп жетіпсіз жетпіс беске!  
Мерейтойды бірігіп тойлап отыр  
Бауыр-жекжат, ағайын – туыс дескен!

Құтты болсын, келіпсіз жетпіс беске!  
«Той тойлайық – деп, келдік – кетпес естен!» –  
Қалыс қала алмадық – құда едік,  
Төс қағысып, құйрық пен бауыр жескен!

Құтылыпсыз Сіз аталық аса зор бір міндеттен!  
Немереңіз Ерсұлтанды жігіт етіп, сүндеттеп,  
Үлкен – мақтап өзіңізді, кіші Сізден үлгі алып,  
Ауыл-аймақ, туған-туыс келе жатыр құрметтеп!

Досқа адал, ұл мен қызға, немереге – тірексіз,  
Сертке – берік, жарыңызға – махаббатсыз,  
жүрексіз!

Тойға асығып, құр қалардай, шын ниетпен кеп  
қалдық,  
Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, бақыт, шаттық тілеп  
біз!

Бай болыңыз, өрге қарай домаласын тасыңыз,  
Гүлге толсын құшағыңыз, шөбереге – қасыңыз.  
Құдай қосқан құдағимен ажырамай жұбыңыз,  
Жүзге дейін қартаймаңыз, аман болсын басыңыз!

### ЭКСПРОМТ

*Қуаныш-аға мен Жансая-тәте «алтын» тойларын  
және немерелері Ақылжанның сүндет тойын  
атағанда кеш барысында майлық қағазға  
жазылып, оқылды*

#### **Қуаныш-аға, Жансая-тәте!**

Бақытты едіңіздер Сіздер не еткен,  
(50 жыл артта қапты – өмір-өткел) –  
Ата-енеңіз бұл тойдың куәгері  
Тоқсан бір-тоқсан екі жасқа жеткен!

«Асылам!» – деп, таймаған айтқан серттен,  
Жүректі ер екенсіз елден өткен –  
Соттала жаздапсыз ғой көршілердің  
Қызын ұрлап жетпеген кәмелетке!

Қаладан қашық, қылған соң тауды мекен,  
Тентек жігіт, аман-сау қалдың ба екен?!  
Сізге ұрпақ силаған, ұл менен қыз,  
Жарыңыз жанға сая, бағың ба екен?!

Той жасап, ұл-қызыңыз – алтындарың,  
Бұл кеште – құда, туыс, жақындарың.  
Құтты болсын Сіздердің «алтын той» мен  
Сүндет тойы немерең – Ақылжанның!

## БАУЫРЖАННЫҢ СҮНДЕТ ТОЙЫНА

*Ауылдасым, сыныптас дос әрі аталас бауырым  
Әуесхан мен жұбайы Мейраштың құда-құдағиы  
Қуаныш-аға мен Жансая-тәте немерелері  
Бауыржанның сүндет тойын атағанда жазылды*

Тойламаққа елмен бірге Бауыржанның сүндетін,  
Жіберіпсіз бізге арнап Сіз шақыру билетін.  
Азамат боп қалғанына көңіл толып, көз жетті,  
Көргеннен соң, ұлттық киім киіп түскен суретін.

Құтты болсын атап жатқан Бауыржанның сүндеті,  
Ата салты, жақсы дәстүр – Мұхаметтің үмбеті.  
Ырза еттіңіз, жұртты жиып, Қуаныш-аға, орындап  
Мұсылмандық парыз бенен атаның зор міндетін.

Қабыл болсын айтқан тілек немерең сүндетіне,  
Сақтап жүрсін құдайым тағдырдың індетінен.  
Жансая-тәте мен Сіз сияқты Бауыржан болашақта  
Бөленсін ұрпағы мен халықтың зор құрметіне.



## ЕРСҰЛТАНДЫ ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРҒАНДА

Сағындырып туылған Ерсұлтанның,  
Артынан ұл менен қыз ерсін тағы.  
Немеренің боғына жатсын құлап,  
Қуаныш-аға 100 жасқа келсін-дағы!

Жансая-тәте, қуаныш құтты болсын,  
Денсаулығы сәбидің мықты болсын!  
Сіздерді немереге зарықтырмай,  
Келін біткен жыл сайын жүкті болсын!

Қадырбек-Назгүл, көп күтті ғой, білемін!  
Құдай қолдап, қабыл қылды тілегін!  
Таласпай кемпір-шалдың кенжесіне,  
Алсын тауып меншікті ұлдың біреуін!

Ұрпақ сүйген қызынан, баласынан,  
Құқы жоқ жиендерге таласуға,  
Жастайымнан бірге өскен досым еді,  
Және тілек Әуесхан-нағашыға.

Жиендерге тілекші, жанашыр жан,  
Кейінгінің айналған панасына.  
Құда менен құдағи – Мейраштайын  
Сәбидің анасының анасына.

Қуанамын досым мен құдам үшін,  
Тойлап жатқан немере қуанышын.  
Іргеңіз дәл осындай берік болса,  
Әлі талай ұл мен қыз туары шын!

Көптен күткен қуаныш бәрімізге,  
 Үміт еттік жасымыз, кәріміз де.  
 Жеті жыл таныттыңыз табандылық,  
 Басқа бас, сән қосылды сәнімізге!

Шыдамы жоқ, қаншама наласы бар,  
 Некелерін бұздырған баласына,  
 Қайсыбір құдаларды білеміз біз,  
 Жік түсірген жастардың арасына.

Қызымыздың қай күні бағы ашылар!  
 Деп күдікті жүргенде нағашылар.  
 Қуаныш-аға, сабырлық сақтадыңыз,  
 Тырнамай да, дақ салмай жарасына!

Сабырлылық парапар сан асылға,  
 Жас ұрпақ құйып алсын санасына –  
 Ең бастысы Сіздердің арадағы,  
 Қуанып, сүйсінемін жарасымға!

### АЙСҰЛТАН ҚЫРҚЫНАН ШЫҚҚАНДА

Қуаныш-аға, айтыңызшы, БАҚЫТ – осы емес пе?!  
 Айсұлтандай, дүниеге келді тағы нәресте!  
 Айару бар, Сіздер көрген Қадірбектен немере ғой  
 үшінші,  
 Алғашқысын, Ерсұлтанды, көп күттіңіз – бәрі  
 есте!

Екі жастың серттерінің қандай мықты, бекемін,  
 Көрдік, іштей қуанамын, шүкіршілік етемін!  
 Ажырамай, керіспей еш, ел есіне салды олар,  
 Халық айтқан, «Сабыр түбі – сары алтын!» екенін.

Қабыл болып біздер айтқан тілек, берген баталар,  
 Қадірбек-Назгүл, өсіп жатыр құлыншақтар,  
 баталар!

Шаршаманыз, сыйлаңыздар әлі де он немере,  
 Қуаныш-аға, Жансая-тәте сияқты әже-атаға!

Бұдан артық бақыт бар ма, айтындаршы, жұртым-  
 ау?!

Сәби келіп, немерелер шыға берсін қырқынан!  
 Болашақта бақытты ұл-қыз болып өссін, дені сау,  
 Терін төксін, ерен еңбек етсін талмай ұлтына!

**ЕРКІН МЕН ПЕРИЗАТҚА**

Кезекте пәтерімді көп жыл күткен,  
Жан едім тағат таппай, есі кеткен.  
Еркін-Перизат, жаңа үй құтты болсын,  
Есен-сау отбасыңмен көшіп жеткен!

Салынар зәулім үйлер зор еңбекпен,  
Арқасында аянбай тердің төккен.  
Үй бітті деп естіп ек, туды күні,  
Тәңірдің тойлауға біз нәсіп еткен.

Жоқ кой таудың алыстығы көрінген,  
Көп кешікпей түссін мұнда келіндер.  
Құдалармен төс қағысқан табайық,  
Нұржамалдай анамызды үйіңіздің төрінен!

Құдай қолдап, ұзақ қылсын ғұмырын,  
Жүзге жетсін, босатпасын тұғырын.  
Жастар күліп, жатсын ертең анамыз,  
Шөберенің боғына тайып, жығылып.

Шаршамастан тағы сарай тұрғызғын,  
Көрейік біз тарылғанын бұл үйдің,  
Немерелер – ұл мен қызы көп болсын,  
Мұрагерің Дамир менен Тимурдың!

Жаңа үйде бақытты өмір сүріңіз,  
Әрқашанда жадыраңыз, күліңіз –  
Ұлдары бар, жиендерді көбейтсін,  
Данияр-балаң, Әлиядай қызыңыз.

Ажырамай біріңізден біріңіз,  
Қос аққудай қол ұстасып жүріңіз.  
Беттеріңе әжім түспей ешқашан,  
Қуаныштан жадырасын жүзіңіз.

Тұздыбастау,  
20.11.201

**V БӨЛІМ****ӨЗДЕРІҢМЕН ДОСТАРЫМ...**

*Туган ауыл Тасаралдың тарыдай-ақ тасын да  
Ауыстыра алмаймын мен алтынга ат басындай!  
Дәл осылай қымбат маған құлын-тайдай тебісіп,  
Бірге өскен бала күннен сырлас, мұңдас досым да!*



### ӨЗДЕРІҢМЕН, ДОСТАРЫМ...

Өздеріңмен әрқашанда ортақ арман-мұратым,  
Кетпес естен сол бір күндер сауық-сайран  
құратын.

Жан достарым, жүрсең де алыс, өздеріңсің  
тірегім,  
Жігерім де, әлеуетім, күш-қайратым, қуатым.  
Жан-достарым, сырластарым,  
Бірге өскен құрдастарым.

Өздеріңмен бірге өткіздім той-думанның  
талайын,  
Ақ тілегім – ажырамай, аман-есен болайық.  
Кеткендер бар ортамыздан бақилыққа аттанып,  
Ұмытпайық, сағынышпен оларды еске алайық!  
Болсын ұзақ сапарымыз,  
Сиремесін қатарымыз.

Өздеріңсің, асыл достар, ең бірінші байлығым,  
Сендерменен өтті қанша арайлы таң, айлы түн.  
Келмейді, әттең, қайта айналып балалық шақ,  
жастығым,  
Мәңгі-бақи естен кетпес сәби кезім, бал күнім.  
Жан-достарым, сырластарым,  
Қимас менің құрдастарым.

**26.05.2008,**  
**Тасарал**

### ШОЛПАНҒА

(экспромт)

*Көп жыл бірге жұмыс істеген әріптесім  
Шолпан Әбдіразаққызы Жомартова  
(Талғат Мазақовтың жұбайы) кандидаттық атақ  
алғанда оқылды...*

Таң жұлдызы Талғаттың – Шолпан атты  
Атақ алып ғылыми – кандидаттық,  
Құтықтап келіп тұрмыз шын жүректен,  
Кеудені қуаныш билеп, бойды – шаттық.

Тілегім, тек қызы емес әкеңіз Әбдіразақтың,  
Келіні ғана емес тек атаң Жақып Мазақтың,  
Болсаң деймін ҚазҰУ-ім мен беделді,  
Еліміздің ғалым-қызы – мақтанышы қазақтың!





## ЕЛҚАЙЫРҒА

*Балқаш қаласындағы №3 мектеп-интернатта  
бірге оқыған сыныптасым Елқайыр Сыздықовтың  
50-жылдық мерей тойы үстінде тосыннан  
жазылып, оқылды...*

Туысқан мен достардың жиып басын,  
Той қылыпты Елқайыр-сыныптасым.  
Кластағы бала еді бойы аласа –  
Ішімізде болған соң кіші жасы.

Құтты болсын, Елқайыр, 50 жасың,  
Оздың сен барлығынан сыныптастың.  
Соң туып, елуге енді келсең-дағы  
Еңбегің елге сіңген, ісің басым.

Таба алмаймын үйіңнен – “жұмыстасың”,  
Бәтиза бұдан “бұзық” сыр ұқпасын.  
Қашан да біз сенімен мақтанайық,  
Өрге өрмелеп, биікке шығып тасың.

Ақын емен, жатқан жоқ жырым тасып,  
Шабыт келді, той қылып сыныптасым.  
80-ді де, 100-ді де бір тойлайық,  
Құдайым арамызды суытпасын!!!

**“Достық” интернетелі,  
Алматы, 11.12.2004**

## ӘУЕЗХАН МЕН МЕЙРАШТЫҢ 50 ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫНА

Қатар тудық, құрдаспыз біз, арамызда сегіз күн,  
Бірдей киім киіп өстік, күйін кешіп егіздің.  
Жағасында балық аулап, суда жүзіп жетілдік,  
Балқаш-сынды көгілдір көл, біздер үшін –  
теңіздің.

Бірге оқып, сегіз жылдық бітірдік біз бір мектеп,  
Көп жылдан соң Шелек жақтан тауып едім іздеп  
кеп.

Әуезхан-Мейраш, қосақтасып толыпсындар елуге,  
Әріптестер, құда, туыс жатыр сізді құрметтеп.

Сүйсінеміз өздеріңе, Мейраш пенен Әуезхан,  
Жан ұяңыз тату-тәтті, сүт-қаймақтай жарасқан.  
Қанаттарың астына алып үлкен менен кішіні,  
Білем сізді қиын шақта бауырларға қарасқан.

Білім алып, өссе ұрпағың, асқан бақыт бола ма,  
Ұл-қызыңды оқытам деп көштіңіздер қалаға.  
Мұғалімсіз Талғарда да, кәсібіңіз жалғасты,  
Келесіндер “жалықпастан, үйретуден балаға”.

Жан достарым, ұстаздықпен тапқан орын өмірде,  
Қол ұстасып жеттіңіздер “ердің” жасы – елуге.  
Ұл-қызың мен немеренің қызығына кенеліп,  
Жастарыңды жазсын бірге 100-ге дейін келуге.

**ӘУЕЗХАН МЕН МЕЙРАШҚА**

(қыздары Мәдина Біріңғай ұлттық  
тестілеуден 91 балл алғанда)

Айналыңыз кенжеңіз Мәдинадан,  
Сынаққа тиянақты дайындалған.  
Артқа тастап құрбы мен сыныптасты,  
Нәтижесін асырған 90 баллдан.

Қуандық жеңісіңе, Мәдинажан,  
Құтты болсын аттестат өзің алған.  
Баллдарың жеткілікті, түсіп тұрсың,  
Мамандық таңдасаң да қай саладан.

**ӘУЕСХАННЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ**

(экспромт)

Балалықты бал-дәурен бірге кешкен,  
Әуесхан-дос, келіпсің елу үшке.  
Екі күн өтіп кеткен туған күнге  
Туыстар жиналыпты бүгін кеште.

Сегіз-ақ күн бұрын туған, жан досым,  
Құдаларың аман болсын, сау болсын.  
Құрдаспыз ғой, қатар жасай берейік,  
Жасымызға құдай біздің жас қосып.

Әуесхан, құтты болсын елу үшін,  
Кетпесін бойдан қуат, белден күшің.  
Тік тұрып, тағы алайық шарапты біз  
Жүзге де екеуміз бір келу үшін!

**4.02.2006,  
Талғар қаласы.**

**ӘУЕЗХАННЫҢ 55 ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫНА**

Қатар тудық, құрдаспыз біз, арамызда сегіз күн,  
Бірдей киім киіп өстік, күйін кешіп егіздің.  
Жағасында балық аулап, суда жүзіп жетілдік,  
Балқаш-сынды көгілдір көл, біздер үшін теңіздің.

Бірге оқып, 8-жылдық бітірдік біз бір мектеп,  
Көп жылдан соң Шелек жақтан тауып едім, іздеп  
кеп.  
Содан бері біргеміз біз, елу беске келіппіз,  
Әріптестер, құда, туыс жатыр сені құрметтеп.

Ойлап жүрген ел тағдырын, ұрпақ қамын, ұл  
қамын,  
Қарапайым ұстазсың сен, емессің ел сұлтаны.  
Мен айтпасам, қайдан білсін, қатар жүрген  
әріптес,  
Екенінді қол бастаған Шұбыртпалы ер Ағыбай  
ұрпағы!

Қатар өстік, болып кеттік бірге туған бауырдай –  
Сағынғанда бірге барып, қайтып жүрміз ауылға.  
Ұстаздықпен атың шықты, мүдірісің мектептің,  
Арта берсін бағаң күнде достарыңа, қауымға.

Сүйсінемін Мейраш пенен екеуіңе, Әуезхан,  
Жан ұяңыз тату-тәтті, сүт-қаймақтай жарасқан.  
Қанаттарың астына алып үлкен менен кішіні,  
Маған аян ерлігіңіз, қиын шақта бауырларға  
қарасқан.

Білім алып, өссе ұрпағың, асқан бақыт бола ма,  
 Ұл-қызыңды оқытам деп көштіңіздер қалаға.  
 Қызыл Қайрат ауылында, жалғастырып кәсіпті,  
 Келесің сен “жалықпастан, үйретуден балаға”.

Сегіз-ақ күн бұрын туып, жеткізбей-ақ келесің,  
 Құтты болсын Елу бестей өмірдің нұр белесі.  
 Тәрбиелеп жатырсың сен келешегін елімнің,  
 Көп қой әлі ұрпағына бергеніңнен бересің.

Уа, Әуезхан, ұстаздықпен тапқан орын өмірде,  
 Жасымызды жазсын бірге 100-ге дейін келуге.  
 Ұл-қызың мен немеренің қызығына кенеліп,  
 Әрқашанда шалқып-тасып отыр тойдың төрінде!

Әуезхан-дос, құтты болсын туған күнің, бауырым,  
 Қызығын көр ұл-қыздардың, Мейраш-сынды  
жарыңның.

Пәк тілектер періштенің құлағына шалынып,  
 Жырмен жазған арнауымды қабыл алсын Тәңірім!



## МЕЙРАШТЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ

Мейраш-жеңгем келіпті елу беске,  
 (Өмір-жалған тұрмайды, желдей ескен).  
 Құттықтап келіп отыр туыс-бауыр,  
 Құдалар – құйрық пенен бауыр жескен.

Мейраш-жеңгем, толғанда елу беске,  
 Бәлки, тәтті сәттерің келеді еске:  
 Қыз күнің, жастық шағың, жылдарың мен  
 Әуесханмен ынтымақ ғұмыр кешкен.

Ұлың ұшып ұядан, қыз – қияда, жеңешем,  
 Ортаға алды немере – ұрпағыңыз келешек.  
 Тілім тасқа, жөн болар, әулетінді бүгінгі  
 Тамыр жайған тереңге зор дінгекке теңесем.

Елу беске келдің, Мейраш-жеңешем,  
 Сағынамын мен өзінді апта сайын көрмесем.  
 Жарымды ертіп, құстай ұшып жетемін,  
 Қонақ күтіп жатқан жерге, сен шақырып, кел  
десең.

Ес білгеннен бүгінгі той – елу беске келгенше  
 Жалықпастан, ұстаздық қып, еңбек еттің елге сен.  
 Бар тірлігің дақпырт үшін емес, бірақ, сонда да,  
 Деп тілейміз мандай терің Үкіметпен еленсе.

Кенже қызың Мадинаны кімге ұзатам демесең,  
 Болады, әбден, тыныш ұйқтап, қайғы-уайым  
жемесең.

Бір нәрсеге көңілің алаң, бола қалса әрқашан  
 Жаныңыздан табылуға қайның дайын, жеңешем!

**22.04.2008,**

**Талғар қаласы**

## ӘУЕСХАНҒА

(Дарияның туған күніне)

Елу бесте басталып қариялық,  
Атай алмай туған күн жария ғып,  
Әуесхан бәрімізді шақырыпты,  
Туған күні еді деп Дарияның.

Құттықтап туған күнмен Дарияны,  
Тілек арнап ағымнан жарыламын.  
Мерекеге жиналған қонақтарға,  
Орындап берем талай халық әнін.

Көз-қуаныш, қызығы жанұяның,  
Екені белгілі ғой Дарияның.  
Үйдегі дәл осындай немеремді  
Екі-үш сағат көрмесем сағынамын.

Ұзақ болсын ғұмыры Дарияның,  
Тілейінші ақ тілек тағы да бір.  
Көзің аман, денің сау, өзің жүрші,  
Балаға бір жалынбай, жарыңа бір.

Туған күні еді деп Дарияның,  
Сыйға әкелдік дүниесін Англияның.  
Білеміз Динара мен Қуаныштың  
Берерін керегінің бәрін алып.

Аман болсын баршаға жайы мәлім  
Нағашы ата-әжесі Дарияның.  
Басқа да құда-жекжат маңайыңда,  
Қуана бер, түспесін жаныңа мұң!

Тілерім туған күні Дарияның –  
Кереге кең, шалқысын шаңырағың!  
Жер телімің бар дейді қырат жақта,  
Әуесхан, бір зәулім үй салып алғын!

7.02.2009, Талғар қаласы.

## ЕКІ ТОЙ СЕҢІҢ ҮЙІНДЕ

*Жан жары Мейраш зейнеткерлік демалысқа шығып,  
немересі Қасымхан сүндетке отырғызылғанда  
ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жекжатты жиып  
үлкен той жасаған сыныптас досым Әуесханға ...*

Құтылып екі бірдей міндетіңнен,  
Іс қылдың тұрарлықтай үлгі етуге.  
Елді жиып, той жасап жарың менен  
Кішкентай немереңнің құрметіне!

Қолдап жатса үш қыз бен Қуанышың,  
Тойламай жақсылықты тұрамысың?  
Дастархан жайыпсыңдар құтты қонақ –  
Ағайын, достар менен құдаң үшін.

Келін, күйеу жүгіріп, құрақ ұшып,  
Орындалды бар тілек-сұранысың –  
Динараның, Дәурен мен Қадірбектің  
Өздеріңе бүйрегі бұрады шын.

Арта берсін әрқашан бағаларың,  
Нұрға бөлеп немере, балаларың,  
Жүзге келіп төрінде қызықтасын,  
Нұржамал-апа – аяулы аналарың!

Айналған Мұхамедтің үмбетіне,  
Құтты болсын Қасымхан сүндеті де.  
Хан мінезді азамат болсын ертең,  
Өзгертпейтін шешімін бір бекіген.

35 жыл елге адал еңбек еткен,  
Ұрпаққа білім-тәлім дәнін еккен.  
Мейраштың құтты болсын мерекесі –  
Аман-сау зейнеткерлік күнге жеткен.

Екі той сенің үйіңде, құтты болсын.  
100-ге жет, денсаулығың мықты болсын!  
Қартайғанда бағатын ұл тумалға  
Бүгін түнде жеңешем жүкті болсын!

21.05.2011,

«Хан тәңірі» мейрамханасы  
Талғар қаласы.

### МЕН СЕНІ ҚУЫП КЕЛЕМ, ҚУЫП КЕЛЕМ!

(оянып кетіп, бітпей қалған өлең...)

*Менен сегіз күн бұрын туған ауылдасым,  
сыныптасым, рулас бауырым, құрдасым, әрі жан  
досым – Әуесхан Тұрабаевтың кезекті туған күніне  
арнау*

*Кесте бойынша, сәрсенбі, 31.01.2017ж., кураторлық  
тобыммен «Жүз жыл жасаймын десең – жүгір!» атты  
салауатты өмір салтын ұстану, денсаулықты сақтау,  
ертеңгілік гимнастика жасау туралы тәрбиелік сағат  
өткізген едім. Түн ұйқыға жатарда екі күннен кейін  
болатын Әуесханның туған күні есіме түскен еді.  
Түсімде өлең туды...*

«Мен сені қуып келем, қуып келем!» –  
Деп аталып, түсімде туып өлең,  
Сегіз күн бұрын туған досқа арналған,  
Оятты малмандай ғып, жуып термен.

Қуып келем, мен сені, қуып келем,  
Қалып қоймай, жаныңда жүріп келем.  
Сенсіз фани – мағынасыз, қажет болса,  
Кеудемнен жүрегімді жұлып берем!

Қатар келем, жан досым, қуып келем,  
Салтанат, сауық-сайран құрып келем!  
Әуесхан, өкпелеме, қуа берем,  
Жан шығып, құлағанша, суып денем!

«Осылай, қуып келем, қуып келем!»,  
Тату-тәтті бірге өмір сүріп келем.  
Сенсіз қалғым келмейді бұл жалғанда,  
Жүзге дейін бір барсақ дұрыс дер ем!

Жеткізбейсің, мен сені қуып келем!...

Алматы, 02.02.2017

### ӘУЕСХАН-ДОС, ТУЫЛҒАНСЫҢ СӘЛ БҰРЫН!

*(Аталас, сыныптас досым Әуесхан  
Тұрабаевтың 65 жас мерейтойына арнау)*

Аз ғана уақыт, туылғансың сәл бұрын,  
Қуып келем әрбір таңды таңға ұрып.  
Жеткізбейсің сен алдымда «ышқынып»,  
Артыңдағы мен, бейне, бір жаңғырық!

Тек бір жұма, туылғансың сәл бұрын,  
Төліміз ғой Тасаралдай ауылдың!  
Бала күннен біз «көгілдір» Балқаштың  
Сүйіп өстік асау толқын, дауылын!

Бір-ақ жеті, туылғансың сәл бұрын,  
Бір жайлаудың басып өстік шалғынын.  
Ел аралап барған сайын өзіңмен,  
Түседі еске бала күнім, бал күнім!

Ақпан-айда, туылғансың сәл бұрын,  
 Көрдiк бiрге найзағайдың жарқылын.  
 Сағынамын туған жердiң жасымда  
 Бетiмiздi жуған жылы жаңбырын!

Тек бiр апта, туылғансың сәл бұрын,  
 Аталасым, сыныптасым, бауырым.  
 Сенiң досың маған жолдас, сiзбенен  
 Ортақ бүгiн сыйласатын қауымым!

Әуесхан, сен, туылғансың сәл бұрын,  
 Келе жатсың алпыс бес жыл сән құрып.  
 Мiне, осылай, бiрге жүре берейiк,  
 Сен алдымда, мен артыңда шаң қуып!

Әуесхан-дос, туылғансың сәл бұрын,  
 Сенiменен ұқсас менiң тағдырым.  
 Келемiз бiрге тойлап туған күнiңдi,  
 Таусылмасын саған арнар ән-жырым!

**Талғар қаласы, 3.02.2018**



## ТАПТЫ ТЕҢІН ҚЫЗЫҢЫЗ

*Сыныптасым Әуезханның қызы Жанаттың ұзатылу  
 тойында жазылып, оқылды*

Кәмелетке толып қыздар, тауып жатыр жұптарын,  
 Тойға жиып соның бiрi, iс қылыпты құптарлық.  
 Жарылқасын құдай алдан деп тiлейiк бәрiмiз,  
 Ата-анасы қимастықтан жасамасын iштарлық.

Несi айып ұзатылса, абыроймен, сәнiмен,  
 Қыз – жат жұрттық – деген сөз бар келе жатқан  
 әрiден.

Жас сұлудың салтанатты ұзатылу кешiнде  
 Бiз қуанып, жастар билеп, бата алайық кәрiден.

Ата-ананың ерке қызы айналды ендi келiнге,  
 Балдай батып, судай сiңсiн жаңа барған жерiне.  
 Сағындырып сарғайтпастан ұзатылған қызымыз,  
 Қол ұстасып келiп тұрсын үйге бiрге, ерiмен!

Екi жастың жүзi жарқын, көңiл-күйi жадырап,  
 Отау берiк, кереге кең, биiк болсын шаңырақ,  
 Деп ағымнан жарылып мен көп алдында  
 сұраймын,

О, жасаған, жырмен жазған тiлегiмдi қабыл ал!  
 Әумин!

**2.02.2005,  
 Талғар қаласы.**

### ДӘУРЕН МЕНЕН ЖАНАТ ЖАНҒА МЫҢ АЛҒЫС

*Сыныптасым Әуезханның күйеубаласы Дәурен мен қызы Жанат Балқашқа тойға кеткен біздерді тостырып, туыстарымен бірге соғым басына шақырғанда жазылып, оқылды...*

Дәурен мен Жанат, рахымет, жинаған соғым  
басына,  
Шақыруды құп көріп, Бақытпен келдім асыға.  
Шын көңілдің белгісі – өлеңмен кешті ашайын,  
Ниетті қабыл алыңдар, кеудемнен жыр боп тасыған.

Амандық-саулық тілеймін туыстың кәрі-жасына,  
Зайсанда алыс тұратын, жинаған жақын, қасына.  
Мал-басы түгел, оң болсын жасап жатқан тірлігі,  
Артсын дәулет-байлығы, өрлесін өрге тасы да.

Жолдарын берсін туыстың бойдағы, басы босына  
Дәурен менен Жанаттың – бір-бірін сүйіп,  
қосылған.  
“Ұлы сөзде ұят жоқ” дейді халқым, сондықтан,  
Жас отаулар әкелсін екі-үш қыз бен қос ұлдан.

Бақытты ғұмыр кешіңіз, жас қосылып жасыңа,  
Жиылмасын дастархан, адалдық берсін асыңа.  
Еңбектен бақыт табыңдар, бауырларың қолдасын,  
Дұшпандарың жоқ болсын, айналсын қасың  
досыңа.

Келген сайын үйіңе, кенеліп пейіл қошына,  
Арнармын әлі талай жыр, Бақытты және қосып, ән.  
Күтіп қалды қонақтар, артық айтсам, кешірсін,  
Тілек көп қой, екі жас, риза бол әзір осыған.

2.03.2008

### ДАРИЯНЫҢ ТІЛАШАРЫНА ЖЫР-ШАШУ

*Жақсылықтарынан қалдырмайтын сыныптас туысым Әуесхан мен Мейраш немерелері Дарияның тілашарын атап, тойлағанда жазылып, оқылды.*

Әуесхан мен Мейраштың ізбасары –  
Қуаныш пен Динара – мың жасағыр!  
Басын қосты құда мен туыстардың,  
Той қылып Дарияның тілашарын.

Құтты болсын Дарияның тілашары,  
(Сіздерге бір құпия сыр ашайын).  
Білетін нағашы ата-әжесі күтіп отыр,  
Күйеулері шашу қып жыр шашарын.

Құтты болсын Дарияның тілашары,  
Салтанат, қуаныштан кім қашады?  
Ат-тұяғы қалмастан жиналыпты  
Бір туған, балалары бір атаның.

Көтермесе көңілді кір басады,  
Себеп болып Дарияның тілашары.  
Көптен бері көрмеген ағайынмен  
Әзілдесіп, қалдық-ау бір жасарып.

Құтты болсын Дарияның тілашары,  
Берейін ел алдында жыр-батамды.  
Мектепте үздік оқып, ертеңгі күн  
Қуантсын бүкіл қазақ қызы атанып!

17.08.2008,

Алматы шаһары,  
“Астана” мейрамханасы.

## НҰРҒАЛЫМНЫҢ ТІЛАШАР ТОЙЫНА

*Сыныптасым, аталас бауырым Әуесханның жиен-немересі Нұрғалымның тілашар тойына арналды...*

Тілашар той қылыпсыз Нұрғалымға,  
Құқым жоқ менің келмей, құр қалуға.  
Тартқанын маған сендер қаладыңдар,  
Үміт артып өздерің туған ұлға.

Үздік оқып, бәрін ап көктегінің,  
Мақтанына айналсын мектебінің.  
Қуә болсын осы жұрт Нұрғалымның  
Әнге салып, домбыра шерткенінің.

Артынан ерсін енді ұл менен қыз,  
Шілдехана тойлайық Сіз бенен біз.  
Үйде отырып сәбимен, сабақ қарау  
Ыңғайлысын қалайша білмегенсіз?!

Қалжың ғой, ұялмаңыз, басымда бар,  
Алдым ұл мен келіннен тосын хабар.  
Анасын жібер депті, немеренің  
Мезгілінде етуге асын даяр.

Жалғыз қалып бір айға тұрағымда,  
Оралға аттандырам жұбайымды.  
Дәуренжан, сен де ертең алдырарсың,  
Зайсаннан құда менен құдағиды.

Жан пида немере үшін мына біздің,  
Ұрпағын жеткіземіз ұл мен қыздың.  
Тілашар тойларымыз бола берсін,  
Басында әрбір жылғы алтын күздің!

Алматы қ.,  
«Esperanza» мейрамханасы,  
22.08.2012.

## АЛПЫС ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АТТАСЫМ

*Осы бір алты шумақ жыр-шашу өзіммен  
аттас замандас құдам,  
Болат Жанимановтың асқаралы 60 жасқа  
толған мерейтойында жазылып, оқылды...*

Асқаралы алпыс жасқа келіпсің, Болат-аттасым,  
Денсаулығың берік болсын, әйтпесе, біздің атқа  
сын!

Сүйегің асыл, бақытты, ұзақ кеше бер ғұмыр,  
тілегім,  
Қолдасын сені, Жаратқан ием, жалықпай, әр кез  
жақтасын.

Мерейлі жасың құтты болсын, замандас, Болат-  
аттасым,  
Өмірде тура, жаңылмай жолдан, келесің ылғи тап  
басып.  
Бір көре салып, өлердей сүйіп, Гүлсімдей асыл  
жар құшқан,  
Бес елі, білем, маңдайың, Болат, басыңда сенің бақ  
басым.

Құтты болсын Алпыс жасың, Болат-құдам,  
аттасым,  
Жүзге жет, Алла, көз-тілден, пәле, апаттан сені  
сақтасын!  
Бізбенен бірге қызықта жарық дүниені мынау,  
асықпа,  
Қыздарың әсем ашқан екен деп, өзіңе жұмақ  
қақпасын!





## ШАЛТАБАЙҒА

*Мен дүниеге келген Тасарал ауылындағы біз оқыған сегізжылдық мектепті 50 жылдан аса басқарып, 80-нен асып дүниеден өткен қарт жездем Боқай Найманбаев пен рулас апам Манардың ұлы, сыныптасым, жиен-досым – Шалтабай Боқайұлы зейнеткерлікке шығып, немерелерінің бірінің сүндетке отырғанын, екіншісінің мектеп аттаған тілашарын бірге тойлағанда жазылып, оқылды*

Алпыс үште, пайғамбар жасындасың,  
Есен-сау, бауырлардың қасындасың.  
Ұл-қыздарың, немере, келін, күйеу,  
Майра-жарың жаныңда – бағың басым!

Алпыс үште, пайғамбар жасындасың,  
Құдалармен төрде – үстел басындасың.  
Бір туғандай боп кеттің оларменен,  
Тағдыр жазып, балалар қосылғасын.

Алпыс үште, пайғамбар жасындасың,  
Той қылыпсың, достардың қосып басын.  
Алматы алыс қой деп келмей қалсам,  
Бірге оқыған, нағашы басыма сын!

Шабытым менің қалай тасымасын?  
Шалтабай-дос, пайғамбар жасындасың!  
Көз қуантып, алдында жүгіріп жүр,  
Немерелер – жауһарың, асыл тасың!

Атаға мұсылмандық міндет қой бір –  
Құтты болсын Арнұрдың сүндет тойы,  
Мектепті енді аттаған Мадинаң да,  
Ақылды қыз боп өссін, түзеп бойын!

Алпыс үште, пайғамбар жасындасың,  
Ғұмырың ата-анаңа жақындасын.  
Жүзге дейін аман-сау жүре бергін,  
Тасаралдың құмы мен басып тасын!

Артта қалып жылдарың еңбектенген,  
Бір-ақ кеште айналдың зейнеткерге.  
Тұғырдан тайған жоқсың, кешсең деймін  
Ендігі ғұмырыңды бейнет көрмей!

**17.12.2016, Балқаш,  
«Бақыт» тойханасы**



### ҚАЛДЫГҮЛГЕ

Құтты болсын мерейтойың, туған күнің Қалдыгүл,  
Ұлың менен дайындаған, өзің ұзақ қам қылып.  
Шәуілдірден бауырларың ұсынды ма қол ұшын,  
Ақтардың ба ақ мамаңның тойға арнаған  
сандығын?

Тойға үлкен көрініп тұр дайындығың, Қалдыгүл,  
Қалалыққа белгілі ғой, шай-дастархан жабдығы.  
Жақсы егер түзесеңіз, жағдайыңды дұрыстап,  
Ауылдағы ағайыннан қазы-қарта алдырып.

Жиып бүгін туыс пенен достарының барлығын,  
Мерейтойын тойлап жатыр Қабылбекқызы  
Қалдыгүл.

Жасын оның сұрамаймын, кеткені анық бірақ та,  
Он сегіз бен жиырма бесті қымай артта қалдырып.

Сол он сегіз, жиырма бес пен болсын жырға  
тақырып,  
Куә болған достарың біз – алған тойға шақырып.  
Тілек айтып асыл достар, еске алды тербеліп,  
Жастық шағың жадымызда қайта оралды  
жаңғырып.

Катя едің біз білгенде, сыйысың сен тағдырдың,  
Мұхаң жоқ-ты, таныстырған Күлзипадай жан-  
кұрбың.  
Ерболдайын болған менен ұлың сенің, қыздайсың,  
Белгісі жоқ бірге өткен ұзақ күндер, сан жылдың.

Еске алдым сол жылдарды, жүрген өзің сән  
кұрып,  
Күміс күлкі, орынды әзіл – бір өзіңе тән қылық.  
Сол кез қымбат – ашылмаған он екінде бір гүлің,  
Өтеген-аға айтатұғын “Әдемі қыз” – ән қылып.

Мінезіңнің туралығын, ісіңнің дөп-дәлдігін,  
Тағы да бір дәлелдедің бәрімізге, Қалдыгүл.  
Жексенбіде жиып бізді, басқа күнге жылжытпай,  
Кеше емес, ертең емес, туған күнің – дәл бүгін.

Көп жыл өтті содан бері, ата болдық алдымыз,  
Өзгермеген тек сіз ғана, бәз-баяғы қалпыңыз.  
Ұзақ жасап ортамызда, қала берші жас болып,  
“Әдемі қыз”, қылықты қыз, сүйікті қыз, қалды  
қыз!

29.05.2005



**МҮШЕЛДЕН, БҮРКІТ, ШЫҒЫПСЫҢ...**

*Танысқаннан тіл табысқан, қатынасы  
тым ыстық –*

Бүркіт-досым, сен де бүгін мүшел жастан  
шығыпсың.  
Той қылыпсың, ұлан-асыр, қосып бүгін бастарын  
Достар менен ағайынның, туғандар мен туыстың!

Күлкің әсем, жарың – Шолпан көркем әрі қылықты –  
Бүркіт-досым, құтты болсын, мүшел жастан  
шығыпсың.  
Келгеніңше осы жасқа ерінбедің ешқашан,  
Адал еңбек жасадың сен, елің үшін тырыстың!

Шолпан менен бірақ сендер, жасырмаймын,  
жүрсіндер,  
Қайыра алмай басын үлкен бір істің –  
Жүрекжарды ақ тілегім, қонып қызың қияға,  
Алтын бесік ұяңыздан екі бірдей ұл ұшсын!

Құтты болсын, Бүркіт-досым, шығып жатсың  
мүшелден,  
Сендер үшін ақтай алам, шұбат-қымыз ішем мен.  
Болашақта түсер келін ұрпағыңды көбейтсін,  
Туып кілең егіздерден, төртем менен үшемнен.

Бүрке-достым, бесінші рет мүшел жастан шығыпсың,  
Қуаныштан, шабыттанып, жүрегімнен жыр ұшты.  
Ақ тілегім той үстінде – ұзақ жаса, бола біл  
Мақтанышы – ағайын-дос, бүкіл қазақ, Шығыстың!

23.08.2015

**ҚОЛТАҢБАҢДЫ АЛА  
АЛМАЙ ЖҮРМІН ӘЛІ...**

*Факультетімізде көп жылдар бойы қазақ тілінен  
дәріс беріп, студенттердің сынақ кітапшасына  
МҰНАР (әдеби лақап аты) деп қол қойып жүрген  
филология ғылымдарының кандидаты, ақын Серік  
Нұрахметовке наз*

Көп болды мен қиылып сұрағалы,  
Қолтаңбаң(ыз)ды ала алмай жүрмін әлі.  
Мойындамай жүрсіз бе, әлде мені –  
Жоқ еді деп алмасар жыр жинағы.

Жүрегімді тербеткен, жыр тұтатып,  
Классиктер болмаса, пір тұтатын,  
Таныс ақын жоқ менде сізден басқа,  
Қолын алып, оқыған жыр кітабын.

Жаза алмаймын өлеңді бұрқыратып,  
(Болу арман, сізге ұқсап, сыршыл ақын).  
Тілші емен, мен – “құрғақ” математик,  
Сиқыры бар жүректе жыр тұнатын.

Жаңғыртар ем тағы да әкем атын,  
Ақыл қосса Сіз сынды ғалым-ақын.  
Арқаңызда “қиыннан қиысар ед(і)”  
Өлеңдерім – болашақ жазылатын.

Қызмет ету халқыма – бар мұратым,  
Азаматтық, әлі де, шығар атым.  
Шәйір деп те ел таныр, қолдаса егер,  
Қабдоловтан\* бата алған МҰНАР-ақын!

21.12.2002

*\*С.Нұрахметовтың тұңғыш өлең кітабына ғұлама-ғалым, сөз өнерінің  
білгірі, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов алғысөз жазып, батасын  
берген...*



## СЕРІКЗАТҚА НАЗ

Аямастан бойдағы барымызды,  
Жарылып жігіт біткен ағымыздан,  
Концертті біз екеуміз жүргізіп ек  
Арналған 8-ші наурызға.

Сөз ертер деп ойлап па ем соңымыздан,  
Өнерім, мен санаған бағымызға.  
Бастықтардан сен маған ренжіп қайттың,  
Ортақтастың дегендей нанымызға.

Таласпаймын лауазым-тағыңызға,  
Тұрған жоқпын ешқашан жолыңызда.  
Шыңдалар деп жүруші ем сөз өрнегім  
Серік пенен өзіңнің жаныңызда.

Дұрыс қара бұл өлең-назымызға,  
(Айқайлаймын, батқан соң жанымызға.) –  
Бір атым насыбайға өкпелейтін,  
Қасиет қой бір біткен қанымызға.

Мейрам көп сен басқарар алдымызда,  
Арналмақ келер концерт Наурызға.  
Арман менен екеуің жүргізіндер,  
Бірлесіп сценарий жазыңыз да!

Құмалақтай бір қарын майды бұзған,  
Не тындырсам, шықпадым ойыңыздан.  
Ахметова Ляйлямен кінәлісіз,  
Кетсе егер өнерге қаным мұздап!

12.03.2001.

## МАЗМҰНЫ

## I БӨЛІМ

<b>ТУҒАН ЖЕРІМ – САҒЫНЫШЫМ</b> .....	<b>3</b>
ТУҒАН ЖЕРІМ – САҒЫНЫШЫМ .....	4
САҒЫНДЫМ, ТАСАРАЛЫМ .....	5
ҮЛКЕНДЕРДІҢ АУЫЛДАҒЫ СІРЕМЕСІН ҚАТАРЫ.....	9
ТУҒАН АУЫЛ ТАҢБАСЫ – АСАУ АТТЫҢ ТАҒАСЫ.....	10
АУЫЛДАҒЫ ҮЙ.....	11
ӘКЕМДІ ЕСКЕ АЛУ .....	12
АНАМДЫ ЕСКЕ АЛУ .....	14
ОН ЖЫЛ МЕН ШЫН ЖЕТІММІН.....	15
ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕЙТОЙ – СЕКСЕНІҢІЗ!.....	16
ЭКСПРОМТ .....	18
ЖЕЗДЕМ БЕДЕЛХАН .....	19
МЕДЕУЛОВТЫҢ 60 ЖАСЫНА .....	19
НАҒАШЫМА.....	21
ЖАСАСЫН, БӘРІ, ЖАСАСЫН!.....	22
БАҚЫТТЫ ЕТ КЕЛГЕН ЖЕРІҢДІ .....	25
НАУРЫЗБАЙ, СЕН БОП ҚАЛАСЫҢ .....	27
ЖҰБАТУ .....	29

## II БӨЛІМ

<b>БАУЫРЛАРЫМ</b> .....	<b>31</b>
ЖАМАНДАМА СЕН МАҒАН ТУҒАНЫМДЫ.....	32
ҚУАНДЫҚ-АҒАТАЙҒА ҚОНАҚҚА БАРҒАНДА .....	35
ҚУАНДЫҚ-АҒАТАЙҒА .....	37
АРСЕНГЕ ТІЛЕК .....	38
ЕКІ ДҮРКІН ОТЫЗ БЕСТЕ ЖЕҢГЕМІЗ.....	39
ӘДЕМІ ҚАРТАЮДЫҢ ЖАРҚЫН .....	41
БІР МЫСАЛЫНДАЙ.....	41
МҰРАТТЫҢ 60 ЖАСЫНА .....	43
ДАНИЯЛДЫҢ ТІЛАШАРЫНА .....	45
КҮМІСКҮЛГЕ .....	47
ЖҰМАТҚА .....	48
ЖҰМАТ 50-ГЕ ТОЛҒАНДА .....	50
АЛПЫС ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ .....	51
БОЛСЫН, БАУЫРЫМ! .....	51
ГҮЛЗАДАҒА .....	53
АЛТЫНСЫҢ ЖЕРДЕН ТАБЫЛҒАН .....	55
БИБІГҮЛГЕ .....	57
ДАУЛЕТ ПЕН БИБІГҮЛГЕ.....	59
ІНІМ ДҮЛАТҚА .....	61

ГҮЛНАРҒА .....	62
ГҮЛНАР ДА КЕЛДІ ЕЛУГЕ .....	63
ДАНИЯРҒА .....	64
ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫНДАҒЫ БАТА .....	65
ДАНИЯР МЕН АЛУАҒА .....	66
30 ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ДАНИЯР! .....	67
ӘБІЛМӘНСҮРДІҢ ҮШ ЖАСЫНА .....	68
АЙДАРҒА .....	69
АЙДАР МЕНЕН ЖАННАҒА .....	70
АЙДАРҒА .....	71
МҮШЕЛДЕН, АЙНҰР, ШЫҒЫПСЫҢ .....	72
ҰШАТЫН КЕЗІҢ КЕПТІ, ҚАРЛЫҒАШЫМ! .....	73
МЕРУЕРТ ҚЫРЫҚҚА ТОЛҒАНДА .....	74
САБЫРЖАНДЫ ЕСКЕ АЛУ .....	76
ЖАҚСЫ ЖАР – БАҒЫ ЖІГІТТІҢ .....	78
ҚУАНЫШ ПЕН АЛМАҒА .....	80

### III БӨЛІМ

<b>БАР БАЙЛЫҒЫМ.....</b>	<b>81</b>
ӨЗІМ ЖАЙЛЫ СЫР .....	82
КЕЛДІ ЖАСЫМ ЕЛУ БЕСКЕ .....	83
ТӨРЛЕТ, ҚӘНЕ, АСҚАРАЛЫ АЛПЫСЫМ! .....	84
АЛПЫС ҮШТЕ, ПАЙҒАМБАР .....	85
ЖАСЫНДАМЫН.....	85
65 ЖАС (ТАҒЫ ДА ӨЗІМ ЖАЙЛЫ) .....	86
ӘНГЕ ОДА .....	88
30 ЖЫЛ ӨЗІҢМЕНЕН .....	90
БАҚЫТТЫМЫН .....	90
БАҚЫТҚА .....	91
КӨЗДЕН ТАСА БОЛҒАНЫҢДА БІР АПТА .....	93
ЖҮРЕГІМ ӘЛІ ЖАС МЕНІҢ .....	94
ЖАҚСЫ ЖАР – ОЛ ДА СЫЙЫ ЖАРАТҚАННЫҢ .....	95
САҒЫНЫШТАН САРҒАЙЫП, ЖАЗДЫМ ӨЛЕҢ .....	96
ОТЫЗ БЕС ЖЫЛ МЕН СЕНІ ТАНЫҒАЛЫ .....	97
ҒАШЫҚ БОЛМАУ МҮМКІН ЕМЕС ӨЗІҢЕ .....	98
ЖАН ЖАРЫМ БАҚЫТҚА .....	99
БАҚЫТ ЛОНДОНҒА .....	100
ҰШҚАЛЫ ТҮРҒАНДА .....	100
БОТАҚАНЫМ .....	101
МАРСЕЛЬ 20-ҒА ТОЛҒАНДА .....	102
МАРСЕЛЬ ОТЫЗҒА ТОЛҒАНДА .....	104
ЛИЛИЯҒА .....	107
ӘЛШЕРДІҢ ТУҒАН КҮНІНЕ .....	108

ӘЛШЕР МЕН ӘЛИЯНЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНЫҢ	
БІР ЖЫЛДЫҒЫНА .....	109
ӘЛШЕРГЕ .....	110
ОТАУ ШЫҒЫП БАРАДЫ БАЛАЛАРЫМ .....	111
ҮЙЛЕНІП ЖАТЫР ҰЛДАРЫМ .....	113
АНАРДЫ АЙТТЫРА БАРҒАНДА .....	114
ӘНУАР 25-КЕ ТОЛҒАНДА .....	115
ТУҒАН КҮНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, .....	116
АНАРЖАН! .....	116
ӘНЕЛДІҢ ТУҒАН КҮНІНЕ .....	117
ӘНЕЛ АМЕРИКАҒА ОҚУҒА АТТАНАРДА .....	118
БІР ТАЛ ҚЫЗЫМ ӘНЕЛГЕ .....	119
ӘНЕЛТАЙЫМ – АҚ ҚЫЗЫМ, АЛТЫН БАСЫМ .....	120
ӘНЕЛТАЙЫМ-АЛТЫНЫМ .....	121
ӘНЕЛТАЙ, ТУҒАН КҮНІҢМЕН .....	123
ӘНЕЛ-ҚЫЗЫМ АМЕРИКАДАН «БОЛАШАҚ»	
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛЫП, ЕЛГЕ	
ОРАЛҒАНДА .....	124
ӘНЕЛДІҢ ҰЗАТЫЛУ ТОЙЫНА .....	125
ТӨЛЕГЕН МЕН ӘНЕЛДІҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНДАҒЫ СӨЗ .....	126
АТА БОЛДЫМ, МІНЕКИ .....	127
СҰЛТАНҒА .....	128
НЕМЕРЕМ ӘЛИГЕ .....	129
АЙНАЛДЫМ, НЕМЕРЕМНЕН .....	130
НЕМЕРЕМ ДАНА ТУҒАНДА .....	131
ДАНА АНГЛИЯДАН КЕЛГЕН КҮН .....	132
ДАНА БІРГЕ ТОЛҒАНДА .....	133
НЕМЕРЕМНІҢ ТӨРТІНШІСІ – АЙБАРЫМ .....	134
НЕМЕРЕМ АЙБАРДЫҢ БІР ЖАСҚА ТОЛҒАН ТОЙЫНА .....	135
ТАҒЫ ДА БІР СӘБИ КЕЛДІ ӨМІРГЕ .....	137
ТОҒЫЗ ЖАСҚА КЕЛІП ҚАПСЫҢ, АЙБАРЫМ .....	138
ЖИЕН-НЕМЕРЕМ АНИСА БІРГЕ ТОЛҒАНДА .....	140
АНИСАНЫҢ ЕКІ ЖАСЫНА .....	141
ЖИЕН-НЕМЕРЕМ .....	142
ТАЙМАСТЫҢ БІР ЖАСЫНА .....	142
АМИНА ҚЫРҚЫНАН ШЫҚҚАНДА .....	144

### IV БӨЛІМ

<b>ҚҰДАҢ БОЛСЫН – ҚҰРДАСЫҢ .....</b>	<b>145</b>
МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚҰДАЛАРҒА .....	146
ҚҰДАҢ БОЛСЫН – ҚҰРДАСЫҢ .....	147
САЯЖАЙДА .....	148
ТЕМІРТАС-ҚҰДА МЕН .....	149

БАЯН-ҚҰДАҒИДЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ.....	149
НҰРЛЫБАЙ-ҚҰДАНЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ .....	150
ТУҒАН КҮНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АҚҚАНЫМ! .....	151
АСҚАР-ҚҰДАҒА.....	152
БЕЙСЕНБЕК-ҚҰДА МЕН СЫМБАТ-ҚҰДАҒИҒА .....	153
ҚЫРЫҚ БЕСТЕ БЕЙСЕНБЕК-ҚҰДАМ МЕНІҢ.....	154
СЫМБАТҚА .....	155
КЕЛПТІ ҚЫРЫҚ АЛТЫҒА.....	156
СЫМБАТТЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ .....	157
СЫМБАТЖАНҒА .....	158
ҰЛБОЛҒАН-АПАНЫҢ 70-ЖЫЛДЫҚ ТОРҚАЛЫ ТОЙЫНА АРНАУ .....	159
ҰЛБОЛҒАН-АПАНЫҢ РУХЫНА.....	161
АЙТЫҢДАРШЫ, НҰРЛАН ҚАНДАЙ ЖАН ЕДІ?.....	162
ҚАНШАЙЫМНЫҢ 40 ЖАСЫНА .....	163
ҚҰДАҒИ КҰЛТАН-АПАНЫҢ 70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА.....	165
СЕРІК-ҚҰДАМНЫҢ ҚАЗАСЫНА.....	166
МАСРУРА-ҚҰДАҒИДЫҢ 70 ЖАСЫНА .....	167
ҚҰДАЛАРҒА БАРҒАНДА .....	168
АТА МЕНЕН ӘЖЕСІЗ –.....	169
ЖАС ҚҰДАЛАР ЕНДІ СІЗ .....	169
ДИПЛОМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРУЕРТТІҢ.....	170
БЕРІК-ҚҰДАНЫҢ ҚУАНЫШЫНА.....	171
ҚҰДАШАМЫЗ МЕРУЕРТТІҢ ҰЗАТЫЛУ ТОЙЫНА .....	172
СЕРІК ДИПЛОМ АЛҒАНДА .....	173
ДАРИҒА-ҚҰДАҒИҒА.....	174
ӨМІРГЕ ҰРПАҚ ӘКЕЛІҢДЕР, .....	175
ҮРІМ-БҰТАҚ ТАРАТЫП .....	175
АҚКУ КЕП ҚОНДЫ КӨЛІҢЕ.....	176
СЕРІКҚАЛИ-АҒАҒА .....	177
СЕРІКҚАЛИ-АҒА, НҰРБУБИ-ТӘТЕ!.....	178
СЕРІКҚАЛИ-АҒАНЫҢ 70-ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫНА.....	179
ЕКІ ОТЫЗЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ЖЕҢЕШЕ .....	180
ҚУАНЫШ-АҒАНЫҢ 75 ЖАСЫНА.....	182
ЭКСПРОМТ.....	183
БАУЫРЖАННЫҢ СҮНДЕТ ТОЙЫНА .....	184
ЕРСҰЛТАНДЫ ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРҒАНДА .....	185
АЙСҰЛТАН ҚЫРҚЫНАН ШЫҚҚАНДА .....	187
ЕРКІН МЕН ПЕРИЗАТҚА .....	188

<b>V БӨЛІМ.....</b>	<b>189</b>
<b>ӨЗДЕРІҢМЕН ДОСТАРЫМ... .....</b>	<b>189</b>
ӨЗДЕРІҢМЕН, ДОСТАРЫМ.....	190
ШОЛПАНҒА .....	191
ЕЛҚАЙЫРҒА .....	192
ӘУЕЗХАН МЕН МЕЙРАШТЫҢ 50 ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫНА ..	193
ӘУЕЗХАН МЕН МЕЙРАШҚА.....	194
ӘУЕСХАННЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ .....	194
ӘУЕСХАНҒА.....	198
ЕКІ ТОЙ СЕНІҢ ҮЙІҢДЕ.....	199
МЕН СЕНІ ҚУЫП КЕЛЕМ, ҚУЫП КЕЛЕМ!.....	200
ӘУЕСХАН-ДОС, ТУЫЛҒАНСЫҢ .....	201
СӘЛ БҰРЫН! .....	201
ТАПТЫ ТЕҢІН ҚЫЗЫҢЫЗ.....	203
ДӘУРЕН МЕНЕН ЖАНАТ ЖАНҒА МЫҢ АЛҒЫС .....	204
ДАРИЯНЫҢ ТІЛАШАРЫНА ЖЫР-ШАШУ.....	205
НҰРҒАЛЫМНЫҢ ТІЛАШАР ТОЙЫНА .....	206
АЛПЫС ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АТТАСЫМ .....	207
ТЛЕГЕННІҢ 60 ЖАСЫНА.....	209
ШАЛТАБАЙҒА.....	210
ҚАЛДЫГҮЛГЕ .....	212
МҮШЕЛДЕН, БҮРКІТ, ШЫҒЫПСЫҢ... .....	214
ҚОЛТАҢБАҢДЫ АЛА .....	215
АЛМАЙ ЖҮРМІН ӘЛІ .....	215
ТӨЛЕУХАНҒА .....	216
СЕРІКЗАТҚА НАЗ.....	218



**Болат Әбенев**

**Тасаралым - тағдырым**

Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер  
орталығында беттелді

Редакторы  
Тех. редакторы

Жолдас САРМАНОВ  
Құралай РЫСҚАЛИЕВА  
Салтанат ОТАРБАЕВА

---

Басуға 16.04.2019 қол қойылды.  
Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қаріп түрі  
“Таймс New Roman”. Көлемі 14 баспа табақ.  
Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 034

---